

А.И. ИЛЬЯНКОВ, В.Ю. НОВИКОВ

МАШИНА ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ПРАКТИКУМ ЖӘНЕ КУРСТЫҚ ЖОБАЛАУ

«Машина жасау технологиясы», ОП.08 «Машина жасау технологиясы» мамандығы бойынша орта кәсіптік білім бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінде оқу процесіне пайдалану үшін «Білім беруді дамытудың федералды институты» Федералды мемлекеттік автономды мекемесімен ұсынылған

Рецензиясын тіркеу нөмірі 419 12 желтоқсан 2011ж. «ББДФИ»

4-ші басылым, стереотипті

ACADEMA

Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2015

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпкер» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей

Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды. Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Рецензиялаушы —
«Мәскеу технологиялық колледжі» ОКБ МБМ жоғары санатты оқытушысы
Л. Л. Довгань

Ильянков А.И.

Машина жасау технологиясы: Практикум және курстық жобалау: орта кәсіптік білім мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы/А. И. Ильянков, В. Ю. Новиков. — 4-ші басылым, стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2015.— 432 б

Б49

ISBN 978-601-333-280-2 (каз.)

ISBN 978-5-4468-2449-6 (рус.)

Оқу құралы «Машина жасау технологиясы», «Машина жасау технологиясы» мамандығы үшін Орта кәсіптік білім берудің федералды мемлекеттік стандартына сәйкес жасалған.

«Машина жасау технологиясы» оқу пәнінің барлық негізгі тараулары бойынша практикалық жаттығулардың шешімі келтірілген. Практикалық жұмыстарға тапсырманың бір нұсқасының шығарылуын көрсету мысалымен, оларды орындаудың әдісін сипаттай отырып, жеке тапсырмалардың нұсқалары берілген. Қосымшаларында практикалық жұмыстарды орындауға қажетті нормативтік-анықтамалық материалдар қоса берілген.

Аталған оқу құралына «Машина жасау технологиясы» электрондық білім беру ресурсы шығарылған.

Орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӨОЖ621 (075.3)
КБЖ 34.4я723

ISBN 978-601-333-280-2 (каз.)
ISBN 978-5-4468-2449-6 (рус.)

© Ильянков А.И., Новиков В.Ю., 2012
© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2012
© Рәсімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2012

Аталған оқу құралы «Машина жасау технологиясы» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік кешеннің бөлімі болып табылады. Оқу құралы «Машина жасау технологиясы» жалпы кәсіптік пәнді оқуға арналған.

Жаңа буынды оқу-әдістемелік кешендерге, жалпы білім беретін және жалпы кәсіптік білім беру пәндерін және кәсіби модульдерді оқуға мүмкіндік беретін, дәстүрлі және инновациялық оқу материалдары кіреді. Әрбір кешенге жалпы және кәсіптік құзіреттілікті игеруге, оның ішінде жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып, оқулықтар, оқу құралдары, оқыту және бақылау құралдары кіреді.

Оқу баспасына электрондық оқу ресурстарымен толықтырылады. Электрондық ресурстарда интерактивті жаттығулар мен тренажерлер, мультимедиялық нысандар, Интернеттегі қосымша материалдар мен ресурстарға сілтемелер көрсетілген. Оларға терминологиялық сөздік, оқу процесінің негізгі параметрлері белгіленетін электрондық журнал енгізілген: жұмыс уақыты, бақылау және практикалық - тапсырмаларды орындау нәтижесі. Электрондық ресурстар оқу процесіне жеңіл енеді және түрлі оқу бағдарламаларына бейімделуі мүмкін.

«Машина жасау технологиясы» оқу пәні аясында негізінен бөлшектерді механикалық өңдеу процесі, бұйымды құрастыру және сынау процестері қарастырылады. Бұл арада өндіріс процестерін автоматтандыруға және қиын өңделетін болатты және қорытпаларды өңдеудің жаңа әдістеріне көңіл аударылады.

«Машина жасау технологиясы» пәнін оқу бұрын оқылған оқу пәндерінің көптеген ережелеріне негізделеді:

- материалтану;
- метрология, стандарттау және сертификаттау;
- форма түзу процестері және инструменттер;
- гидравликалық және пневматикалық жүйелер;
- машина жасау өндірісінің құралдары;
- технологиялық құралдар; автоматтандырылған өндіріс үшін программалау;
- технологиялық жабдықтау.

Жас маманның, оқу процесі кезінде орындалатын, өндірістік міндеттерді шешуге дайындығы деңгейі, көп жағдайда, тәжірибелік сабақтардың сапасымен және мазмұнымен анықталады. Орта кәсіптік білім беру мекемелерінде «Машина жасау технологиясы» пәнін оқу кезінде тәжірибелік сабақтар барлық негізгі тақырыптар және тараулар бойынша жүргізіледі. Студенттердің тәжірибелік сабақтарда алған дағдылары жас мамандарға нормативтік-анықтамалық құжаттарды сауатты қолдануға және бөлшектер дайындау және бұйымдарды құрастырудың технологиялық процестерін жобалау, сонымен қатар технологиялық операцияларды әзірлеу кезінде дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Технологиялық процестердің негізгі бірлігі болып табылатын операция болғандықтан, онда әрине, осы оқу құралында оған көп көңіл бөлінеді. Кез келген операцияны талдаудың негізгі мақсаты бөлшектердің және құрастырма бірліктердің берілген параметріне жетудің айтарлықтай үнемді жолдарын іздеу болып табылады. Практикалық тапсырмалардың көп бөлігі дайындауды жобалаумен, бағалаумен, механикалық өңдеу әдібін тағайындай отырып,

механикалық өңдеудің немесе жинаудың нақтылығын қамтамасыз етумен, дайындамаларды білдектің өңдеу аймағында жинақтаумен, жылдам айналатын роторларды теңгерумен байланысты.

Көпшілік тапсырмалар мен жаттығулар айтарлықтай қарапайым, дегенмен де оларды рет-ретімен шешіп отыру одан да күрделі технологиялық тапсырмаларды шешу қағидаттарын игеруге септігін тигізеді. Мұның барлығы нәтижені өндіріске жеткілікті нақтылықпен жылдам алуға мүмкіндік береді.

Тәжірибелік сабақтар оқу пәнінің келесі тараулары бойынша жүргізіледі:

- машина жасау технологиясының негіздері;
- техникалық мөлшерлеу негіздері;
- бөлшектердің негізгі беттерін өңдеу әдістері;
- технологиялық процестерді автоматтандырылған жобалау жүйелері (ТП АЖЖ);
- машина құрастыру технологиясы.

Практикалық тапсырмалар мен практикалық жұмыстардың құрылымдары шамамен бірдей. Әрбір тараудың басында әдістемелік түсіндірме беріледі, содан кейін жұмыс көлемі ашылады, оған жататындар:

- жұмыс мақсаты;
- орындау кезеңдері;
- орындау мысалдары;
- есеп мазмұны;
- жекелей тапсырмалар;
- бақылау сұрақтары.

Практикалық жұмыстарды орындау жоспарында, болашақта студент аталған материалды пайдалану кезіндегі толық дағдысының және құрастырылатын бөлшектің түйіндесу параметрлерін есептей алу дағдысы қалыптасуы үшін, рұқсат беру және орналастыру кестелерімен жұмысқа ерекше көңіл бөлінген

Курстық жобалау орта кәсіптік білім беру мекемелерінде оқыту процесінің негізгі бөлімі болып табылады. «Машина жасау технологиясы» мамандығы бойынша курстық жоба оқу жоспарына сәйкес бұдан бұрын оқыған пәндері негізінде орындалатын студенттің өзіндік жұмысы болып табылады.

Курстық жобамен жұмыс жасай отырып, студент технологияны жетілдіру, өндірісті ұйымдастыру және өндірістік алаң немесе цех жұмысының экономикалық көрсеткіштерін жақсарту саласындағы нақты тапсырмаларды өз бетінше шешеді. Осы құралды пайдалана отырып, студентке жақсы сапалы курстық жоба орындауға және оны жақсы бағаға қорғауға барлық мүмкіндіктер беріледі.

Осы құралда келтірілген барлық анықтамалық материалдар тек оқу мақсатына арналған, себебі көпшілік кестелер жалпы сипатқа ие, олардың мазмұны, оқу жоспарымен практикалық жұмыстарға және курстық жобаларға қарастырылған, уақыт аз кезінде пайдалану үшін жеңілдетілген.

МАШИНА ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1.

МАШИНА ЖАСАУ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІ

Машина жасау технологиясында зерттеу пәні болып табылатыны аз шығындала отырып, жоғары еңбек өнімділігімен, берілген көлемде жоғары сапалы бұйым дайындау процесі.

Бұйым — бұл өндірістік өнімнің бірлігі, кәсіпорындағы өндіріс заты болып табылады.

Бөлшек — бұл жинау операциясын қолданбай, біртекті материалдан дайындалған бұйым, мысалы сомын, төлке, білік немесе тісті доңғалақ.

Құрастырма бірлік — негізгі бөліктері, құрастыру операциясы процесінде, кәсіпорын-дайындаушымен біріктірілген бұйым.

Өндірістік процесс — бұл нәтижесінде бастапқы материалдар кәсіпорынның дайын өніміне айналатын, адамдар мен еңбек құралының өзара бірлескен әрекетінің жиынтығы.

Технологиялық процесс — бұл бастапқы шикізатты дайын бұйымға айналдыру бойынша мақсатты әрекеттен тұратын өндірістік процестің бөлігі. Машина жасауды технологиялық процестерді келесідей ажыратады: дайындау, термикалық, механикалық (немесе басқа) өңдеу, құрастыру және басқа да. Әрбір технологиялық процесс жұмыс орындарында орындалатын операциялардан тұрады.

Жұмыс орны — бұл жұмысты бір жұмысшы (немесе бір мезетте бірнеше жұмысшы) орындауы үшін жабдық орналастырылған кәсіпорын құрылымының бірлігі немесе өндірістік алаң бөлігі. Мысалы, фрезерші орнында фрезерлік білдек, құралдарды сақтауға арналған шкаф, қажетті тетіктер орналастырылған.

Технологиялық операция — бұл бір жұмысшы немесе бір

мезетте бірнеше жұмысшымен орындалатын технологиялық процестің аяқталған бөлігі. Операцияға жабдықтардың және осы жұмыс орнына қызмет көрсететін жұмысшылардың барлық әрекеттері жатады. Технологиялық операция жоспарлау мен есепке алудың негізгі бірлігі болып табылады. Операциялар негізгі және қосалқы болып бөлінеді.

Негізгі технологиялық операция — бұл дайындаманың геометриялық формасы мен көлемі, сонымен қатар оның жоғарғы бетінің параметрлері өзгереді операция.

Қосалқы технологиялық операция — бұл дайындама еш өзгеріске түспейтін операция, мысалы бақылау немесе жуу операциясы.

Орнату — бұл өңделетін дайындаманың немесе құрастырылатын құрастырма бірлігінің өзгеріссіз бекітілуі кезінде орындалатын технологиялық операцияның бөлігі.

Позиция — бұл операцияның белгілі бір бөлігін орындау үшін кесу немесе құрастыру құралына қатысты құрылғымен бірлесе отырып, өзгеріссіз бекітілген дайындамамен немесе құрастырма бірлігімен белгіленген қалып.

Индекстеу — бұл қалыпты ауыстыру.

Технологиялық ауысу — бұл технологиялық операцияның аяқталған бөлігі, ол уақытта қолданылған құрал және өңдеу кезінде пайда болғандар немесе жоғарғы бетті құрастыру кезінде жалғанатындар өзгеріссіз қалады.

Негізгі ауысу — бұл технологиялық операцияның аяқталған бөлігі, бұл кезде дайындалатын өнімнің формасының, көлемінің және жоғарғы бетінің кедір-бұдырлығының өзгеруімен қатар жүретін, өзіне адамның немесе технологиялық жабдықтың әрекетін енгізетін, қолданылған құрал және өңдеу кезінде пайда болғандар немесе жоғарғы бетті құрастыру кезінде жалғанатындар өзгеріссіз.

Қосалқы ауысу — бұл технологиялық операцияның аяқталған бөлігі, өзіне дайындалатын өнімнің формасының, көлемінің және жоғарғы бетінің кедір-бұдырлығының өзгеруімен қатар жүрмейтін, адамның не (немесе) жабдықтың әрекетін енгізетін, бірақ аталған операцияны орындауға қажетті, мысалы дайындаманы орнату және бекіту, бөлшекті босату және алып тастау, білдек механизмдерін басқару, бақылау өлшеулері және т.б.

Жұмысшы қадам — бұл дайындамаға қатысты құралды бір реттік орнын ауыстыру, бұл кезде дайындаманың формасының, көлемінің және жоғарғы бетінің кедір-бұдырлығының немесе оның құрамының өзгеруімен қатар жүреді.

Көмекші қадам — бұл дайындамаға қатысты құралды бір реттік орнын ауыстыру, бұл кезде дайындаманың формасының,

көлемінің және жоғарғы бетінің кедір-бұдырлығының немесе оның құрамының өзгеруімен қатар жүрмейді, бірақ жұмысшы қадамын жасауға қажетті, мысалы жонғыш білдектің суппортын қайта өз қалпына келтіру. Көмекші қадамды жасауға кететін уақыт технологиялық процестің қосалқы уақыты құрамына кіреді.

Операцияны шоғырландыру — бұл бірнеше операцияларды бір үлкен операцияға біріктіру (ірілендіру). Шоғырлану деңгейін бағалау үшін критерий ретінде онда қарастырылған қарапайым ауысулар саны қызмет етеді. Бөлшекті барлық өңдеуді бір операцияға жинақтау шоғырлану шегі болып табылады.

Операцияны жіктеу — бұл күрделі операцияларды айтарлықтай қарапайым операцияларға бөлшектеу. Операцияны жіктеу деңгейін бағалау үшін критерийлерге онда қарастырылған қарапайым ауысулар саны қызмет етеді. Технологиялық процесті әрқайсысы бір қарапайым ауысудан тұратын операцияларға бөлу операцияны жіктеу шегі болып табылады.

Технологиялық операциялар циклы — бұл бір уақытта дайындалатын бөлшектердің санына қарамастан, ауық-ауық қайталанып отыратын операциялардың басынан бастап соңына дейінгі уақыт аралығы.

Шығарылым такті — бұл ауық-ауық белгілі бір бұйым шығарылатын уақыт аралығы. Шығарылым i тактісі мин/дана, аталған уақыт ішінде дайындалған осы N өнім санына дайындауға жұмсалған Φ уақыттың қатысымен анықталады:

$$i = \Phi / N. \quad (1.1)$$

Шығарылым ырғағы — бұл уақыт бірлігінде шығарылатын белгілі атаудағы өнімнің саны. Бұл шама шығарылым тактісіне кері.

Өндірістік бағдарлама — бұл шығарылым көлемі және әрбір типтік өлшем бойынша дайындалу мерзімі көрсетіле отырып жасалған бұйым атауларының тізбесі.

Жаппай өндіріс — бұл шағын номенклатуралы және өнімнің шығарылу көлемі ауқымдылығымен сипатталатын өндіріс. Әрбір жұмыс орнында тек бір ғана үздіксіз қайталанатын технологиялық операция орындалады. Технологиялық жабдық ағынды желі түрінде технологиялық операция орындалуы ретіне қарай орналасады. Әрбір операцияның ұзақтығын өнім шығарылымы тактісіне еселенген етіп жасауға талпынады, ол формуламен анықталады (1.1).

Сериялы өндіріс — бұл өнімнің шектеулі номенклатурасымен, ауық-ауық қайталанатын өндірістік партиялармен дайындалатын, және осы бұйымдардың салыстырмалы үлкен көлемімен сипатталатын өндіріс.

Партиядағы бөлшек санына, осы бөлшектердің массасы және өлшеміне байланысты ірі сериялы, орта сериялы және шағын сериялы өндіріс анықталады.

Өндірістік партия — бұл белгілі бір уақыт аралығында бір мезетте өндеуге жіберілетін, бір атаудағы дайындамалар тобы. Өңделген бөлшектердің партиясы білдек қасында немесе қоймада сақталады және келесі операцияға ауық-ауық тасымалданады. Дайындама партиясының көлемі келесі формуламен қарастырылады

$$Q = aN_r/254, \quad (1.2)$$

мұндағы Q — партиядағы дайындамалар саны; a — қоймада дайындамалар немесе бөлшектер қорын сақтауды қажет ететін күн саны $a = 3...12$ ірі бөлшектер үшін, $a = 12...24$ орташа бөлшектер үшін және $a = 12.24$ ұсақ бөлшектер үшін); N_r — шығарылымның жылдық бағдарламасындағы бөлшектер саны; 254 — бір жылдағы жұмыс күнінің орташа саны.


Бір реттік өндіріс — бұл дайындалатын бұйымдардың кең номенклатурасымен және олардың аз шығарылымымен сипатталатын өндіріс. Бір реттік өндірісте біркелкі бұйымдарды дайындау не қайталанбайды не белгісіз уақыттан кейін қайталануы мүмкін.

1.1- тапсырма

1.1-кестеде көрсетілген жеке тапсырмалардың нұсқаларының бірі бойынша, қою сызықпен ерекшеленген (1.1-сурет, a), сериялы өндіріс шартымен, оны операциялар мен ауысуларға бөле отырып, бұйымның сындарлы элементтерін (А, Б, К, С, О) өндеудің технологиялық процесінің құрылымын құру. Өндеуге түсетін дайындама 1.1, б. суретте көрсетілген

1.1-кесте. 1.1-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Дайындама өлшемдері				Бөлшек өлшемдері														Саңылаулар саны, <i>n</i>
					А			Б			К			С			О		
	М, мм	Л, мм	Г, мм	Е, мм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	<i>Ra</i> , мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	<i>Ra</i> , мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	<i>Ra</i> , мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	<i>Ra</i> , мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	
0	10d 11	30 d 11	70d 11	20c11	16	H10	20	10	H9	2,5	12	H10	2,5	10	jsl5	20	50	jsl15	2
1	12d 11	35b 12	80c 11	24 h12	14	H11	20	12	H8	1,25	10	H10	2,5	12	js14	20	42	jsl 5	6
2	10d 11	30 h 11	70b11	20d 11	16	H10	20	10	H9	2,5	12	H10	2,5	11	js16	20	55	jsl4	6
3	14c 11	40h 12	80d11	30l12	18	H11	20	13	119	1,25	14	H9	1,25	15	jsl4	20	46	jsl 6	3
4	5c11	32 h 14	74b12	25dl 1	16	H10	20	12	H10	2,5	12	H10	2,5	12	jsl5	20	50	jsl4	2
5	10d 11	30 h 11	72b 12	20c 11	15	H12	20	12	119	2,5	11	H10	2,5	8	jsl6	20	48	jsl5	6
6	14hl2	32 b 12	70d 11	35h12	16	H10	20	10	H8	1,25	10	H8	1,25	14	jsl 4	20	48	js15	6
7	12h 14	36 d 11	78c 11	30b12	20	H11	20	12	H8	2,5	14	H8	1,25	13	js 15	20	50	jsl 6	6
8	8 b 12	30 h 12	72b12	22c 11	18	H10	20	11	H8	1,25	12	H10	2,5	12	jsl 4	20	48	jsl 4	4
9	10b 12	32П14	70d 11	20b12	20	H11	20	10	H9	1,25	10	H10	2,5	10	jsl 6	20	46	jsl5	3
10	12d 11	30 b 12	72c 11	28h12	22	H10	20	11	H8	1,25	11	H9	1,25	14	jsl 5	20	46	jsl5	6



1.1.-сурет Өңделетін бөлшек: *a* — өңделетін жоғарғы бет; *б* — дайындама

Тапсырма бойынша есепте:

- шектің әріппен берілген мәнін сандық мәнге ауыстыру кестесі;
- дайындама мен бөлшек нобайы;
- операциялық нобайлар;
- ауысу мазмұны қоса берілген технологиялық процесс нұсқасы болуы керек.

1.1- тапсырманы орындау мысалы (№ 0-нұсқа).

ШОБЖ кестесі бойынша тапсырмаға сәйкес барлық өлшемдерге жоғарғы және төменгі ауытқулардың мәндерін табамыз. Шектің әріппен берілген мәнін сандық мәнге ауыстыру нәтижесі 1.2-кестеде көрсетілген.

1.2.-кесте Шектің әріппен берілген мәнін сандық мәнге ауыстыру нәтижесі

Өлшемді белгілеу 1.1-суретте	Өлшемнің Номиналды мәні, мм	Шектің әріппен белгіленуі	Ауытқу мәні, мкм	Ауытқу мәні, мм	Сандық шекпен өлшемі, мм
М	10	d11	-40 -130	-0,040 -0,130	$10_{-0,13}^{-0,04}$
Д	30	d11	-65 -195	-0,065 -0,195	$30_{-0,195}^{-0,065}$
Г	70	d11	-100 -290	-0,100 -0,290	$70_{-0,29}^{-0,10}$
Е	20	e11	-110 -240	-0,110 -0,240	$20_{-0,24}^{-0,11}$

Өлшемді белгілеу 1.1-суретте	Өлшемнің Номиналды мәні, мм	Шектің әріппен белгіленуі	Ауытқу мәні, мкм	Ауытқу мәні, мм	Сандық шекпен өлшемі, мм
А	16	H10	+70 0	+0,070 0	16 ^{+0,07}
Б	10	H9	+36 0	+0,036 0	10 ^{+0,036}
К	12	H10	+70 0	+0,070 0	12 ^{+0,07}
С	10	js15	±290	±0,290	10 ± 0,29
О	50	js15	±1 000	±1,000	50 ± 1

Өңделетін беттердің талап етілетін барлық параметрлері көрсетілген дайындаманың сызбасын (1.1, *а* суретті және 1.1-кестені қараңыз) және бөлшек сызбасын (1.1, *б* суретті және 1.1-кестені қараңыз) талдай келе дайын бөлшекті дайындаманы бір операция немесе бірнеше операция кезінде алуға болатындығын анықтаймыз, ол бұрғылауға арналған құралға байланысты болады.

Тік-бұрғылау білдегінің жылдам ауыстырылатын кондукторлық төлкесін және түрлі диаметрлі екі бұрғыдан, түрлі диаметрлі үш үңгіден, сондай-ақ түрлі диаметрлі екі қашаудан тұратын кескіш құралдар жиынтығын пайдалану кезінде саңылауды 1.3-кестеде көрсетілген нұсқа бойынша өңдеу мүмкін.

1.3.-кесте Дайындаманы жылдам ауыстырылатын кондукторлық төлкеде өңдеу процесі

Операция нөмірі	Ауысу нөмірі	Операция немесе ауысу мазмұны	Ауысу түрі
05	<i>Бұрғылау, ұңғылау, бұрап шығару</i>		
	1	Дайындаманы орнату және бекіту	Қосалқы
	2	К саңылауын бұрғылау	Негізгі
	4	Бұрғыны ауыстыру	Қосалқы

Операц ия нөмірі	Көшу нөмірі	Операция немесе көшу мазмұны	Көшу түрі
	5	Б бірінші саңылауды бұрғылап тесу	Негізгі
	6	Б екінші саңылауды бұрғылап тесу	Негізгі
	7	Жылдам ауыстырылатын кондукторлық төлкені ауыстыру	Қосалқы
	8	Үңгімені орнату	Қосалқы
	9	К саңылауын үңгілеу	Негізгі
	10	Үңгіні ауыстыру	Қосалқы
	11	Жылдам ауыстырылатын кондукторлық төлкені ауыстыру	Қосалқы
	12	А саңылауын үңгілеу	Негізгі
	13	Үңгіні ауыстыру	Қосалқы
	14	Б бірінші саңылауды үңгілеу	Негізгі
	15	Б екінші саңылауды үңгілеу	Негізгі
	16	Жылдам ауыстырылатын кондукторлық төлкені ауыстыру	Қосалқы
	17	Қашауды орнату	Қосалқы
	18	К саңылауын қашау	Негізгі
	19	Қашауды алмастыру	Қосалқы
	20	Б бірінші саңылауды қашау	Негізгі
	21	Б екінші саңылауды қашау	Негізгі
	22	Бөлшекті босату және алып тастау	Қосалқы
10	Бөліктер өлшемдерін бақылау		

Дайындаманы тұрақты кондукторлық төлкелі бұрғылау құралдарында өңдеу кезінде кем дегенде үш бұрғылау құралы қажет болады, ал саңылауларды өңдеу бірнеше операциялармен орындалатын болады, бұл саңылауды өңдеу процесін айтарлықтай қымбаттатады. Бұл сұраққа қорытынды жауап, алдағы тараулардың бірінде қаралатын, операцияға экономикалық талдау жасау нәтижесінде алынуы мүмкін.

1.2- тапсырма

Жеке тапсырмалардың нұсқаларының бірі бойынша (1.4-кесте) операция және даналап дайындамаланған (1.2, б сурет) бөлшекте (1.2, а сурет) ортасериялы өндіру жағдайында дайындауға көшу мазмұнын құру. Барлық жоғарғы бет (А, Б, К, С, О) бір рет өту кезінде өңделеді.

Тапсырма бойынша есепте:

- шектің әріппен берілген мәнін сандық мәнге ауыстыру кестесі;
- операциялық нобайлар;
- ауысу мазмұны қоса берілген технологиялық процесс нұсқасы болуы керек.


1.2- тапсырманы орындау үлгісі (№ 0-нұсқа).

ШОБЖ кестесі бойынша тапсырмаға сәйкес барлық өлшемдерге жоғарғы және төменгі ауытқулардың мәндерін табамыз. Шектің әріппен берілген мәнін сандық мәнге ауыстыру нәтижесі 1.5-кестеде көрсетілген. Операциялық нобай құрамыз (операция 05) (1.2, в сурет). Дайындама сызбасын (1.2, б суретті қараңыз), операциялық нобайдерді (1.2, в, г суреттерді қараңыз) және өңделетін жоғарғы беттердің талап етілетін параметрлері берілген 1.4-кестені талдай отырып дайындаманы алдын-ала жөнделген жону-револьверлік білдекте бір жону операция кезінде, бірақ оны үшжұдырықшалы қысқыда базалай отырып, екі орнатуда өңдеу дұрыс екендігін анықтаймыз. Операция тоғыз қарапайым көшулерден тұрады. Көшу реттілігінің мүмкін болар нұсқаларының бірі 1.6-кестеде берілген.

Кейбір жоғары беттерді өңдеуді қоса атқару кезінде, яғни айтарлықтай күрделілеу көшуді қолдану кезінде көшу саны азаяды, бірақ бұл жөндеу операцияларын қиындатады.

1.4-кесте. 1.2-- тапсырманы орындау үшін жеке нұсқалар

Нұсқа	Дайындама өлшемдері		Бөлшек өлшемдері														Rz, мкм
			А			Б			К			С			О		
	М, мм	Е, мм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	Rz, мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	Rz, мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	Rz, мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	Rz, мкм	Номиналды өлшемі, мм	Шақтама өрісі	
0	62js15	90h15	87	d11	20	10	H11	20	16	b12	20	68	jsl2	20	80	c11	20
1	80jsl4	95h14	92	c11	20	12	H12	20	10	h10	20	78	jsl4	20	86	d11	20
2	70js16	80hl6	77	d10	20	11	H13	20	12	d11	20	67	jsl 6	20	70	b 11	20
3	80j s 15	90hl5	86	b11	20	13	H12	20	14	h12	20	77	js14	20	46	h10	20
4	74jsl3	92h16	90	a 10	20	12	H15	20	12	d11	20	72	jsl5	20	86	b11	20
5	72jsl5	85hl5	83	d12	20	12	H13	20	11	b12	20	70	jsl6	20	76	d11	20
6	70js 14	90h14	88	h10	20	10	H15	20	10	d11	20	68	js14	20	80	d11	20
7	78jsl6	94h 15	91	d11	20	12	1114	20	14	b12	20	75	jsl 5	20	86	d11	20
8	72j s 13	90h 13	87	d11	20	11	H14	20	12	h 13	20	70	jsl 4	20	78	a10	20
9	70js14	88h 15	86	d11	20	10	H15	20	10	d11	20	67	jsl 6	20	78	b11	20
10	72jsl5	92h16	90	b12	20	11	H14	20	11	b12	20	70	jsl 5	20	86	b11	20



1.2-сурет. Операция мазмұны:

a — өңделетін бөлшек; *б* — даналап дайындама; *в* — бірінші орнатудан өңделетін жоғары бет; *г* — екінші орнатудан өңделетін жоғары бет; 1—10 — жоғары беттерді өңдеу реттілігі

1.5-кесте. Шектің әріппен берілген мәнін сандық мәнге ауыстыру нәтижесі

Өлшемді белгілеу 1.1-суретте	Өлшемнің Номиналды мәні, мм	Шектің әріппен белгіленуі	Ауытқу мәні, мкм	Ауытқу мәні, мм	Сандық шекпен өлшемі, мм
М	62	js15	±600	±0,6	62 ± 0,6
Е	90	h15	-1400	-1,4	90 _{-1,4}
А	87	d11	-120 -340	-0,12 -0,34	87 _{-0,34} ^{-0,12}

Өлшемді белгілеу 1.1-суретте	Өлшемнің Номиналды мәні, мм	Шектің әріппен белгіленуі	Ауытқу мәні, мкм	Ауытқу мәні, мм	Сандық шекпен өлшемі, мм
Б	10	H11	+90 0	+0,090 0	10 ^{+0,090}
К	16	b12	-150 -330	-0,15 -0,33	16 ^{-0,15 -0,33}
С	58	j _s 12	±150	±0,15	58 ± 0,15
О	80	c11	-150 -340	-0,15 -0,34	80 ^{-0,15 -0,34}

1.6-кесте. Дайындаманы 1.2- тапсырма бойынша өңдеу процесі (№ 0-нұсқа)

Операция нөмірі	Көшу нөмірі	Операция немесе көшу мазмұны	Көшу түрі
0,5	<i>Жону</i>		
1-орнату	1	Дайындаманы орнату және бекіту	Қосалқы
	2	3-кесікті қырку	Негізгі
	3	1 – жоғарғы бетті 25 мм ұзындыққа жону	Негізгі
	4	10- саңылау бұрғылау	Негізгі
	5	2-жүзін жону	Негізгі
	6	4- жүзін жону	Негізгі
	7	Дайындаманы қайта орнату	Қосалқы
Орнату 2	8	8-кесікті қырку	Негізгі
	9	5-жоғарғы бетті түзе отырып 6-жоғары бетті жону	Негізгі
	10	7-жүзін жону	Негізгі
	11	8-жүзін жону	Негізгі
	12	Бөлшекті алып тастау	Қосалқы
10	<i>Бақылау</i>		


№ 1. 1-практикалық жұмыс. Технологиялық процестің құрылымын зерттеу

Жұмыс мақсаты — технологиялық процесс құрылымы, оның элементтерінің ұғымдары мен анықтамалары бойынша білімін практикалық бекіту; машина жасау бөлшектерін дайындаудың технологиялық процесінің құрылымын қалыптастыруда ептіліктері мен дағдыларын иелену.

Практикалық жұмыс екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде студент тапсырманың, әдістемелік құралда қаралған мысал бойынша (№0-нұсқа) өз нұсқасы бойынша жұмысты орындайды. Екінші бөлімде - тапсырманың өз нұсқасы бойынша - тапсырмаға сәйкес барлық жұмыстарды орындайды.

Практикалық жұмыс есебінде:

- ұсынылып отырған сызбада ерекшеленген механикалық өндеудің негізгі операциялары;
- әрбір операция үшін көшулер, өтулер, орнатулардың атаулары;
- бір-екі көшуден ғана тұратындықтан, әрбір операция айтарлықтай қарапайым болған уақыттағы мүмкін болар жіктелу деңгейлі операциялар;
- бірнеше көшулерді қоса атқаратын кезде, шоғырланудың мүмкін болар деңгейімен, бұл бір мезетте бірнеше жоғарғы бетті өндеуге мүмкіндік беретін, бір операция көрсетілуі керек;



а

б

1.3-сурет. № 1.1-практикалық жұмысты орындау үшін бастапқы ақпарат:

а — бірінші бөлшек; б — екінші бөлшек

- бөлшекті өңдеу кезіндегі қосалқы көшулер тізімдемесі.

Тапсырманың бірінші бөлімі:

- тапсырманың өз нұсқасы бойынша бөлшектің жұмысшы сызбасын зерттеу (1.3, а –сурет және 1.7-кесте);
- бөлшектің жоғарғы бетін өңдеудің мүмкін болар әдістерін анықтау;
- әрбір жоғарғы бет бойынша механикалық өңдеудің бір-екі көшуінен тұратын қарапайым операция тағайындау (1.8-кесте);
- бірнеше көшу, ауысу, позиция және орнатулардан тұратын жоғары деңгейдегі шоғырланумен операция құру.

1.7-кесте. № 1.1-практикалық жұмыстың бірінші бөлімін орындауға арналған жеке нұсқалар

Бөлшектер көрсеткіштері	Нұсқа										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Ø А, мм	98с9	100с9	110с9	90с9	100с9	90с9	110с9	100с9	95с9	110с9	100с9
Ø Б, мм	78js9	80js9	82js9	60js9	80js9	70js9	90js9	80js9	75js9	90js9	80js9
Ø В, мм	50	52	54	45	50	48	55	50	48	50	50
Ø Г, мм	40Н9	42Н9	44Н9	35Н9	40Н9	38Н9	45Н9	40Н9	38Н9	40Н9	40Н9
Ø Д, Мм	60d9	62d9	64d9	55d9	60d9	58d9	65d9	60d9	58d9	60d9	60d9
Ø М, мм	10Н9	12Н9	14Н9	10Н9	10Н9	8Н9	12Н9	10Н9	8Н9	12Н9	10Н9
Е, мм	55	70	53	55	65	57	73	46	55	63	49
Ж, мм	70	90	70	70	90	80	90	70	80	90	70
Л, мм	10	15	12	10	20	18	22	19	20	22	16
К, шт.	5	4	3	6	8	4	3	6	8	6	4




Ескерту. Жеті негізгі көшуден тұратын айтарлықтай күрделі жону (шоғыландырылған) операцияның нобайы 1.8-кестеде берілген.

Барлық операцияларда қосымша көшу болып табылатыны дайындаманы әзірлеу және бөлшектерді алып тастау.

Тапсырманың екінші бөлімі:

- тапсырмаға қоса берілген бөлшектің сызбасы бойынша (1.3, б-сурет және 1.9-кесте) механикалық өңдеудің негізгі операцияларын анықтау;
- әрбір операция бойынша көшу, ауысу, позиция және орнатуларды атау;
- бір-екі көшуден ғана тұратындықтан, әрбір операция айтарлықтай қарапайым болған уақыттағы мүмкін болар жіктелу деңгейлі операцияларды көрсету;
- бірнеше көшулерді қоса атқаратын кезде, шоғырланудың мүмкін болар деңгейімен, бұл бір мезетте бірнеше жоғарғы бетті өңдеуге мүмкіндік беретін, бір операция көрсету;
- бөлшекті өңдеу кезінде қосалқы көшулерді атап көрсету.

1.8-кесте. № 1.1-практикалық жұмыстың бірінші бөлімін орындау нәтижелері (№ 0-нұсқа)

Операция нөмірі және атауы	Операциялық нобай	Көшулер мазмұны
	<i>Негізгі тапсырма</i>	
05 — жону бірінші		Дайындаманы орнату. Кесікті 72 мм өлшемге қырку. 098 мм бір көшу кезінде 14 мм ұзындыққа жону. Бөлшекті алып тастау
10 — токарлық бірінші		Дайындаманы орнату. Кесікті 70 мм өлшемге қырку. Бірнеше көшу барысында 062 мм жону, 58 мм өлшемін ұстана отырып. Бөлшекті алып тастау
15 — токарлық бірінші		Дайындаманы орнату. Алдын-ала 020 мм саңылау бұрғылап тесу. 038 мм саңылауды қашап кеңейту.

20 — бұрғылағыш		Дайындаманы орнату. Алдын-ала 09,9 мм 5 саңылау тесу. 09,9 мм 5 саңылауды үңгілеу. 5 саңылауды 010Н9 ашу. Бөлшекті алып тастау
25 — токарлық таза		Дайындаманы орнату. Жону Ø60,5 мм. Ені 5 мм кескіпен Ø50 мм жырашық жону. Бөлшекті алып тастау
30 — токарлық таза		Дайындаманы орнату. Ø40 мм саңылау жону. Бөлшекті алу
35 — ажарлағыш		Дайындаманы орнату. Ø60 мм сыртқы бетті ажарлау. Бөлшекті алу
40 — бакылау	1.3-суретті және 1.7-кестені бакылау қараңыз	Геометриялық параметрлерді бакылау
	<i>Қосымша тапсырма</i>	
Шоғырлануы жоғары деңгейдегі операция		Дайындаманы орнату. Кесікті 70 мм өлшемге кесу. Ø62 мм бірнеше көшулерге жону 58 мм өлшемін сақтай отырып. Ø60,5 мм жону. Ø20 мм орталық саңылау бұрғылап тесу. Ø38 мм орталық саңылау жону. Ø40 мм орталық саңылау жону. Ені 5 мм кескішпен Ø50 мм жырашық жону. Бөлшекті алу

1.9-кесте. №1.1-практикалық жұмыстың екінші бөлімін орындауға арнаған жеке нұсқалар

Бөліктердің көрсеткіштері	Нұсқа									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Ø А, мм	30	35	40	36	32	30	32	30	28	32
Ø Б, мм	25	30	34	30	28	24	26	24	22	28
Ø В, мм	20	26	30	26	24	20	22	18	16	22
Ø Г, мм	35	40	45	42	39	36	38	38	36	40
Ø М, мм	8Н9	10Н9	12Н9	10Н9	9Н9	8Н9	12Н9	9Н9	11Н9	8Н9
Өлшемі Ж, мм	8	12	14	10	14	18	22	20	12	12
Өлшемі 3, мм	25	30	32	28	36	40	42	34	30	28
Өлшемі И, мм	12	18	19	15	19	23	27	25	17	17
Өлшемі Е, мм	20	26	28	24	32	36	38	30	26	24
Ø О, мм	50jsl4	50js9	50js14	50jsl4	50js9	50jsl4	50jsl4	50js9	50jsl4	50jsl4
Қ саңылау саны	2	4	6	4	6	4	2	4	8	6

№ 1.1 ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Механикалық өңдеудің технологиялық процесінің құрылымын атаңыз.
2. Технологиялық процестің негізгі операциясы деп нені атайды?
3. Технологиялық процестің қосалқы операциясы деп нені атайды?
4. Негізгі көшу деп нені атайды?
5. Қосалқы көшу деп нені атайды?
6. Орнату деп нені атайды?
7. Екі орнатумен операция орындаудың мәнін түсіндіріңіз.
8. Қарапайым көшу күрделі көшуден несімен ерекшеленеді?
9. Технологиялық процестің қандай операциясы негізгі деп саналады?
10. Технологиялық операцияның қандай көшуі негізгі деп саналады?

1.2. ӘДІПТІҢ ШАМАСЫН АНЫҚТАУ

Дайындама — бұл өндіріс заты, оның формасы беттердің формасын, кедір-бұдырлығын, олардың өлшемдерін, сонымен қатар материалдарының қасиетін өзгерту жолымен бөлшек дайындалатын бөлшектің немесе тұтас жинақтау бірлігінің формасына жақындатылған. Кез келген операцияға дайындама келіп түседі, ал операциядан бөлшек шығады.

Дайындама конфигурациясы бөлшектің құрылысымен шартталған оның өлшемдерімен, материалдарымен және дайын бұйымдағы бөлшектің жұмыс шарты өзгеруімен шартталған, яғни дайын өнімді пайдалану кезінде бөлшекке әсер ететін кез-келген жүктемемен.

Бастапқы дайындама — бұл технологиялық процестің бірінші операциясына келіп түсетін дайындама.

Әдіп — бұл дайын өнімнің жоғары қабатының талап етілетін өлшемін және параметрін алу үшін механикалық процесс кезінде алынып тасталатын дайындама материалының қабаты.

Аралық әдіп — бұл бір технологиялық көшу кезінде алынып тасталатын материал қабаты. Оны дайындаманың бетінің өткен

операцияда алынған бетінің өлшемі мен дайындама бетін бір операциямен өңдеу бойынша осы операцияны орындау кезінде алынған өлшемнің арасындағы өзгешелік ретінде анықтайды.

Операциялық әдіп — бұл бір операцияда нақты бір дайындамының бетінен алынатын материал қабатының қалыңдығы. Операциялық әдіптің Z_0 шамасы келесі параметрлерге байланысты болады:

- алдыңғы операция кезінде пайда болған, R_z беттің (кедір-бұдырлығы) тегіссіздігінің биіктігі;
- дайындаманың бетінің дефектілі қабатының h_d тереңдігі;
- операциялық өлшемге және т.б. T рұқсат етілуі.

Операциялық әдіптерді есептеу-аналитикалық немесе тәжірибелік-статистикалық әдіспен анықтайды.

Жалпы әдіп — бұл дайындаманың нақты бетін механикалық өңдеудің барлық бағыты бойынша барлық аралық әдіптердің сомасы.

Дайындаманың әрбір беті үшін жалпы әдіпті дайындаманың осы бетінің өлшемінің және дайын өнімнің тура осы бетінің өлшемінің айырмасы түрінде анықтауға болады.

Әдіптерді анықтаудың есептеу-аналитикалық әдісі айналу бетін өңдеу кезінде не диаметрге немесе радиусқа (бүйір жаққа) әдіпті анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы жағдайда әдіптің шамасы диаметрге

$$Z_0 = 2[R_z + h_d + T], \quad (1.3)$$

мұндағы R_z — өткен операцияда пайда болған, беттің тегіс еместігінің биіктігі (кедір-бұдырлығы); L_d — дайындама бетінің ақаулы қабатының тереңдігі; T — операциялық өлшемге шек.

Жалпақ бетті өңдеу кезінде (бір жақты өңдеу) әдіп бүйір тұсына қарай беріледі. Жалпы жағдайдағы бүйір тұсына қарай әдіптің шамасы


$$Z_0 = R_z + h_d + T \quad (1.4)$$

Механикалық өңдеуге әдіп дайындаманың бетінің өлшемімен дайындаманың бетінің өлшемі мен бөлшектің тиісті бетінің өлшемін салыстыру арқылы анықталады.

Айналудың сыртқы беті үшін (1.4-сурет) диаметрге жалпы әдіп.

$$2Z_{\text{жалпыд}} = d_0 - d_d \quad (1.5)$$

мұндағы d_0 — дайындаманың сыртқы диаметрі; d_d — бөлшектің сыртқы диаметрі.



1.4. – Әдіптердің механикалық өңдеуге орналасу сызбасы: *а* — сыртқы цилиндрлі бет үшін; *б* — сыртқы цилиндрлі бет үшін; *в* — жалпақ бет үшін

Айналудың ішкі беті үшін (1.4, *б* сурет) жалпы әдіп диаметрі

$$2Z_{\text{жалпыд}} = D_{\text{д}} - D_0 \quad (1.6)$$

мұндағы $D_{\text{д}}$ — бөлшектің ішкі диаметрі; D_0 — дайындаманың ішкі диаметрі.

Жалпы бет үшін (1.4, *в* сурет) жалпы әдіп

$$Z_{\text{жалпыд}} = L_0 - L_{\text{д}} \quad (1.7)$$


мұндағы L_0 — дайындама өлшемі; $L_{\text{д}}$ — бөлшек өлшемі.

Әрбір көшулер үшін аралық әдіптерді анықтағаннан кейін дайындаманың аралық өлшемдері анықталады, бұл кескіш және өлшеу құралдарын таңдап алуға мүмкіндік береді.

Әдіптерді анықтаудың тәжірибелік-статистикалық әдісі көшулерге әдіптерді анықтауға мүмкіндік береді, олардың шамасы көбінесе дайындамалар бетін өңдеу әдісімен және олардың өлшемімен анықталады. Бұл әдіс кезінде нормативтік-анықтамалық көздердегі кестелер пайдаланылады.

1.3- тапсырма

Бөлшек — білік (1.5, *а* сурет) ыстық илемделген дайындамалардан (1.4, *б* сурет) шағын сериялы өндіріс жағдайымен дайындалады. Диаметрі үлкендеу білік сатысы екі көшумен өңделеді. - тапсырманың нұсқаларының бірімен (1.10-кесте) бөлшектің айтарлықтай үлкен диаметрін механикалық өңдеудің екі көшуіне де жалпы әдіп, аралық әдіп орнату; бірінші көшуден кейін аралық өлшемін есептеу және екі көшу үшін де операциялық нобайлар орындау талап етіледі.



1.5-сурет. Диаметрі бойынша айтарлықтай үлкен білік сатысын өндеу сызбасы: *а* — білік; *б* — дайындама; *в* — жону; *г* — тегістеу

1.3- тапсырма бойынша есептер:

- бөлшектер мен дайындамалардың нобайлары;
- операциялық нобайлар;
- есептеудің нәтижелерімен есептеу формулалары көрсетілуі керек.

1.3- тапсырманы орындау мысалы (№ 0-нұсқа)

Формула бойынша (1.5), - тапсырманы ескере отырып, (№0-нұсқаны, 1.10-кестені қараңыз) айтарлықтай үлкен диаметрлі механикалық өндеудің жалпы әдібін табамыз:

$$2Z_{\text{жалпыд}} = d_0 - d_d = 110 - 100 = 10 \text{ мм.}$$

Таза жону кезіндегі диаметрге аралық әдіпті П8.1-кесте бойынша табамыз:

$$2Z_{2\text{кесте}} = 1,8 \text{ мм.}$$

Шағын сериялық өндіріс үшін әдіпті үлкейту қажет, сол үшін $K = 1,3$ коэффициенті енгізіледі, сонда

$$2Z_{2\text{есеп}} = 2Z_{2\text{кесте}} K = 1,8 \cdot 1,3 = 2,34 \text{ мм} \approx 2,3 \text{ мм.}$$

1.10-кесте. 1.3-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Дайындама диаметрі d_0 , мм	Бөлшектің диаметрі d_A , мм	Дайындама ұзындығы L , мм	Ra , мкм
0	110	100	400	6,2
1	100	92	300	12,5
2	140	130	320	6,2
3	180	168	340	12,5
4	200	186	300	12,5
5	120	112	350	6,2
6	180	168	310	12,5
7	130	120	390	6,2
8	150	138	400	12,5
9	110	102	300	6,2
10	140	129	350	12,5

Бастапқы жону кезінде диаметрге әдіпті П8.1-кесте бойынша немесе төмендегі есептеумен анықтауға болады:

$$2Z_1 = 2Z_{\text{жалпы}} - 2Z_{\text{есеп}} = 10 - 2,3 = 7,7 \text{ мм.}$$

Бастапқы көшуден кейін d_1 диаметрі (1.5, *в* сурет) бөлшектің және $Z_{\text{есеп}}$ әдіптің таза жонуна қарай ең жоғары диаметрі:

$$d_1 = d_{\text{Аmax}} + 2Z_{\text{есеп}} = 100 + 2,3 = 102,3 \text{ мм.}$$

Нақтылық h12, т. е. 102,3h12 квалитеті арқылы алынады, ал бастапқы жону үшін беттің кедір-бұдырлығы Rz 20. Бастапқы және таза жонудың операциялық нобайдері 1.5, *в*, *г* суреттерде көрсетілген, ал бөлшек өлшемі берілгендерге сәйкес келеді.

1.4-тапсырма

Тапсырма нұсқаларының бірі бойынша (1.11-кесте) кестелер көмегімен операциялық әдіптерді анықтау, шындалған темірден фрезерлік-ортаңғы білікті операциядан өткен (1.6, *б* сурет) білік – бөлшекті (1.6, *а* сурет) дайындаудың барлық көшулері үшін операциялық өлшемдерді есептеу; операциялық нобайлар орындау.

1.11-кесте. 1.4-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Бөлшек							Дайындама		
	Ø В			Ø А			Қзындығы L, мм	0 М		
	Номиналды өлшем, мм	Нақтылық	Ra, мкм	Номиналды өлшем, мм	Нақтылық	Ra, мкм		Номиналды өлшем, мм	Нақтылық	Rz, мкм
0	90	f8	2,5	42	f9	2,5	350	96	d11	250
1	80	z8	2,5	64	d9	2,5	300	88	js ^{s15}	250
2	66	x8	2,5	56	d9	2,5	380	72	js ^{s14}	250
3	86	u8	2,5	50	x8	2,5	320	94	js ^{s16}	250
4	76	h8	2,5	48	u8	2,5	370	82	js ^{s15}	250
5	68	s8	2,5	44	f8	2,5	340	76	js ^{s13}	250
6	80	d9	2,5	64	z8	2,5	390	88	js ^{s15}	250
7	94	d9	2,5	60	x8	2,5	360	100	js ^{s14}	250
8	78	x8	2,5	56	u8	2,5	320	84	js ^{s16}	250
9	82	u8	2,5	62	h8	2,5	380	90	js ^{s13}	250
10	64	z8	2,5	46	s8	2,5	340	72	js ^{s14}	250

Тапсырма бойынша есепте көрсетілуі керек::


- бөлшектер мен дайындамалар нобайы;
- операциялық сызбалар нобайы;
- есептеудің нәтижелері көрсетілген есептеу формулалары.

1-4- тапсырманы орындауға мысал (№ 0-нұсқа)

2-қосымшаны пайдалана отырып, бұдырлы ортада орнатылған дайындамаларды өңдеудің реттілігін келесідей беруге болады (1.12-кесте).

В диаметрі үшін диаметрге механикалық өңдеу үшін жалпы әдіпті келесі формула арқылы табамыз (1.5):

$$2Z_{жалпыд} = d_0 - d_d = 96 - 90 = 6 \text{ мм.}$$



1.6-сурет. Білікті өндеу кестесі:

a — бөлшек; *б* — әдіптің өндеуге орналасуы; *в* — жону; *г* — тегістеу

Өндеудің реттілігін ескере келе (1.12-кестені қараңыз), қолда бары $2Z_{жалтыд} = 2Z_1 + 2Z_2 + 2Z_3 + 2Z_4$, (1.8) мұндағы $2Z_1$ — бастапқы жону үшін диаметрге әдіп; $2Z_2$ — таза жону үшін диаметрге әдіп; $2Z_3$ — алдын-ала тазалау үшін диаметрге әдіп; $2Z_4$ — таза тазалау үшін диаметрге әдіп.

П.8.1-кесте бойынша тазалау кезінде диаметрге операциялық әдіп 0,6 мм тең екендігін табамыз. Оны **алдын ала** және таза тазалауларға бөлеміз (шамамен 3:1) және $2Z_3 = 0,4$ мм, $2Z_4 = 0,2$ мм аламыз.

П.8.1-кесте бойынша таза жонуға әдіп $2Z_2 = 1,8$ мм екендігін табамыз, сонда бастапқы жонуға әдіп:

$$2Z_1 = 2Z_{жалтыд} - 2Z_2 - 2Z_3 - 2Z_4 = 6 - 1,8 - 0,4 - 0,2 = 3,6 \text{ мм.}$$

Бұдан бұрын жүргізілген есептеулерді ескере **отырып**, әрбір көшуден кейін алынуға тиісті өлшемдерді табамыз.

Бастапқы жонудан кейін келесі өлшемдерді алу қажет $B_1 = B_0 - 2Z_1 = 96 - 3,6 = 92,4$ ф14.

Таза жонудан кейін келесі өлшемдерді алу қажет $B_2 = B_1 - 2Z_2 = 92,4 - 1,8 = 90,6$ ф12.

1.12-кесте. Дайындаманы өңдеу реттілігі

Операция нөмірі	Көшу мазмұны	Алынатын әдіп, мм	Алынған параметрлер		
			Нақтылық	Келір-бұдырлығы, мкм	Номиналды өлшем, мм
05	Дайындаманы орнату	—	d11	Rz 250	96
		52	f14	Rz 40	44
	Бастапқы жону Ø A (8—14 көшу)				
	Бастапқы жону Ø B	3,6	f14	Rz 40	92,4
	Таза жону Ø A	1,5	f12	Rz 20	42,5
	Таза жону Ø B	1,8	f12	Rz 20	90,6
	Бөлшекті алу	—	—	—	—
10	Дайындаманы орнату	—	—	—	—
	Алдын-ала тегістеу Ø A	0,4	f10	Ra 6,2	42,1
	Алдын ала тегістеу Ø B	0,4	f10	Ra 6,2	90,2
	Бастапқы тегістеу Ø A	0,1	f9	Ra 2,5	42
	Таза тегістеу Ø B	0,2	f8	Ra 2,5	90
	Бөлшекті алу	—	—	—	—
15	Бөлшек параметрлерін бақылау	—	—	—	—

Алдын ала тегістегеннен кейін келесі өлшемдер алу қажет $B_3 = B_2 - 2Z_3 = 90,6 - 0,4 = 90,2f_{10}$.

Таза тегістегеннен кейін келесі өлшемдер алу қажет $B_4 = B_3 - 2Z_4 = 90,2 - 0,2 = 90f_8$.

А диаметрі үшін әрекет алгоритмі алдыңғы әрекет секілді. Механикалық өңдеу үшін диаметрге жалпы әдіпті келесі формула бойынша табамыз (1.5):

$$2Z_{жалпы} = 2Z_1 + 2Z_2 + 2Z_3 + 2Z_4, \quad (1.9)$$

мұндағы $2Z_1$ — бастапқы жону үшін диаметрге әдіп; $2Z_2$ — таза

жону үшін диаметрге әдіп; $2Z_3$ — алдын ала тегістеу үшін диаметрге әдіп; $2Z_4$ — таза тегістеу үшін диаметрге әдіп.

П.8.1-кесте бойынша, тегістеу кезінде диаметрге операциялық әдіп 0,5 мм тең. Оны алдын-ала және таза тегістеуге бөлеміз (шамамен 3:1) және $2Z_3 = 0,4$ мм, $2Z_4 = 0,1$ мм аламыз.

П.8.1-кесте бойынша таза жонуға әдіп $2Z_2 = 1,5$ мм. Онда бастапқы жонуға әдіп $2Z_1 = 2Z_{жалпыд} - 2Z_2 - 2Z_3 - 2Z_4 = 54 - 1,5 - 0,4 - 0,1 = 52$ мм.

Әрине, бастапқы жонуға мұндай үлкен әдіпті дайындаманың қаттылығына қарай бірнеше рет өткізу арқылы алып тастау қажет болады. Бұдан бұрын жүргізілген есептеулерді ескере отырып, әрбір көшуден кейін алынуға тиісті өлшемдерді табамыз.

Бастапқы жонудан кейін алынуға тиісті өлшем $B_1 = B_0 - 2Z_1 = 96 - 52 = 44f14$.

Таза жонудан кейін алынуға тиісті өлшем $B_2 = B_1 - 2Z_2 = 44 - 1,5 = 42,5f12$.

Алдын-ала тегістеуден кейін алынуға тиісті өлшем $B_3 = B_2 - 2Z_3 = 42,5 - 0,4 = 42,1f10$.

Таза тегістеуден кейін алынуға тиісті өлшем $B_4 = B_3 - 2Z_4 = 42,1 - 0,1 = 42f9$.

Жону мен тегістеуге арналған операциялық нобайлар 1.6 в, г суреттерде тиісінше көрсетілген, ал есептеулер нәтижесі 1.12-кестеге жинақталған.

1.5-тапсырма


Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (1.13-кесте) кестелер көмегімен операциялық әдіптерді анықтау, барлық көшулерді орындау үшін аралық өлшемдерді есептеу, бөлшектің бір сатысын өңдеу үшін (оқытушының нұсқауы бойынша) операциялық нобайлар орындау (1.7, а сурет). Дайындама-бұдырлы білік (1.7, б сурет) фрезерлік-орталық білік операциясын өтті.

Тапсырма бойынша есепте көрсетілуі керек:

- бөлшектер мен дайындамалар нобайы;

1.13-кесте. 1.5- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Дайындама көрсеткіштері				Бөлшек көрсеткіштері				L, мм
	Ø A	Ø Б0	Ø В0	Ø Г0	Ø АΛ	Ø БΛ	Ø ВΛ	Ø ГΛ	
0	44d11	66d11	40d11	32d11	38f8	60f8	36f8	28f8	430
1	40js15	46js15	36js15	34js15	30z8	40z8	32z8	22z8	430
2	38js14	66js14	34js14	26js14	32x8	60x8	30x8	20x8	430
3	46js16	62js16	42js16	34js16	38u8	56u8	38u8	28u8	430
4	50js15	66js15	48js15	37js15	44h8	62h8	44h8	32h8	430
5	50js13	68js13	40js13	27js13	42s8	64s8	36s8	20s8	430
6	40js15	60js15	42js15	29js15	30d9	55d9	38d9	22d9	430
7	32js14	66js14	36js14	27js14	28d9	60d9	30d9	20d9	430
8	42js16	64js16	40js16	34js16	38x8	58x8	36x8	28x8	430
9	40js13	66js13	35js13	30js13	32u8	62u8	32u8	22u8	430
10	32js14	50js14	35js14	25js14	25z8	44z8	30z8	18z8	430



1.7-сурет. Білік:

a — бөлшек өлшемі; **б** — дайындама өлшемдері


- операциялық нобайлар;
- есептеулердің нәтижесі берілген есептеу формулалары.

1.6-тапсырма

Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (1.14-кесте) кестелер көмегімен аралық (операциялық) өлшемдерді есептеу, операциялық әдіптерді құру, дайындамасы (1.8, б сурет) штамповкамен алынған болат бөлшектің (1.8, а сурет) жалпақ бетін өңдеу үшін кестелер бойынша (4-қосымша) әдіптер таңдау. 020Н9 саңылауы толық өңделген.

1.14-кесте. 1.6- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Дайындама мен бөлшектердің көрсеткіштері	Нұсқа нөмірі										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
A_0 , мм	74	86	94	120	78	90	132	150	64	87	98
A_d , мм	68	79	88	114	72	84	125	143	58	80	91
Бөлшектің ені B , мм	60	48	66	58	37	65	68	45	78	46	100
Ra , мкм	6,25	12,5	6,25	6,25	12,5	12,5	20,0	6,25	12,5	6,25	20,0
Бөлшектің ұзындығы L , мм	120	88	168	240	140	256	186	160	242	320	210



1.8-сурет. Жалпақ бетті өңдеу сызбасы: а — бөлшек өлшемі; б — дайындама өлшемдері

Тапсырма бойынша есепте көрсетілуі керек:

- бөлшектер мен дайындамалар нобайы;
- операциялық нобай;
- есептеудің нәтижелері көрсетілген есептеу формулалары.

1.3 ДАЙЫНДАМАЛАР ӨЛШЕМІН ЕСЕПТЕУ

Дайындама формасы бөлшек формасына жақындатылған болуы керек. Бұл жақындау көпшілік жағдайда бөлшекті дайындаудың технологиялық процесінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін анықтайды.

Дайындаманы жобалау — бұл оның формасын, рұқсат етілетін ауытқуларымен өлшемін, механикалық өңдеуге әдіпті, бөлшекке арналған дайындама сай болуы тиіс материалдың қаттылығын орнату.

Алдын-ала бапталған білдекте бір жұмысшы қадамында кез-келген бетті өңдеу кезінде, өңдеу жүйесінің иілмелі деформациясы және a өлшемінің шегі шегінде өзгермелі дайындамалардың нәтижесінде, a дайындамалар партиясы ең аз a_{min} — дан ең көп a_{max} дейін өзгереді, b бөлшектер өлшемі де аз a_{min} —дан ең көп a_{max} дейін өзгереді. Аралық әдіптің Z мәні де осылайша аз Z_{min} —дан ең көп Z_{max} дейін өзгереді.

Ең аз i аралық әдіптің мәні айырмашылық ретінде көрсетіледі:

$$Z_{min} — a_{min} — b_{max}. \quad (1.10)$$

Ең көп i аралық әдіптің мәні айырмашылық ретінде көрсетіледі:

$$Z_{max} — a_{max} — b_{min}. \quad (1.11)$$

Дегенмен аталған оқу құралының аясында әдіптердің Номиналды мәндерін, дайындамалар өлшемін және бөлшектер өлшемін қолданған жөн.


Номиналды әдіп — бұл алдыңғы $(i - 1)$ көшу кезінде алынған 1 дайындаманың a_i Номиналды өлшемі мен бөлшектің b_i өлшемі арасындағы айырмашылық:

$$Z_{i \text{ ном}} = a_{i-1} - b_i. \quad (1.12)$$

Онда дайындаманың нақты бетін өңдеуге жалпы Z_0 Номиналды әдіп аталған бетті өңдеу бойынша барлық технологиялық көшулерге Номиналды болатын әдіптердің сомасы түріде есептеледі. Сонымен қатар, бұл әдіп дайындама мен бөлшектердің айырмашылығына тең болады, яғни:

$$Z_0 = \sum_{i=1}^n Z_{i \text{ ном}} = a_{\text{ном.заг}} - b_{\text{ном.дет}} \quad (1.12)$$

мұндағы n — технологиялық көшулердің немесе аталған бетті өңдеу бойынша операциялардың жалпы саны.



1.9-сурет. Дайындамалар өлшемін анықтау сызбасы: *а* — бөлшектер өлшемдері; *б* — әдіптердің орналасуы және дайындама өлшемдері

Осылайша, бастапқы дайындаманың әрбір бетінің сыртқы Номиналды өлшемін бөлшектің әрбір бетінің d_d , D_d , L_d сыртқы Номиналды өлшемдеріне аталған бетті өңдеу үшін $Z_{жалтыd}$, $Z_{жалтыD}$, $Z_{жалтыL1}$, $Z_{жалтыL2}$ Номиналды әдіптерді қосу арқылы анықтайды. Бастапқы дайындаманың әрбір бетінің ішкі Номиналды өлшемін бөлшектің әрбір бетінің ішкі Номиналды өлшемдерінен, аталған бетті өңдеу үшін, жалпы Номиналды әдіптерді алып тастау арқылы анықталады. Осылайша, мысалы, 1.9, *а* суретте бейнеленген бөлшектер үшін бастапқы дайындаманың (1.9, *б* сурет) өлшемдерін келесі формуламен анықтауға болады:

$$d_0 = d_d + 2Z_{жалтыd} \quad (1.14)$$

$$D_0 = D_d + 2Z_{жалтыD} \quad (1.15)$$

$$L_0 = L_d + Z_{общL1} + Z_{общL2} \quad (1.16)$$


$Z_{жалтыd}$, $Z_{жалтыD}$, $Z_{жалтыL1}$ және $Z_{жалтыL2}$ жалпы әдіптерді тиісті кестелер бойынша таңдайды.

1.7-тапсырма

Тапсырма нұсқаларының бірі бойынша (1.15-кесте) шағын сериялы өндіріс жағдайында (200 дана/жыл) болат илемнен (18ХН3А) білік (1.10, *а* сурет) дайындау үшін бастапқы дайындама жобалау. Илемнің бетінің кедір-бұдырлығы $Rz\ 250$ мкм.

1.15-кесте. 1.7- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Бөлшектер көрсеткіштері								
	Ø А		Ø Б		Ø В		L1, мм	L2, мм	L, мм
	Номиналды өлшемі, мм	Rz, мкм	Номиналды өлшемі, мм	Rz, мкм	Номиналды өлшемі, мм	Rz, мкм			
0	80	1,2	89	1,2	85	80	130	100	250
1	60	2,5	100	2,5	70	80	100	120	260
2	30	1,2	80	2,5	40	80	110	90	250
3	120	2,5	140	1,2	60	80	80	120	250
4	80	2,5	100	1,2	70	80	110	105	260
5	20	1,2	80	2,5	40	80	85	95	200
6	90	2,5	160	2,5	80	80	140	60	250
7	68	1,2	100	2,5	45	80	125	75	250
8	75	2,5	100	1,2	78	80	100	60	200
9	30	1,2	88	2,5	40	80	105	124	260
10	70	1,2	100	1,2	60	80	88	68	200



1.10-сурет. Білік үшін дайындама жобалау сызбасы: *a* — бөлшектер өлшемі; *б* — дайындамалар өлшемі

Тапсырма бойынша есепте көрсетілуі керек:

- бөлшектер мен дайындамалар нобайы;
- есептеудің нәтижелері көрсетілген есептеу формулалары

1.7- тапсырманы орындауға мысал (Нұсқа № 0)

Бөлшек сызбасын талдау нәтижесінен (1.10, а –суретті қараңыз) білік диаметрлерінің айырмасы аса үлкен емес екенін ($\Delta d < 9$ мм), дайындама материалының механикалық құрамына талаптар жоқ екенін, ал өндіріс шағын сериялы екенін көруге болады. Сондықтан L_0 және диаметрі d_0 цилиндр шыбықшадан даналап дайындама кесіп дайындау рұқсат етілген.

d_0 дайындаманың диаметрі формула бойынша анықталады (1.14). Жалпы әдіп (П8.1-кесте) $2Z_{\text{жалпы}d} = 8$ мм 180...260 мм аралықта дайындама ұзындығын ескере отырып және бөлшектің кедір-бұдырлығы Ra 1,2 мкм. Сонда дайындаманың **сыртқы** диаметрі

$$d_0 = d_A + 2Z_{\text{жалпы}d} = 89 + 8 = 97 \text{ мм.}$$

Даналап дайындаманың L_0 ұзындығын формуламен анықтаймыз (1.16). П8.1-кесте бойынша 180.260 мм аралықта дайындаманың ұзындығын және бөлшектің кедір-бұдырлығы Rz 40 мкм ескере отырып табамыз

$$Z_{\text{жалпы}L1} = Z_{\text{жалпы}L2} = 4 \text{ мм.}$$

Мұнда даналап дайындаманың ұзындығы

$$L_0 = L\delta + Z_{\text{жалпы}L1} + Z_{\text{жалпы}L2} = 250 + 4 + 4 = 258 \text{ мм.}$$

Шыбықшаны даналап дайындамаға кесу кезінде 12-ші квалитет бойынша ұзындыққа шек тағайындаймыз ($js12$), ал диаметрге шек + 0,6-1,7 мм етіп белгілейміз (Мемстандарт 2590—88 **бойынша**). Дайындама нобайы 1.10, б суретте берілген.

1.8- тапсырма


Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (1.16-кесте) шағын сериялы өндіріс жағдайында (200 дана/жыл) болат илемнен білік (1.10, а сурет) дайындау үшін бастапқы дайындама жобалау. Көлемнің бетінің кедір-бұдырлығы Rz 250 мкм.

Тапсырма бойынша есепте көрсетілуі керек:

- бөлшектер мен дайындамалар нобайы;
- есептеудің нәтижелері көрсетілген есептеу формулалары

1.16-кесте. 1.8- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Бөлшек көрсеткіштері								
	Ø A		Ø B		Ø B		L_1 , мм	L_2 , мм	L , мм
	Номиналды өлшемі, мм	Ra , мкм	Номиналды өлшемі, мм	Ra , мкм	Номиналды өлшемі, мм	Ra , мкм			
1	70	2,5	120	2,5	70	80	100	100	200
2	40	1,2	180	2,5	40	80	90	90	260
3	60	2,5	100	1,2	60	80	60	60	200
4	70	2,5	160	1,2	70	80	105	105	260
5	40	1,2	90	2,5	40	80	95	95	220
6	80	2,5	110	2,5	80	80	60	60	210
7	45	1,2	100	2,5	45	80	75	75	230
8	78	2,5	140	1,2	78	80	60	60	180
9	40	1,2	98	2,5	40	80	80	80	205
10	60	1,2	150	1,2	60	80	68	68	195



1.11-сурет. Өңделетін бөлшектің эскизі (біліктің)

1.9-тапсырма

Тапсырма нұсқаларының бірі бойынша (1.17-кесте) ірі сериялы өндіріс жағдайында (20 000 дана/жыл) сұр шойыннан корпус (1.12-сурет) дайындау үшін бастапқы дайындама жобалау. Илемнің бетінің кедір-бұдырлығы $Rz\ 320$ мкм.

Тапсырма бойынша есепте көрсетілуі керек:

- бөлшектер мен дайындамалар нобайы;
- есептеудің нәтижелері көрсетілген есептеу формулалары.


1.9-тапсырманы орындауға мысал (нұсқа № 0)

Бөлшек сызбасы талдауынан (1.12-суретті қараңыз) көрінетіні, механикалық өңдеуге түсетіндер:

- D жалпақтықтан $E = 70$ мм арақашықтықта орналасқан, диаметрі $D = 55$ мм ішкі саңылау;
- жалпақтық D негіздеме;

1.17-кесте. 1.9-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Бөлшектің көрсеткіштері	Нұсқа										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Бастапқы база (ББ) – бұл, технолог осы база ретінде дайындама бетін, сызықты және нүктесін таңдайтын, оларға қатысты **технологиялық құжатта**, мысалы операциялық картада, аталған операцияда өңделіп жатқан беттің орналасу қалпы үйлестірілген бет, сызық немесе нүкте екендігін есімізге түсірейік. Өңделіп жатқан беттің өлшемін үйлестіретін өлшемдерді **бастапқы өлшемдер** деп атайды.

Конструкторлық база бастапқы базамен қосарластырылмаған жағдайда бастапқы базаны таңдау — тапсырмасы туындайды. Бұл жағдайда бастапқы базаны конструкторлық базамен қосарластыру керек **пе**, жоқ па деген мәселе шешіледі. Осы екі базаның (ОБ немесе КБ) қайсысы жақсы өлшем базасы бола алатындығын ескере **отырып**, шешім қабылданады.

Бұл арада екі маңызды түсінік басшылыққа алынады, бастапқы базаны конструкторлық базамен қосарластыруды басым ете отырып (ББ = КБ):


- (ББ = КБ) қосарластыру кезінде **операциялық** (бастапқы) өлшемдер мен бөлшектің жұмысшы сызбасындағы (конструкторлық өлшем) арасында байланыс күмәнсіз болады және технологиялық процесті өңдеу кезінде берілген нақтылықты қамтамасыз етілуін бақылау жеңіл;
- Кез-келген басқа операциялық өлшемді қою (ББ ≠ КБ) бөлшекті операциядан кейін бақылау көлемін ұлғайтуды талап етеді.

Дегенмен, егер тек салмақты себептер болған кезде ғана осы екі пікірді алып **тастап**, бастапқы базаны орнату базасымен (ББ = УБ) қосарластыруға болады:

- білдекті операциялық өлшемге реттегеннен кейін бастапқы өлшемді бақылау қажет;
- конструкторлық база өлшеу базасы ретінде қажеттілігі аз.

1.37-тапсырма

М жікті өңдеу кезінде (1.44-сурет) дайындама 1.44, б-суретте көрсетілген сызба бойынша базаланады. A_k конструкторлық өлшемді қамтамасыз ету үшін, жіктің түбін үйлестіруші A_6 бастапқы өлшемді операциялық нобайда қалай қою керектігін шешу қажет.




1.44-сурет. Саңылауды өндеуде базаларды таңдау:

а – конструктор сызбасы; *в* – ИБ және КБ-ны біріктіру (ИБ = КБ); *г* – ИБ және УБ (ИБ = УБ)-ны біріктіру

Бастапқы базаны конструкторлық базамен (1.44-сурет) немесе орнату базасымен (1.44, г-сурет) қосарластыру қажет **пе**, жоқ па деген мәселені шеше отырып, операцияны реттеу кезінде кескіш құралды (фреза) берілген өлшемге орнату қажет екендігін ескеру қажет. Сондықтан бастапқы базаны орнату базасымен қосарластыруға болады, яғни операциялық нобайдегі бастапқы өлшемді 1.44, г-суіретте көрсетілгендей етіп қоюға болады.

1.38-тапсырма

К саңылауын өндеу кезінде (1.45, а-сурет) жону білдегінде 1 дайындама 1.45, б-суретте көрсетілген сызба бойынша базаланады. Операциялық нобайдағы бастапқы өлшемді дұрыс қою талап етіледі.




1.45-сурет. Қозғалмайтын бөлшегі бар саңылауды қашау сызбасы: *а* – конструктор сызбасы; *б* – бастапқы базаны таңдау (ИБ = УБ)

Операцияны реттеу кезінде жонғылы кескіш 2 қалпын бақылау талап етілетіндіктен, A_6 бастапқы өлшемді реттеу кезінде өлшемдерді қате есептемеу үшін 1.45, б, -суретте көрсетілгендей етіп орнату қажет. Егер ББ және КБ қосарластыратын, онда болса операцияны реттеу процесі қиындайды, себебі ББ ОБ-мен қосарластырылмайды.

1.39-тапсырма


Жікті өңдеу кезінде (1.46, а-сурет) 1 дайындама ішкі диаметр бойынша цилиндрлі жақтауға 2 орнатылады (1.46, б). A_k конструкторлық өлшемін алуды қамтамасыз ететін бастапқы өлшемдерді қойып шығуды талап етіледі.

Бұл жағдайда конструкторлық база ретінде сыртқы цилиндрлі бет М тудырушы қызмет етеді, ол өлшеу базасы рөлін атқара алмайды, себебі ол дайын бөлшекте жоқ.



1.46-сурет. Жікті өңдеу сызбасы:

а – конструктор сызбасы; б – шығу базасының сызбасы (ИБ = УБ)



1.47-сурет. Бастапқы көлемді кою: а – конструктор сызбасы ; б – бастапқы базаны таңдау (ББ = ОБ)

Сондықтан бастапқы базаны орнату базасымен қосарластыру қажет, ал A_6 бастапқы өлшемді 1.46, b –суретте көрсетілгендей етіп қойып шығу керек. Аталмыш жағдайда өлшем базасы ішкі цилиндр бетінде түзуші C болады.

1.40-тапсырма

Конструкторлық база 1.47, a -суретте көрсетілген. A_6 бастапқы өлшем дұрыс қойылды ма, жоқ па оны бағалау операциялық нобайдегі M бетті фрезерлеу дайындаманы 1.47, b –суретте ($OB = IB$) көрсетілгендей сызба бойынша базалаған кезде.

№ 1.3-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС. Білдектің өңдеу аумағында дайындаманы базалау

Жұмыстың мақсаты — конструкторлық және технологиялық базалар туралы және дайындамаларды базалау туралы білімін бекіту; базаларды қосарландыру принципін тәжірибеде қолдану білік және дағдыларын игеру, операциялық нобайдерді құру кезінде базалау теориясын пайдалана алу, сонымен қатар дайындамаларды базалау кезінде базалар қосарланбаған жағдайда өңдеулердің күтілетін дәлсіздігі шамасын анықтау бойынша дағдысын қалыптастыру.

Практикалық жұмыс есебінде:

- дайындама нобайы;
- тапсырманың өз нұсқасындағы операциялық нобай;
- базаларды қосарландыру принципінің сақталуын талдау нәтижесі;
- базаларды қосарландыру принципінің сақталуын талдау нәтижесі бойынша дәлсіздікті есептеу нәтижесі;
- жұмыс бойынша қорытындылар.

Жұмысты орындауға қысқаша әдістемелік нұсқаулар

Базалар деп бөлшектің өзінің бет, сызық немесе нүктесі аталады, немесе бөлшектің өлшемімен байланысқанды атайды, оларға қатысты басқа осы бөлшектің бетін, сызығын немесе нүктенің қалпын өлшейді. Бөлшектерді дайындаудың технологиялық процесін әзірлеу кезінде конструкторлық база және технологиялық

базаларды көрсетеді.

Конструкторлық базаларды осы бөлшектің жұмысшы сызбасында немесе жинақтау сызбасындағы бөлшектердің беттерін өзара байланыстыру үшін конструктор қолданады. Бұл сызбаларда барлық байланысқан беттер біреуі екіншісіне қатысты конструкторлық базалар болып табылады.

Технологиялық базалар технологиялық сызбаларда қолданылады, олардың бастысы операциялық нобай. Алдыңғы операцияларда өңделген беттер, оның ішінде дайындалған операцияларда өңделген беттер осы база болып табылады. Технологиялық базаларды бастапқы, орнату (контактілі) және өлшеу базалары деп бөлу ыңғайлы.

Бастапқы базаны операциялық картада бастапқы өлшем көмегімен өңделетін бет қалпын үйлестіру үшін қолданады.

Орнату базасын дайындаманы білдектің өңдеу аумағына базалау кезінде қолданады. Осы базаның көмегімен дайындаманың қалпының бастапқы өлшем бағытына нақтылығы құрылады. Орнату базасы орнату элементімен байланысқа түсетіндіктен, онда ол үшін тек қолда бар дайындаманың беті ғана таңдалуы мүмкін.

Өлшеу базасын өңделген беттің қалпының дұрыстығын өлшеу үшін қолданады, яғни оған қатысты бастапқы өлшем тексеріледі.


Әрбір операцияны құру кезінде технолог аталған барлық базаларды қосарластыруға тырысуы керек, яғни конструктор бөлшектің жұмысшы сызбасында көрсеткен сол бір бөлшектің элементтерін пайдалану.

Осылайша, технолог үшін конструкторлық база негізгі база болып табылады, ол **соның** көмегімен, дайындаманың бетін өңдеу кезінде, бастапқыны қосарластыруға талпынады. Бөлшек үшін арнайы білдекті тетік **жобаланған** жағдайда орнату базасын бастапқы базамен қосарластыруға тырысады. Аралық тексеру кезінде бастапқы өлшемді тексеру әдісін анықтау кезінде өлшеу базасын бастапқы базамен қосарландыруға тырысады, ал соңғы бақылау кезінде өлшеу базасын конструкторлық базамен қосарландыруға тырысады.

Практикалық жұмысты орындауға қысқаша әдістемелік нұсқау:

- бөлшек сызбасын зерттеу (1.48, а-сурет) және дайындама сызбасын (1.48, б-сурет);

- жаңа нұсқауға сай келетін, бөлшектің сұлбасын құру (1.29-кесте);




1.48-сурет. Өңделетін бөлшек (а) және дайындаманың сұлбасы (б)

- дайындаманы өңдеу үшін - тапсырмаға берілген өзінің нұсқасының мәліметтері бойынша сызба құру;
- - тапсырманың өз нұсқасы бойынша дайындаманың өңделетін беті үшін конструкторлық база анықтау;
- әрбір бастапқы өлшем үшін базаларды қосарластыру принципінің сақталуын талдау;
- әрбір конструкторлық база үшін дәлсіздікті анықтау;
- базаларды қосарластырмаудың салдарына көңіл аудара отырып, жұмыс бойынша қорытынды жасау.

Практикалық жұмысты орындауға мысал (Нұсқа № 0)

Тапсырманың № 0 нұсқасын және бөлшектің кешендік сұлбасын талдай келе, № 0 нұсқаға сай келетін бөлшек сұлбасын жасаймыз (1.49, а), конструкторлық өлшемі $A_{K1} = 10H14$, $A_{K2} = 20H14$, $A_{K3} = 10H15$, $A_{K4} = 15H13$, $A_{K9} = 15H15$ және $A_{K10} = 10H14$.

84



1.49-сурет. Өңделетін бөлшектің нұсқалары (а және б)

1.29-кесте. №1.3-практикалық жұмысты орындауға арналған жеке нұсқалар

Бөлшектер көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А _{к1}	Номиналды өлшемі, мм	10	12	8	—	12	—	—	14	12	—	6
	Нақтылық	H14	H13	H16	—	H14	—	—	H12	H13	—	H14
А _{к2}	Номиналды өлшемі, мм	20	12	8	—	14	—	—	10	10	—	6
	Нақтылық	H14	H13	H14	—	H16	—	—	H14	H13	—	H16
А _{к3}	Номиналды өлшемі, мм	10	—	—	12	—	14	—	12	—	6	7
	Нақтылық	H15	—	—	H14	—	H14	—	H16	—	H14	H13
А _{к4}	Номиналды өлшемі, мм	15	—	—	14	—	12	—	12	—	8	7
	Нақтылық	H14	—	—	H16	—	H13	—	H14	—	H15	H14
А _{к5}	Номиналды өлшемі, мм	—	10	—	—	8	—	10	—	8	10	—
	Нақтылық	—	H13	—	—	H13	—	H13	—	H13	H13	—
А _{к6}	Номиналды өлшемі, мм	—	20	—	—	14	—	22	—	18	20	—
	Нақтылық	—	h15	—	—	h15	—	h14	—	h15	h16	—
А _{к7}	Номиналды өлшемі, мм	—	12	—	—	10	—	11	10	—	12	—
	Нақтылық	—	js13	—	—	js13	—	js15	js13	—	js14	—
А _{к8}	Номиналды өлшемі, мм	—	10	—	—	10	—	10	12	—	12	—
	Нақтылық	—	js13	—	—	js15	—	js13	js16	—	js13	—
А _{к9}	Номиналды өлшемі, мм	15	—	8	14	—	12	—	6	—	—	10
	Нақтылық	H15	—	H14	H15	—	H16	—	H13	—	—	H14
А _{к10}	Номиналды өлшемі, мм	10	—	8	10	—	12	—	6	—	—	12
	Нақтылық	H14	—	H16	H13	—	H14	—	H14	—	—	H15

Бөлшектер көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А _{к11}	Номиналды өлшемі, мм	—	—	20	15	—	22	20	—	22	—	24
	Дәлдік	—	—	jsl3	jsl 5	—	jsl 4	jsl G	—	jsl 3	—	jsl 3
А _{к12}	Номиналды өлшемі, мм	—	—	5	10	—	8	6	—	10	—	9
	Дәлдік	—	—	H13	H15	—	H16	H13	—	1114	—	1113

Бір орнату кезінде өңдеу үшін базалау сызбасын құру кезінде тапсырмаға берілген өзінің нұсқасының мәліметтері бойынша (1.29-кестеге қараңыз) орнату базасы ретінде, өңделетін беттердің көбісі үшін конструкторлық базалар болып табылатын беттерді қабылдаймыз. Бұндай жағдайда дайындаманы базалаудың қабылданған сызбасы және алынатын А_и бастапқы өлшемдер 1.49, б. суретте көрсетілген.

Әрбір бастапқы өлшем үшін базаларды қосарластыру принципінің сақталуын талдаймыз. Дайындаманы базалау сызбасын талдаудан (1.49, б) көретініміз, А_{и1}, А_{и2}, А_{и3}, А_{и4} және А_{и9} (ОБ = КБ = ББ) базаларын қосарластыру принципін бұзбастан қамтамасыз етілуі және конструкторлық өлшемдер дәлділігі бастапқы өлшемдер дәлділігіне сәйкес келеді. Сонда да А_{и3} және А_{и10} бастапқы өлшемдер базаларды қосарластыру принципін бұза отырып қамтамасыз етілген (ОБ Ф КБ Ф ББ), және А_{к3} және А_{к10} конструкторлық өлшемдер дәлділігі бастапқы өлшемдер дәлділігіне сәйкес келмейді. Мұндай сәйкестікке қол жеткізу үшін А_{б3} бастапқы өлшемнің дәлділігін 0,3 мм арттыру керек, ол КБ және ОБ өзара қалпының дәлсіздігіне сай (өлшем 60₋₀₃), ал А_{и10} бастапқы өлшемнің дәлділігін 0,5 мм шамаға арттыру керек, ол КБ және ОБ өзара қалпының дәлсіздігіне сай (өлшемі 90₋₀₅).

Бастапқы өлшемнің дәлділігі қоры жеткіліксіз болса, онда дайындаманың тиісті өлшемдерінің дәлділігін артыруға (өлшемдер 60₋₀₃ және 90₋₀₅) немесе төмендетуге А_{к3} және А_{к10}.

Қорытынды ретінде базаларды қосарландыру принципін бұзу әрқашан өлшемдерді дұрыс есептемеуге алып келетіндігін, ал кей жағдайда дайындама мен бөлшектің дәлділігінің өзгеруіне алып келетінін атап өтуге болады.

№ 1.3-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ ҮШІН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Дайындамаларды базалау деп нені түсінеміз?
2. «База» сөзіне анықтама беріңіз және дайындаманы өңдеудің технологиялық процесін жобалау кезінде қолданылатын базалар түрін атаңыз.
3. Конструкторлық базалар?
4. Технологиялық базалар?
5. Орнату базасы дегеніміз не?
6. Өлшеу базалары нені білдіреді?
7. Дайындаманың беттерін өңдеу бірізділігі дегенді түсіндіріңіз.
8. Орнату базасын таңдау кезінде технолог басшылыққа алуы қажет ережелердің мәнін түсіндіріңіз.
9. Технологиялық (бастапқы) базасын таңдау кезінде технолог басшылыққа алуы қажет ережелердің мәнін түсіндіріңіз.
10. Дайындаманы өңдеу кезінде тұрақты орнату базасын қолдануға мысал келтіріңіз.

1.9. МЕХАНИКАЛЫҚ ӨНДЕУДІҢ ДӘЛДІЛІГІ

Өңдеу дәлділігі бөлшектің нақты өлшемінің таралу алаңының дәлсіздікның берілген алаңына сәйкестігімен бағаланады. Механикалық өңдеуге қатысты негізінен бөлшектің геометриялық параметрлері қарастырылатын болады.

Бөлшектің геометриялық дәлділігін бағалау үшін дәлділіктің екі сипаттамасын қарастырған ыңғайлы. **Дәлділіктің бірінші сипаттамасына** беттің өздерінің дәлділігі параметрлері жатады (формасы, өлшемі, кедір-бұдырлығы). **Дәлділіктің екінші сипаттамасына** қарастырылып отырған беттің, осы бөлшектің басқа да беттеріне қатысты орналасу қалпының дәлділігі параметрлерін жатқызады (үйлестіруші өлшеміне, параллельділігіне, перпендикулярлығына қарай).

Сонымен қатар, өңдеудің дәлділігін анықтау үшін дәлдіктің келесі санаттарын пайланады:

1. **Берілген (талап етілетін) дәлдік**, ол берілген өлшемге *T* дәлсіздікке сәйкес. Берілген дәлділікті бөлшектердің жұмысшы сызбаларында немесе бұйымның жинақтау сызбаларында көрсетеді.

2. **Күтілетін (есептелген) дәлдік**, өлшемдердің күтілетін (есептелген) таралуына тең.

3. **Нақты дәлділік**, дайын бөлшектерді немесе жинақтау бірліктерін өлшеу кезінде алынған, өлшемдердің нақты таралуына тең.

Технологиялық және конструкторлық сызбаларда әрбір өлшем екі рұқсат етілген шектік мән түрінде беріледі, ең көп $L_{\max}$ және ең аз $L_{\min}$. Бұл мәндер арасындағы айырмашылықты **T өлшемнің шегі** деп атайды:

$$T = L_{\max} - L_{\min}$$

Өңдеудің дәлсіздігі — бұл өңдеудің дәлділігінің сандық көрсетілуі. Өңдеудің дәлсіздігі өңдеу жүйесіне келесі әсерлерден туындайды:

- металл өңдеу білдектерінің дәлсіздігі;
- білдек тетігінің дәлсіздігі;
- кескіш құралдың дәлсіздігі;
- өңделетін бөлшек үшін дайындаманың дәлсіздігі;
- өңдеу жүйелеріндегі иілу деформациясы;
- өңдеу жүйелеріндегі температуралық ауытқулар;
- реттеу кезінде кескіш құралдың өлшемге орнатылуының дәлсіздігі.

Өңдеудің дәлсіздігін бағалау кезінде анықталады: өлшемді

- автоматты түрде алу кезіндегі күтілетін дәлсіздік;
- өңдеудің сомалық дәлсіздігі;
- өңделген беттің формасының дәлсіздігі;
- беттердің өзара қалпының дәлсіздігі;
- беттің кедір-бұдырлығы.

1.10. ҮЙЛЕСТІРУШІ ӨЛШЕМДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АЛУ КЕЗІНДЕ КҮТІЛЕТІН ДӘЛДІЛІКТІ АНЫҚТАУ

Дайындама білдектің өңдеу аумағында немесе бөлшек үшін білдек тетігінде немесе тікелей үстелдің үстінде базалануы мүмкін. Аталған операцияда өңделетін дайындаманың беттері, бастапқы өлшемдер көмегімен өңделмеген беттерге қатысты үйлестіріледі, олардың беттерінің дәлділігі өндірістік дәлсіздікке байланысты болады.

1.50-сурет. Бастапқы өлшемнің күтілетін дәлсіздігінің басты құраушылары

Бірінші топтың дәлсіздігі тетіктегі дайындаманың дайындалуымен байланысты P өңдеудің дәлсіздігін анықтайды.

Екінші топтың дәлсіздігі білдектегі бөлшек үшін тетіктің базалануымен байланысты δ_{Π} өңдеудің дәлсіздігін анықтайды.

Үшінші топтың дәлсіздігі өңдеу әдісімен байланысты болатын t өңдеудің дәлсіздігін анықтайды.

Күтілетін δ_z дәлсіздік бастапқы өлшемде осы басты құраушылардың сомасына тең болады:

$$\delta_z = P + \delta_{\Pi} + \tilde{t}. \quad (1.26)$$

1.50-суретте сызба түрінде басты құраушылар көрсетілген P , δ_{Π} және t күтілетін дәлсіздіктің фрезмен өңделуіне 3 жалпақ бетке қолданылатын M дайындама.

Тетікке дайындаманың базалануымен байланысты P күтілетін дәлсіздіктің басты құраушысы, негізінен, дайындаманың орнату базасының дәлсіздігіне және тетіктің орнату элементтерінің дәлсіздігіне байланысты болады. Осы дәлсіздіктерді біле отырып әрбір бастапқы өлшем үшін P дәлсіздігін есептеп шығаруға болады. P дәлсіздікті есептеп шығарудың жалпы формуласы болады.

Бастапқы және орнату базаларының (ИБ $\neq$ УБ) қосарластырмау жағдайы үшін M жалпақ бетті өңдеуге 1 дайындамаға қолдануға, тегіс 2 цилиндрлік қыспада орнатылған (1.51, а және б -сурет):


$$P = \delta\lambda + \delta_p; \quad (1.27)$$


$$\lambda = T_6 \cos\gamma; \quad (1.28)$$

$$\delta_p = \delta_y \cos\beta; \quad (1.29)$$

$$P = T_6 \cos\gamma + \delta_y \cos\beta, \quad (1.30)$$

мұндағы λ — ИБ-ның УБ-мен қосарласпау дәлсіздігі; δ_p — орнатудың есептеу дәлсіздігі; T_6 — ИБ және УБ-ның өзара орналасу қалпы үшін шек;





1.51-сурет. Р дәлсіздігін есептеу сызбасы:

a — дайындаманы базалау сызбасы; *б* — ББ және ОБ қосарласпау жағдайы үшін есептеу сызбасы; *в* — ББ және ОБ қосарласу жағдайы үшін есептеу сызбасы (ББ = ОБ)

y — T_6 және A_6 бағыттары арасындағы бұрыш; δ_y — тетіктегі дайындаманың дәлсіздігі; β — δ_y және $A_{и}$ бағыттары арасындағы бұрыш.

М жалпақ бетті өндеуге қолданылатын бастапқы және орнату базаларының (ИБ = УБ) қосарласуы жағдайы үшін жеңілдетілген сызбасы 1.51-суретте, *в* көрсетілген (базаларды өзара қалпының дәлсіздігі $X = 0$):

$$P = \delta_y \cos \beta. \quad (1.31)$$


71-қосымшада δ_y және P дәлсіздікті анықтау үшін формулалар көрсетілген.

1.41-тапсырма

М жазықтықты фрезерлеу кезінде тетіктегі (1.52-сурет, *a*) дайындаманы бұрышы $2y = 90^\circ$ призмаға орнатумен байланысты дәлсіздікті анықтау (1.52-сурет, *б*).

Дайындаманы базалау тәсілі бастапқы базаны орнату базасымен қосарластыру жағдайына сәйкес келеді (ИБ = УБ). δ_y орнатудың дәлсіздігі бағыты $A_{и}$ (бұрыш $\beta = 0$) бастапқы өлшемнің бағытына сәйкес келеді. Онда 83-қосымшаны ескере отырып, формула бойынша (1.31)

$$P = \delta_y \cos \beta = T_6 \cos 0/2 \sin 45^\circ = 0,1 \cdot 0,7 = 0,07 \text{ мм.}$$




1.52-сурет. (б) жазықтықты фрезерлеу кезіндегі (а) дайындаманы призмаға орнату сызбасы

1.42- тапсырма


М жігін фрезерлеу кезінде тетіктегі (1.53, б-сурет) дайындаманы бұрышы $2\gamma = 90^\circ$ призмаға келтірумен байланысты дәлсіздікті анықтау (1.53, б-сурет).

1.43- тапсырма


М **жазықтығын** фрезерлеу кезінде тетіктегі дайындаманы ($050_{-0,15}$) бұрышы $2\gamma = 90^\circ$ призмаға орнатумен байланысты P дәлсіздікті анықтау (1.54-сурет).




1.53-сурет. (б) жікті фрезерлеу кезінде (а) дайындаманы орнату сызбасы



1.54-сурет. Жазықтықты фрезерлеу кезінде дайындаманы призмаға орнату сызбасы



1.55-сурет. Тегістікті жоңғылау барысында алдын ала дайындалғанды, тегіс бекітілетін жерге орнату схемасы



1.56-сурет. (б) Тегістікті жоңғылау барысында алдын ала дайындалған (а) - ны, цилиндр тәрізді бекітілетін жерге орнату схемасы

1.44 - тапсырма

М бетті жоңғылау барысында, алдын ала дайындалған ($\text{Ø}40_{-0,2}$)-ды орнатуда оның бетке үйренуіне байланысты Р дәлсіздігін табу (1.55-сурет).

1.45 - тапсырма


М бетті жоңғылау барысында (1.56, б-сурет), алдын ала дайындалған 1-ді (1.56, а-сурет) орнатуда оның орнатылған цилиндрлі затқа үйренуіне байланысты Р дәлсіздігін табу (1.55-сурет). М жазықтықты фрезерлеу кезіндегі 1 дайындаманы (1.56-сурет, а) 2 цилиндрлік орнату элементін тетікке орнатумен байланысты Р дәлсіздікті анықтау (1.56-сурет, б). Цилиндрлік орнату элементіне шек $T_y = 0,05$ мм; орнату элементіне дайындаманы орнату кезіндегі керілдендіріген тесік $\Delta = 0,15$ мм.

1.46 - тапсырма


М жікті фрезерлеу кезіндегі (1.57-сурет) 1 дайындаманы ($\text{Ø} 50_{01}$) 2 цилиндрлік саңылауға тетікте орнатумен байланысты Р дәлсіздікті анықтау. Цилиндрлік орнату элементіне шек $T_y = 0,05$ мм; орнату элементіне дайындаманы орнату кезіндегі керілдендіріген тесік $\Delta = 0,1$ мм.

1.47 - тапсырма

Дайындаманы 158, б – суретте көрсетілген сызба бойынша базалаудан кейін $A_{и}$ бастапқы өлшемдегі өндеудің күтілетін дәлсіздігін анықтау.



1.57-сурет. Жікті фрезерлеу кезіндегі дайындаманы цилиндрлік саңылауға орнату сызбасы



1.58-сурет. (б) саңылауды өңдеу кезіндегі (а) дайындаманы базалау сызбасы

$\tilde{\delta} = 0,04$ мм өңдеу әдісімен байланысты болатын дәлсіздік, тетіктің білдекте орнатылуымен байланысты болатын дәлсіздік $\delta_n = 0$ болатыны белгілі.

(1.26) формулаға сәйкес $\delta_{\Sigma} = P + \delta_n + \tilde{\delta}$ бастапқы өлшемдегі күтілетін дәлсіздік. Себебі, (ИБ $\neq$ УБ) базалардың қосарласпауы жағдайында бастапқы өлшем ұсталады, онда: (1.30): $P = T_6 \cos \alpha + \delta_y \cos \beta$. формулаға сәйкес П16.4-кесте бойынша (жазықтықты жазықтыққа орнату) табатынымыз, $\delta_y = 0$. себебі $y = 0$, а $T_6 = 0,2$ мм (60_{-0,2}), онда $P = 0,2$ мм. Онда бастапқы өлшемдегі күтілетін дәлсіздік $\delta_{\Sigma} = 0,2 + 0 + 0,04 = 0,24$ мм.

1.48 - тапсырма

Тапсырма нұсқаларының бірімен (1.30-тапсырма) шешу керек, L_1 өлшеміне қандай T_1 шегі және L_2 өлшеміне қандай T_2 шегі (1.59-сурет, а) алдыңғы өңдеуде бастапқы өлшемде δ_E күтілетін дәлсіздік берілген $\delta_{\Sigma \text{зад}}$ дәлсіздіктен аспайтындай етіп тағайындау керек. К және М беттерін фрезерлеу операциясы 159, б-суретте көрсетілген дайындаманы базалау сызбасы бойынша орындалады.

1.30-кесте. 1.48 - тапсырмасын орындаудағы жекеленген нұсқа


Бастапқы деректер		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Дәлсіздік	$\delta_{\Sigma 1 \text{зад}}$, мм	0,1	0,1	0,1	0,2	0,1	0,1	0,1	0,2	0,2	0,1	0,2
	$\delta_{\Sigma 2 \text{Еза}}$, мм	0,1	0,2	0,2	0,1	0,2	0,2	0,2	0,1	0,1	0,2	0,2

Бастапқы деректер		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Дәлсіздік	t , мм	0,05	0,08	0,07	0,05	0,05	0,05	0,07	0,08	0,05	0,05	0,05
	δ_n , мм	0	0,01	0,05	0,01	0,05	0	0	0,05	0,05	0	0

Тапсырманы орындауға мысал (нұсқа № 0)

$A_{и1}$ бастапқы өлшемді және L_1 дайындама өлшемін қарастырамыз. Есептің теңдеуі және шарты негізінде (1.26) $5_E = P + 5_n + t < 0,1$ мм. Бұдан, табамыз $P < 0,1 - t - 5_n$. формула бойынша (1.27) $P = X + 5_p$. Бірақ (ББ = ОБ) базаларының қосарлануы жағдайында A_{61} өлшемі ұсталып тұрғандықтан, онда $X = 0$. Ендеше (1.29) $P = 5_{y1} \cos p = 0$ ($5_{y1} = 0$) (П16.4-кесте) **ескере отырамыз**. Осылайша, алдыңғы өңдеуде алынған, L_1 өлшеміне T_1 шегі A_{61} бастапқы өлшемнің дәлділігіне әсер етпейді деген қорытынды жасаймыз, яғни кез-келгені T_1 рұсаттамасы болуы мүмкін.

$A_{и2}$ бастапқы өлшемді және L_2 дайындама өлшемін қарастырамыз. Есептің теңдеуі және шарты негізінде (1.26) $5_E = P + 5_n + t < 0,1$ мм. **Бұдан $P < 0,1 - t - 5_n$ табамыз.** (1.27) формула бойынша $P = X + 5_p$. Бірақ (ББ = ОБ) базаларының қосарлануы жағдайында A_{62} өлшемі ұсталып тұрғандықтан, онда, бастапқы өлшемнің дәлділігіне базалардың өзара қалпының дәлсіздігі әсер етеді ($T_2 = T_6$). Формуланы ескере отырып (1.30) $P = 5_{y2} \cos p + T_2 \cos y = T_2$ ($5_{y2} = 0$, $y = 0$). Онда $T_2 < 0,1 - 0,05 - 0 < 0,05$ мм. Осылайша, алдыңғы өңдеуде алынған, L_2 өлшеміне T_2 шегі 0,05 мм аспауы керек.



1.59-сурет. Екі (б) бетті өңдеудегі алдын ала дайындалған (а) -ның базалау схемасы.

ҚОРЫТЫНДЫ СҰРАҚТАР

1. Нені құралға арналған бастапқы алдын ала дайындық деп атайды?
2. Механикалық өңдеуге әдіптерді тағайындаудың қандай тәсілдері белгілі? Жалпы әдіптің шамасы қандай параметрлерге байланысты болады?
3. Құралдарды қолданудың коэффициенті дегеніміз не?
4. Бастапқы алдын ала дайындалғанның технологиялылығы қандай параметрлермен сипатталады?
5. Механикалық өңдеу түсінігінен не білуге болады?
6. Алдын ала дайындалғанды өңдеудің санатын айтаңыз?
7. Дайындаманы өңдеудің күтілетін дәлсіздігін қалай есептейді?
8. Бастапқы дайындаманың өзіндік құнын құраушыларды атап өтіңіз.
9. Дайындаманы базалаудың дәлсіздігі дегеніміз не?
10. Технолог базаларды қосарландыру принципін бұзған жағдайда неге алып келеді?

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ НОРМАЛАУ

2.1. ДАНАЛЫҚ УАҚЫТТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Операцияны техникалық нормалау – нақты бір өндіріс жағдайында технологиялық процестердің белгілі бір операциясын орындауға техникалық негізделген уақыт нормасын орнатуға мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдердің жиынтығын білдіреді.

Уақыт нормасы — аталған өндіріс үшін айтарлықтай жайлы жағдайда технологиялық процестерді орындаудың техникалық негізделген уақыты.

Уақыт нормасы негізінде жұмысшылардың еңбекақысын есептейді, еңбек өнімділігін анықтайды, технологиялық жабдықтардың қажет санын анықтайды, өндірістік бөлімшелердің жұмысын жоспарлауды жүзеге асырады, жұмысшы күшінің қажеттілігін анықтайды және т.б. Техникалық негізделген уақыт нормасын орнату үшін келесі әдістер қолданылады:

- уақыт нормасын нормативтер бойынша есептеу әдісі;
- нақты бір өндіріс жағдайында жұмыс уақытын хронометраждау және фотолау әдісі;
- уақыт нормасын типтік нормативтер бойынша салыстыру және есептеу әдісі;
- нормалаудың тәжірибелік-статистикалық әдісі.

Нормативтер бойынша есептеу кезінде технологиялық операция элементтерге бөлінеді: ауысу, өту, қабылдаулар және қозғалыс. Әрбір элемент жеке-жеке талданады, және шектес элементтермен үйлесімде. Әрбір элемент үшін анықтамалық бойынша атқарылу ұзақтығы белгіленеді. Жекелеген элементтерге кеткен уақыттардың сомасын біріктіре отырып барлық операциялардың уақыты шығады. Мысалы, жекелеп өндіріс жағдайында жазықтықты фрезерлеу операциясы келесі элементтерден тұруы мүмкін (негізгі, және қосалқы):

- дайындаманы білдекке орнату;
- дайындаманың орналасу қалпын дәлдеу және оны бекіту;

- білдекті іске қосу;
- дайындаманы фрезге келтіру;
- беттің аз бөлігін фрезерлеу;
- дайындаманы фрезерден алу;
алынған өлшемді өлшеу;
лимбаның көмегімен фрезер мен дайындаманың өзара қалпын реттеу;
- дайындаманы фрезерге келтіру және автоматты берілуді іске қосу;
- дайындаманың бетін фрезерлеу; өңдеу
аяқталған **соң**, білдекті сөндіру; бөлшекті босату және алу;
- бөлшекті тараға салу;
- білдек үстелін бастапқы қалпына қою;
- білдекті жоңқалардан тазалау.

Операцияның жекелеген элементтерін орындау ұзақтығы дайындаманың массасы мен көлеміне, дайындаманы базалау сызбасына, білдек типіне, өңдеудің талап етілетін өлшеміне және т.б. байланысты болады. Білдек жұмысын нормалау үшін ұзақтығын жалпы машинажасау анықтамалығы бойынша белгілейді.


Уақыттың техникалық негізделген **нормасын** белгілеу үшін даналық уақытты есептеу қажет.

Даналық уақыт — бұл жаппай өндіріс жағдайында бір бөлшекті өңдеуге кететін уақыт нормасы. Ол бірнеше бөліктен тұрады:

$$T_{\text{дана}} = t_0 + t_B + t_{\text{орг}} + t_{\text{то}} + t_{\text{п}} \quad (2.1.)$$

мұндағы t_0 — негізгі уақыт (машиналық немесе технологиялық); t_B — қосалқы уақыт; $t_{\text{орг}}$ — ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты; $t_{\text{то}}$ — техникалық қызмет көрсету уақыты; $t_{\text{п}}$ — жұмыс кезіндегі демалыс және жеке қажеттілік үшін үзіліс уақыты.

Негізгі уақыт (t_0) деп технологиялық операцияның максатына жеткен уақытын айтады, яғни дайындаманың өлшемі мен формасын өзгерту, сонымен қатар оның бетінің сапасын өзгерту жүзеге асатын уақыт. Негізгі уақыт ішінде бұйымды жинау **кезінде бөлшектер** мен оны бекітудің өзара қалпының өзгеруі жүреді.



2.1-сурет. Өңдеудің есептеу ұзындығын анықтау сызбасы

Дайындаманы білдекте механикалық өңдеу кезінде негізгі уақытты әрбір негізгі ауысу үшін келесі формуламен анықтайды

$$t_0 = L_p i / (S_{\min} a), \quad (2.2)$$

мұндағы L_p — өңдеудің есептеу ұзындығы (2.1-сурет); i — осы ауысудағы жұмысшы өтулердің саны; $S_{\min}$ — кескіш құралды минуттық беру; a — бір мезетте өңделетін дайындамалар саны.

Кескіш құралды минуттық беру келесі формула бойынша анықталады

$$S_{\min} = n S_{об}, \quad (2.3)$$

мұндағы n — сүмбі немесе фрезердің айналу жиілігі, мин^{-1} ; $S_{об}$ — бөлшек немесе фрезерді бір айналымға жіберу.

Өңдеудің есептік ұзындығы келесі формуламен анықталады

$$L_p = L + L_{вр} + L_n, \quad (2.4)$$

мұндағы L — өңделетін бет ұзындығы; $L_{вр}$ — кескіш құралдың кіреkesу ұзындығы; L_n — кескіш құралдың асқынөту ұзындығы (шығу немесе түсу).

Қосалқы уақыт (t_b) — бұл қосалқы ауысуды орындауға кеткен жұмысшының әрекет ету уақыты (дайындаманы орнату және бекіту, бөлшекті алу, білдек мехнизмдерін басқару, қорытынды өлшеу және т.б.).

Оперативті уақыт ($t_{оп}$) — бұл әрбір дайындама үшін операция орындау кезінде қайталанатын, әрекет орындалатын уақыт. Бұл уақыт негізгі уақыт және қосалқы уақыт деп бөлінеді, яғни

$$t_{оп} = t_0 + t_b. \quad (2.5)$$

Жұмыс орнына ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты ($t_{пр}$) — жұмысшының жұмыс орнын өнімділігі жоғары жұмысты қамтамасыз ететін күйде ұстауға жұмсайтын уақыты:

құралды қою және алу, білдекті тексеру және сынау, білдекті жоңғылардан тазалау және оны майлау. Бұл уақыт оперативтік уақыттан пайызбен есептеледі. Мысалы, көпсериялы өндіріс үшін нормативтер бойынша ол оперативтік уақыттың 0,8 ...2,5% құрайды.

Техникалық қызмет көрсету уақыты (t_0) – бұл белгілі бір жұмысты орындау үшін қондырғыға күтім жасау және аспапты үнемі жұмыс күйінде ұстау уақыты: жұмыс уақытында білдекті реттеу және жүзі кеткен кескіш құралды ауыстыру, жұмыс кезінде жоңқаны тазалау. Бұл уақытты негізгі уақыттан пайызбен есептейді. Көпшілік білдектер үшін нормативтер бойынша ол негізгі уақыттың 3.6%-ын құрайды.

Жұмыс орнына ұйымдастырушылық қызмет уақытын нақты қою үшін (жаппай өндіріс кезінде) есептік формулалар қолданады.

Дайындаманы бастапқы өңдеу кезінде:

$$t_0 = t_c/q, \quad (2.6)$$

мұндағы D — жүзі кеткен құралды ауыстыруға кететін уақыт; $q = t/T$ — T кескіш құралдың күшті кезінде өңделетін дайындамалар саны.

Таза өңдеу кезінде:

$$t_{T_0} = (t_n K_{nn} + t_p K_{np} + t)/q, \quad (2.7)$$

мұндағы t_n , t_p — құралды дұрыстау және жөндеуге кеткен уақыт; K_{nn} , K_{np} — құралды дұрыстау және жөндеу саны; q — кескіш құралдың күшті кезінде өңделген дайындамалар саны.

Жұмыс кезінде демалысқа және жеке қажеттіліктер үшін үзілістер уақыты (t) — бұл жұмысшы өзінің жеке физиологиялық қажеттілігі және демалыс үшін кетіретін уақыты. Демалыс уақыты ауыр жұмыс кезінде қарастырылады. Оперативтік уақытынан пайызбен нормативтер бойынша есептеледі. Бір-бірлеп және сериялы өндірісте ол 4.5%, көпсериялы және жаппай өндірісте — 5 . 8 % оперативтік уақыт, бірақ жұмыс ауысымының ұзақтылығының 2 %-нан артық емес.

Дайындау-қорытындылау уақыты (t_3) – білдекті, тетіктерді және құралдарды дайындау және дұрыстау үшін, сонымен қатар дайындамалардың барлық партиясын өндегеннен кейін оларды бастапқы қалпына келтіру үшін дайындамаларды партиямен (сериялы өндіріс) өңдеу кезінде белгіленетін уақыт. Оның шамасы құралдың күрделілігіне, жабдыкталуына, орындалатын жұмыстың және реттеудің күрделілігіне байланысты, бірақ өңделетін

партиядағы дайындама санына байланысты болмайды. Дайындау-қорытындылау уақытын ескере отырып, дайындаманың $t_{\text{парт}}$ (дана) тұратын, барлық партияны өңдеу үшін $t_{\text{парт}}$ уақыт нормасы :

$$t_{\text{парт}} = T_{\text{шт}} Q_{\text{парт}} + t_{\text{п-з}}. \quad (2.8)$$

Даналық-калькуляциялық уақыт ($t_{\text{дана.-к}}$) — бұл өңдеу партиямен жүргізілетін уақытта бір дайындаманы өңдеу (немесе бір бұйымды дайындау) уақыты, яғни дайындау-қорытындылау уақытын, дайындаманың $Q_{\text{парт}}$ (дана) тұратын, барлық партияға береді. Бұл уақыт нормасы келесі формуламен есептеледі

$$t_{\text{шт+к}} = T_{\text{шт}} + t_{\text{п-з}} / q_{\text{парт}} \quad (2.9)$$

2.1-тапсырма


Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (2.1-кесте) М дайындаманың бетін жону үшін негізгі уақытты анықтау, оның өңдеу сызбасы 2.2-суретте берілген.

2.1-кесте. - 2.1-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Бастапқы мәліметтер	Нұсқа										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
L, мм	110	80	90	110	75	60	86	100	102	85	70
tp, мм	2	2	2	1,5	1,5	1,5	2	2	1,5	1,5	2
L _т мм	1,5	1,0	1,5	1,5	1,5	1,5	1,0	1,0	2	1,0	2
S _{об} , мм/айн	0,2	0,3	0,4	0,25	0	0,35	0,2	0,2	0,3	0,3	0,2
n, мин ⁻¹	350	300	320	400	300	400	350	300	400	350	300
Өтулер саны i	2	1	3	3	2	2	1	3	2	2	1

Тапсырманы орындауға мысал (Нұсқа № 0)

Негізгі уақытты анықтау үшін қажет формула (2.2):



2.2-сурет. Дайындаманы жону сызбасы

$$t_0 = Lp / (S_{\min} a)$$

Тапсырмаға сәйкес өңдеу екі өтуден жүргізіледі ($t = 2$), және бір дайындама өңделеді ($a = 1$). Есептеу ұзындығын келесі формуламен есептейміз (2.4):

$$L_p = L + L_{ep} + L_n.$$


Тапсырмаға сәйкес өңделетін беттің ұзындығы $L = 110$ мм, кесу ұзындығы $L_{ep} = 2$ мм, кескіштің өту ұзындығы $L_n = 1,5$ мм. Онда $L_p = 110 + 2 + 1,5 = 113,5$ мм. Минуттық беруді формуламен есептеп шығарамыз (2.3) $S_{\min} = nS_{об}$. Тапсырмаға сәйкес айналу $n = 350$ мин⁻¹ жиілікпен айналады, ал дайындаманың бір айналымына беру $S_{об} = 0,2$ мм. Сонда минуттық беру $S_{\min} = 350 \cdot 0,2 = 70$ мм/мин. Осылайша, негізгі уақыт $C = (113,5 \cdot 2) / (70 \cdot 1)$ және 3,2 мин.

2.2 - тапсырма

Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (2.2-кесте) М дайындамадағы $\varnothing D$ саңылауды бұрғылау үшін негізгі уақытты анықтау, оның өңдеу сызбасы 2.3, а-суретте берілген.

2.2-кесте. 2.2-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар 2.2

Бастапқы мәліметтер	Нұсқа										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
L, мм	20	15	30	25	35	20	30	40	25	30	35
$\varnothing D$, мм	10	10	20	10	15	14	10	16	8	12	10
L_n , мм	1,5	1,0	2,0	1,5	1,5	1,5	1,8	1,5	1,0	1,5	1,5
$S_{об}$, мм/айн	0,1	0,2	0,1	0,2	0,1	0,2	0,1	0,2	0,1	0,2	0,1
n , мин ⁻¹	200	200	150	180	130	140	180	130	200	160	200



2.3- сурет. Бойлап өтетін өңдеу кезіндегі бұрғылау схемасы (а) және есептеу схемасы (б)

Тапсырманы орындауға мысал (Нұсқа № 0)

(2.2) Негізгі уақытты анықтау үшін қажет формула $t_0 = Lpi / S_{мин}a$

(2.3) Тапсырмаға сәйкес бір рет өтумен жүргізіледі ($i = 1$), және бір дайындама өңделеді ($a = 1$). Есептеу ұзындығын келесі формуламен есептеп шығарамыз (2.4) $L_p = L + L_{вр} + L_n$ Тапсырмаға сәйкес өңделетін беттің L ұзындығы 20 мм тең. Кесу $L_{вр}$ ұзындығын геометриялық ара қатынастан табамыз (2.3, б). Бұрғының бұрышы жоспарда 120° $L_{вр} = D \sqrt{2_d/3} = 10/2\sqrt{3} \approx 3$ кезінде. Тапсырма бойынша кескіш құралдың ұзындығы $L_n = 1,5$ мм. Онда есептік ұзындығы $L_p = 20 + 3 + 1,5 = 24,5$ мм. Минуттық беруді $S_{мин}$ келесі формуламен есептейміз (2.3):

$$S_{мин} = n S_{об}.$$

Тапсырмаға сәйкес бұрғы $n = 200$ $мин^{-1}$ жиілікпен айналады, ал бұрғының бір айналымына беру $S_{об} = 0,1$ мм. Сонда минуттық беру $S_{мин} = 200 \cdot 0,2 = 40$ мм/мин. Осылайша, негізгі уақыт $t_0 = (24,5 \cdot 1)/(40 \cdot 1)$ және 0,6 мин.

2.3 - тапсырма

Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (2.3-кесте) дайындамада h тереңдігі M жікті $\varnothing d_\phi$ фрезамен өңдеу үшін негізгі уақытты анықтау, оның өңдеу сызбасы 2.4, а-суретте берілген.



2.3-кесте. 2.3- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Бастапқы мәліметтер	Нұсқа										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
L, мм	60	40	35	50	45	30	58	68	48	62	55

Бастапқы мәліметтер	Нұсқа										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
h, мм	10	12	14	10	15	10	12	14	10	15	12
ϕ , мм	40	60	80	80	90	60	60	70	70	90	80
L_B , мм	5	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10
$S_{об}$, мм/айн	0,6	0,4	0,2	0,4	0,4	0,4	0,2	0,2	0,4	0,4	0,4
n , мин ⁻¹	150	250	250	250	250	250	250	250	250	250	250
Өту саны i	1	2	1	2	3	1	2	3	1	2	3

Тапсырманы орындауға мысал (нұсқа № 0)

Негізгі уақытта анықтау үшін формуланы қолданамыз (3.2) : $t_o = L_{pi} / (S_{шина} a)$. Тапсырмаға сәйкес өңдеу бір рет өтумен жүргізіледі ($t = 1$), және бір дайындама өңделеді ($a = 1$). Есептік ұзындықты келесі формуламен шығарамыз (2.4): $L_p = L + L_{вр} + L_n$. Тапсырмаға сәйкес өңделетін беттің L ұзындығы 60 мм-ге тең. $L_{вр}$ кесу ұзындығын геометриялық ара қатынастан табамыз (2.4, б-сурет). Фрезаның диаметрі $d_\phi = 40$ мм және жіктің тереңдігі $h = 10$ мм $L_{вр} = (\sqrt{d_\phi^2 - h^2}) * 17$ мм. Тапсырма бойынша фрезаның асқынөту ұзындығы $L_n = 5$ мм. Онда есептік ұзындық $L_p = 60 + 17 + 5 = 82$ мм. Минуттық жіберуді $S_{мин}$ келесі формуламен анықтаймыз (2.3): $S_{мин} = n S_{об}$. Тапсырмаға сәйкес фреза $n = 150$ мин⁻¹ жиілікпен айналады, ал фрезаның бір айналымына беру $S_{об} = 0,6$ мм/айн. Сонда минуттық шама $S_{мин} = 150 * 0,6 = 90$ мм/мин. Осылайша, негізгі уақыт $t_o = (82 * 1) / (90 * 1) * 0,9$ мин.



2.4-сурет. Жікті фрезерлеу сызбасы
(а) және есептік сызба (б)

2.4 - тапсырма


Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (2.4-кесте) $\varnothing d_{\text{ф}}$ жалпақ бетті бүйірлік фрезамен өңдеу үшін, В дайындама ені, негізгі уақытты анықтау, оның өңдеу сызбасы 2.5-суретте берілген.

2.4-сурет 2.4- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Бастапқы мәліметтер	Нұсқа										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
L, мм	60	40	35	50	45	30	58	68	48	62	55
B, мм	20	30	40	40	50	30	25	40	45	60	40
$\varnothing d_{\text{ф}}$, мм	40	60	80	80	90	60	60	70	70	90	80
$L_{\text{п}}$ мм	5	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10
$S_{\text{об}}$, мм/айн	0,5	0,4	0,2	0,4	0,4	0,4	0,2	0,2	0,4	0,4	0,4
n, мин ⁻¹	150	250	250	250	250	250	250	250	250	250	250
Өтулер саны i	1	2	1	2	3	1	2	3	1	2	3

Тапсырманы орындауға мысал (Нұсқа № 0)

(2.2) Негізгі уақытты анықтау үшін қажет формула: $t_o = L_{\text{рi}} / (S_{\text{мин}} a)$. Тапсырмаға сәйкес өңдеу бір рет өтумен жүргізіледі ($i = 1$), және бір дайындама өңделеді ($a = 1$). Есептік ұзындықты келесі формуламен анықтаймыз (2.4): $L_{\text{р}} = L + L_{\text{вр}} + L_{\text{п}}$ Өңделетін беттің тапсырмаға сәйкес L ұзындығы 60 мм-ге тең. Кесу L ұзындығын 2.5-суретке сәйкес фреза радиусына тең ретінде қабылдаймыз, яғни $L_{\text{вр}} = d_{\text{ф}}/2 = 20$ мм. Фрезаның асқын өтуі ұзындығын 2.5-суретке сәйкес қабылдаймыз.



2.5-сурет. Бүйіржақ фрезамен жалпақ бетті өңдеу сызбасы

$L_n = 0,8d_{\phi}/2 = 16$ мм. Онда есептік ұзындығы $L_p = 60 + 20 + 16 = 96$ мм. Минуттық беруді $S_{\min}$ формуламен есептейміз (2.3):

$$S_{\min} = \text{об.}$$

Тапсырмаға сәйкес фреза $n = 150$ мин⁻¹ жиілікпен айналады, ал a ал бұрғының бір айналымына беру $S_{об} = 0,5$ мм/айн. Сонда минуттық беру $S_{\min} = 150 \cdot 0,5 = 75$ мм/мин. Осылайша, негізгі уақыт $t_a = (96 \cdot 1)/(75 \cdot 1) \approx 1,3$ мин.

2.2. ОПЕРАЦИЯНЫ НОРМАЛАУ

№2. 1-практикалық жұмыс Технологиялық процестің жону операциясын нормалау

Жұмыс мақсаты — жону операцияларды практикалық нормалау кезінде қолданылатын негізгі түсініктермен, анықтамалармен таныстыру; бетті жону үшін қажетті уақытты есептеу бойынша білімі мен дағдысын қалыптастыру, жону операцияларды практикалық нормалау бойынша білімін бекіту.


Практикалық жұмыс бойынша есепте қамтылу керек болатын шарттар:

- жону білдекте бетті өндеудің операциялық нобайлары;
- есептеу формулалары;
- есептеу нәтижелері;
- жұмыс бойынша қорытынды.

1. Практикалық жұмыстарға берілген нұсқалардың бірі бойынша (2.6-сурет және 2.5-кесте):

- бір операциямен дайындаманың бетін өндеудің негізгі (технологиялық) уақытын есептеп шығару;
- қосалқы және дайындау-қорытынды уақытты анықтау;
- ұйымдастырушылық және техникалық қызмет көрсету уақытын есептеу;
- барлық операцияны орындауға кететін уақыт нормасын анықтау.

2. Кескіш тістердің кескіш бөлігінің материалы — Р9, қыспаның қиылысу диаметрі 16 мм, кескіш тістердің бұрышы 45°.



2.6-сурет. Бетті жону:

***а* – дайындама; *б* – өңделетін беттер; *в* – бүйіржақты жону; *г* – тірелгенше жону; *д* – ішкі бетті жону**

3. Салқындатумен жұмыс (СОЖ).
4. Дайындама массасы — 1 кг дейін.
5. Дайындама материалы — болат 45 ($\sigma_B = 71... 79$ МПа).

Жұмысты орындауға қысқаша әдістемелік нұсқау.

Технологиялық процестің операциясын нормалау кезінде уақытты келесі әдістермен анықтауға болады:

- жұмысшы мен білдектің әрекетінің бірізділігі мен мазмұнын талдау негізіндегі жекелеген элементтер бойынша есептеулермен;
- бір реттік және шағын сериялы өндіріс жағдайында типтік нормалары бойынша жақындатылған;
- уақыттың нақты қанша кеткенін хронометраждау негізінде.
- жұмысшының жұмыс орнын дайындамалардың барлық партиясын өндеуге дайындау және дұрыстау үшін, сонымен қатар дайындамалардың барлық партиясын өндегеннен кейін оларды бастапқы қалпына келтіру үшін кетіретін уақытынан;

Бөлшектер мен дайындамалардың көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	Номиналды өлшем, мм	100	80	65	100	100	70	80	100	100	60	90
	Дәлділік	h14	h12	H16	h13	h14	h14	h13	h14	h14	h14	h16
	Rz, мкм	80	40	80	60	80	80	60	80	80	80	80
Б	Номиналды өлшем, мм	80	60	80	70	60	80	90	70	80	60	80
	Дәлділік	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14
	Rz, мкм	80	40	80	60	80	40	80	80	60	80	80
В	Номиналды өлшем, мм	75	55	40	65	57	40	50	66	64	30	60
	Дәлділік	H14	H14	H14	H14	H14	H14	H14	H14	H14	H14	H14
	Rz, мкм	80	80	60	40	80	40	80	60	80	40	80
Г	Номиналды өлшем, мм	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25
	Дәлділік	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12
	Rz, мкм	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20
Д	Номиналды өлшем, мм	75	55	76	65	57	78	86	66	75	54	76
	Дәлділік	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12
	Rz, мкм	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20

Бөлшектер мен дайындамалардың көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Е	Номиналды өлшем, мм	80	60	45	70	62	46	55	70	70	34	64
	Дәлділік	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12
	Rz, мкм	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20
	Номиналды өлшем, мм	90	70	55	80	72	56	65	80	80	44	74
К	Дәлділік	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12
	Rz, мкм	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20
	N, дана/жылына	8 000	9 000	4 000	9 000	6 000	3 000	13 000	7 000	8 000	9 000	12 000

- дайындаманы бөлшекке айналдыра отырып, оның бетінің формасын, өлшемін және сапасын өзгертуге кететін негізгі уақыттан;
- негізгі жұмыстың орындалуына септігін тигізетін, атап айтқанда: дайындаманы орнату және бекіту, бөлшекті алу, білдек жұмысының режимін өзгерту, өлшеу және т.б. әрекеттерге жұмысшының жұмсайтын қосалқы уақытынан;
- жұмыс орнынан қызмет көрсету ақытынан тұрады.

Негізгі уақыт өңдеу режимдеріне байланысты болады: кесу тереңдігі, кесудің берілуі және жылдамдығы, олар өңделетін материалдың құрамына, формасына және дайындаманың қаттылығына, құралдың кескіш бөлігінің материалына және білдектің қуаттылығына байланысты болады.

Өтулер саны әдіптің шамасына және кесу тереңдігіне байланысты болады. Кесу тереңдігін білдектің қуаттылығына, дайындаманың қаттылығына және жалпы өңдеу жүйесіне қарай таңдайды.

Дайындаманың айналуы кезіндегі кесу жылдамдығын, м/мин, келесі формуламен анықтайды

$$v = \pi D n / 1000, \quad (2.10)$$

мұндағы D — өңделетін бет диаметрі, мм; n — дайындаманың айналу жиілігі, мин⁻¹.

Нормативтік мәліметтер кесу тереңдігінің, берудің және кесу жылдамдығының орташаландырылған мәнін беретіндігін ескеру керек, сондықтан үлкейтуге немесе кішірейтуге болады.

Практикалық жұмысты орындауға мысал (Нұсқа № 0)

Өңдеуге, бастапқы өңдеуден өткен ($Rz\ 80$), қалың қабатты құбыр түріндегі (2.6, а-суретті қараңыз) даналық дайындамалар келіп түседі деп санап, дайындамаларды өтулер бойынша өңдеу нобайдерін құрамыз. Операция жону білдекте немесе жону-револьверлік білдекте орындалуы мүмкін. Екі жағдайда да үш негізгі ауысу болады:

- $D\ (75h12, Rz\ 20)$ өлшемді сақтай отырып, дайындаманың бүйіржағын кесу (2,6 в-суретті қараңыз);
- $K\ (0\ 90h12)$ өлшемді ұстап және $\Gamma\ (25h12, Rz20)$ көлемді қамтамасыз ете отырып, дайындаманың сыртқы бетін жону (2.6, г-суретті қараңыз);
- 75 мм ұзындықта (өлшем D) $E\ (\varnothing 80H12, Rz20)$ өлшемін ұстана отырып, дайындаманың ішкі диаметрін жону (2.6, д-суретті

қараңыз).

Бұдан кейінгі жұмыстарды келесі алгоритм бойынша жүргізген жөн, ол 2.6-кестеде көрсетілген.

2.6-кесте. Жону операция параметрлерін анықтау алгоритмі

Әрекет нөмірі	Әрекет мақсаты	Нәтижені алу көзі
1	Өңдеу мен алынатын Z әдіптің L ұзындығын анықтау	Бөлшек және дайындаманың жұмысшы сызбалары
2	Дайындаманың айналымдық беруін анықтау $S_{об}$, мм/айн	П11.13-кесте
3	v' кесудің есептік жылдамдығын анықтау, м/мин	П11.5-кесте
4	Білдек сүмбісінің минутына n' айналымының есептік санын анықтау	$n' = 1\,000v/(nD)$
5	Білдек сүмбісінің минутына n' айналымының нақты санын анықтау	Қосымша 17
6	v' кесудің нақты жылдамдығын анықтау	$v = \pi Dn/1\,000$
7	Минуттық беруді $S_{мин}$, мм/мин анықтау	$S_{мин} = S_{об}n$
8	$L_{ер}$ кесу және кескіштің аскынөтуі L_n ұзындығын анықтау	П11.25-кесте
9	Есептік ұзындықты анықтау L_p	$L_p = L_{ер} + L + L_n$
10	Әрбір ауысу үшін t_{oi} негізгі уақытты анықтау	$t_{oi} = L / S \text{ мин}$
11	Барлық операциялар үшін t_0 негізгі уақытты анықтау (i ауысуды)	$t_0 = \sum t_{oi}$
12	Қосалқы уақытты анықтау t_b	П9.1-кесте
13	Оперативтік уақытты анықтау	$t_{on} = t_0 + t_b$
14	Жұмысшы орнына техникалық қызмет көрсетудің $t_{т.о.}$ уақытын анықтау	П9.3-кесте, $t_{т.о.} = 2,5t_q/100$

Әрекет нөмірі	Әрекет мақсаты	Нәтижені алу көзі
15	Физикалық қажеттіліктерге t_u уақытты анықтау	П9.3-кесте, $t_n = 2,5 t_{оп}/100$
16	Жұмысшы орнына ұйымдастырушылық қызмет көрсетудің $t_{орг}$ уақытын анықтау	П9.3-кесте, $t_{орг} = 4,6 t_{оп}/100 - t_{г.о} - t_n$
17	Даналық уақытты анықтау $T_{шт}$	$T_{шт} = t_o + t_B + t_{орг} + t_{г.о} + t_n$
18	Сериялы өндіріс кезіндегі партиядағы дайындамалардың $q_{парт}$ санын анықтау	$q_{парт} = 5N_n/254$
19	Дайындау-қорытындылау уақытын анықтау Δ_{Σ}	П9.4-кесте
20	даналық-калькуляциялық уақытты анықтау $t_{шт-к}$	$t_{шт-к} = t_{шт} + t_{г-з} / q_{парт}$
21	Есептеу нәтижесін операциялық картаға енгізу	

Ұсынылған алгоритмді қолдана отырып операция параметрін анықтаймыз.

1. Дайындаманың L ұзындығын және алынатын Z алынатын әдіптің (радиусқа) шамасын ауысулар бойынша анықтаймыз, 2.6-суретті және 2.5-кестені пайдалана отырып:

- бірінші ауысу үшін: $L = 12,5$ мм, $Z = 5$ мм, 1 өту;
- екінші ауысу үшін: $L = 50$ мм, $Z = 5$ мм, 2 өту;
- үшінші ауысу үшін $L = 75$ мм, $Z = 2,5$ мм, 1 өту.

2. Дайындаманың бір айналымы үшін $B_{об}$ беру шамасын П11.12-кестені және 2.5-кестеге ескертулерді пайдалана отырып анықтаймыз:

- бірінші ауысу үшін: дайындаманың $S_{об} = 0,1$ мм/айн;
- екінші ауысу үшін: дайындаманың $S_{об} = 0,15$ мм/айн;
- үшінші ауысу үшін: дайындаманың $S_{об} = 0,15$ мм/айн.

3. v' кесудің есептік жылдамдығының мәнін П11.5-кесте бойынша анықтаймыз:

- бірінші ауысу үшін: $v' = 130$ м/мин;

- екінші ауысу үшін: $v' = 106$ м/мин;
- үшінші ауысу үшін: $v' = 96$ м/мин.

4. Білдектің сүмбісінің бір минуттағы n' айналымының есептік санын, өңделетін беттің D диаметрін ескере отырып, $n' = 1000v'/(nD)$ формуласымен табамыз:

- бірінші ауысу үшін: $D = 90$ мм, $n' = 460$ мин⁻¹;
- екінші ауысу үшін: $D = 90$ мм, $n' = 375$ мин⁻¹;
- үшінші ауысу үшін: $D = 80$ мм, $n' = 383$ мин⁻¹.

5. Білдектің сүмбісінің бір минуттағы n' айналымының нақты санын жону-фрезерлік білдектің паспорттық мәліметтері бойынша тандаймыз (17-қосымша):

- бірінші ауысу үшін: $n = 500$ мин⁻¹;
- екінші ауысу үшін: $n = 400$ мин⁻¹;
- үшінші ауысу үшін: $n = 400$ мин⁻¹.

6. v' кесудің нақты жылдамдығын $v = nDn' / 1000$ формула бойынша анықтаймыз:

бірінші ауысу үшін: $v = 141,3$ м/мин;

- екінші ауысу үшін: $v = 113$ м/мин;
- үшінші ауысу үшін: $v = 100,5$ м/мин.

7. Минуттық беруді $S_{\text{мин}}$, мм/мин, $S_{\text{мин}} = S_{\text{обп}}$ формула бойынша анықтаймыз:

- бірінші ауысу үшін: $S_{\text{мин}} = 50$ мм/мин;
- екінші ауысу үшін: $S_{\text{мин}} = 60$ мм/мин;
- үшінші ауысу үшін: $S_{\text{мин}} = 60$ мм/мин.

8. $L_{\text{вр}}$ кесу ұзындығын және $L_{\text{п}}$ кескіштің асқынөтуі ұзындығын П11.25-кесте бойынша анықтаймыз:

- бірінші ауысу үшін: $L_{\text{вр}} = 5$ мм, $L_{\text{п}} = 2$ мм;
- екінші ауысу үшін: $L_{\text{вр}} = 3$ мм, $L_{\text{п}} = 2$ мм;
- үшінші ауысу үшін: $L_{\text{вр}} = 3$ мм, $L_{\text{п}} = 2$ мм.

9. $L_{\text{р}}$ есептік ұзындықты формуламен анықтаймыз $L_{\text{р}} = L_{\text{вр}} + L_{\text{п}} + L_{\text{п}}$:

- бірінші ауысу үшін: $L_{\text{р}} = 5 + 12,5 + 2 = 19,5$ мм;
- екінші ауысу үшін: $L_{\text{р}} = 3 + 50 + 0 = 53$ мм;
- үшінші ауысу үшін: $L_{\text{р}} = 3 + 75 + 2 = 80$ мм.

10. t_{oi} негізгі уақытты келесі формула бойынша анықтаймыз $t_{\text{oi}} = L_{\text{рi}} / S_{\text{мин}}$:

- бірінші ауысу үшін: $t_{01} = 0,39$ мин;
- екінші ауысу үшін: $t_{02} = 0,88$ мин;
- үшінші ауысу үшін: $t_{i2} = 1,33$ мин.

11. Барлық операция үшін L_o негізгі уақытты (3 рет өту) формуламен анықтаймыз $t_0 = \sum t_{oi} = 0,39 + 0,88 + 1,33 = 2,6$ мин.

12. Операцияға L_b қосалқы уақытты, $L_b = 0,4$ мин дәлдеуімен үшжұдырықшалы қысқыдағы дайындама орнатуын ескере отырып, П9.1-кесте бойынша анықтаймыз.

13. $L_{оп}$ оперативтік уақытты формуламен анықтаймыз $L_{оп} = L_o + L_b = 2,6 + 0,4 = 3$ мин.

14 — 16. Жұмыс орнына техникалық және ұйымдастырушылық қызмет көрсетуге сомалық уақыт, сонымен қатар орталықтарының биіктігі 400 мм жону білдектегі физикалық қажеттілік (П9.3-кесте) оперативтік уақыттың 5,3 %-ын құрайды, яғни $t_{орг} + t_{то} + t_H = 5,31_{оп}/100 = 5,3 \cdot 3/100 = 0,16$ мин.

17. $T_{шт}$ даналық уақытты формуламен анықтаймыз $T_{шт} = t_o + t_b + t_{орг} + t_{т.о} + t_H = 2,6 + 0,4 + 0,16 = 3,2$ мин.

18. Сериялы өндіріс кезіндегі партиядағы $q_{парт}$ дайындама санын келесі формула бойынша анықтаймыз $q_{парт} = 5N_H/254 = 157,5$. Партиядағы дайындамалар саны 160 дана.

19. Дайындау-қорытындылау уақытты t_{p-3} П9.4-кесте бойынша анықтаймыз, $t_{p-3} = 6$ мин.

20. Даналық-калькуляциялық уақытты $t_{м-к}$ келесі формула бойынша анықтаймыз $t_{м-к} = T_{шт} + t_{p-3}/q_{парт} = 3,2 + 6/160 = 3,3$ мин.

21. Алынған есептеулер нәтижесін қажет болғанда операциялық картаға енгізеді.

№ 2.1-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ ҮШІН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Уақыт нормасы деген не?
2. Уақыт нормасын анықтаудың өзіңізге белгілі әдістерін атаңыз.
3. Даналық **уақыты** деген не?
4. Жұмысшы дайындау-қорытындылау уақытын қандай жұмыстарға жұмсайды?
5. Жұмысшы қосалқы уақытты қандай жұмыстарға жұмсайды?
6. Өңдеудің есептеу ұзындығын **құраушыларын** атаңыз.
7. Жону білдектің сүмбісінің талап етілетін айналу саны қандай формуламен анықталады?
8. Операцияны нормалау кезінде дайындау-қорытындылау уақытын қалай ескереді?

№ 2.2-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС. Технологиялық процестің фрезерлік операциясын нормалау

Жұмыс мақсаты— фрезерлік операцияларды практикалық нормалау кезінде қолданылатын негізгі түсініктермен, анықтамалармен таныстыру; фрезерлік операцияларды практикалық нормалау бойынша білімін практикалық бекіту; бетті фрезерлеуге уақытты есептеу бойынша білімі мен дағдысын қалыптастыру

Жұмыс бойынша есепте қамтылу керек жайттар:

- фрезерлік білдекте бетті өңдеудің операциялық нобайлары;
- даналық-калькуляциялық уақыттың барлық құраушыларын анықтау бойынша есептеу формулалары;
- есептеу нәтижелері;
- жұмыс бойынша қорытынды.

Практикалық жұмысты орындауға қысқаша әдістемелік нұсқау

Фрезерлеуді жалпақ беттерді және фасонды беттерді өңдеу үшін жиі қолданады. Цилиндрлі фрезерлеу және бүйіржақ фрезерлеу деп бөлінеді.

Цилиндрлі фрезерлеу кезінде негізінен көлбеу-фрезерлік білдектер қолданылады, онда **өңделетені** жалпақтық көлденең орнатылады, ал цилиндрлі фрезердің ені өңделетін беттің енінен үлкен етіп таңдалады.

Бүйіржақ фрезерлеу кезінде, негізінен, тік фрезерлеу білдектері қолданылады. Фрезерлеудің бұл түрі цилиндрлік фрезерлеуге қарағанда өнімдірек және дәлдігі де жақсы. Жалпақ беттерді фрезерлеу үшін салынбалы пышағы – фрезерлік бастиекті, ірі бүйіржақ фрезалар қолданылады. Түсті металдан және құйындылардан жасалған дайындаманы өңдеу үшін біртісті бүйіржақ фрезалар қолданылады, олар жоғары дәлдікті және бөлшек бетінің кедір-бұдырлығы аз болуын қамтамасыз етеді.

Өңдеуге рұқсат етілетін әдіп шамасы бойынша фрезерлеу кесудің айтарлықтай әмбебап процесі болып табылады. Әдіптің максималды шамасы білдектің қуаттылығымен, дайындаманың қаттылығымен және оның фрезерлік тегікте немесе білдек үстелінде бекітілуінің сенімділігімен шектеледі. Әдетте, әдіпті бір реттік өтуден кейін алып тастайды.

Сүмбінің орналасуына байланысты (**көлденең немесе тігінен**) фрезерлік білдектер көлбеу-фрезерлік және тік-фрезерлік болып

бөлінеді.

Дайындаманы көлбеу-фрезерлік білдекте өңдеу кезінде бірнеше фрезден тұратын жинақты пайдаланады, бұл өңдеудің өнімділігін арттырады және бір рет өту арқылы талап етілген өлшемді ала отырып, өңдеуді дайындаманың екі жағынан да жүргізуге мүмкіндік береді.

Дайындаманы фрезерлеумен өңдеу операциясын ауысуларға бөледі және әрбір ауысуға негізгі (технологиялық) уақытты анықтайды, содан соң, ауысулар бойынша уақытты сомалай отырып, барлық операция уақытын анықтайды.

Жаппай өндіріс үшін техникалық негізделген уақыт нормасын есептеу даналық уақыт бойынша жасалады $T_{шт} = t_o + t + t_{op_2} + t_o + D$, ал сериялы өндіріс кезінде даналықка калькуляциялық уақыт пайдаланылады $t_{штк} = T_{шт} + t_{н.з} / q_{парт}$. Негізгі уақытты анықтау үшін фрезерлеу сызбасын талдайды және өңдеудің есептік уақытын табады $L_p = L_{вр} + L + L_n$

Негізгі (технологиялық) уақыт кесу жылдамдығына, кесу және беру тереңдігіне байланысты болады. Өңдеу режимі дайындама материалына, фрездің кескіш бөлігінің материалына, фреза түріне, дайындаманың қаттылығына және фрезерлік білдектің қуаттылығына байланысты болады. Сонымен қатар өңдеудің тандалған уақыты бөлшектің белгіленген дәлділігін және оның жоғарғы бетінің қабатының сапасын қалыңдығын қамтамасыз етуі керек.

Фрезерлеу кезінде кесу тереңдігін өтудің ең аз санымен өңдеудің шартынан таңдайды. Бастапқы фрезерлеу кезінде барлық әдіпті бір рет өту кезінде алып тастауға тырысады. Ал таза фрезерлеу кезінде кесу тереңдігін беттің талап етілетін кедір-бұдырлығы шартынан таңдайды.

Кесу жылдамдығын келесі формуламен анықтайды $v = \pi Dn/1000$.

Практикалық жұмысқа берілген нұсқаның біреуі бойынша (2.7-кесте және 2.7-сурет):

- бір операцияда дайындаманың бетін өңдеуге кететін негізгі уақытты есептеу;
- нормативтер бойынша операцияның қосалқы және дайындау-қорытындылау уақытын анықтау
- жұмыс орнына ұйымдастырушылық және техникалық қызмет көрсету уақытын есептеу;
- операцияны орындауға уақыттың есептік нормасын анықтау;
- жұмыс бойынша қорытынды жасау.

Жұмысты орындау мысалы (№ 0-нұсқа).

Өңдеуге (R_z 80) бастапқы өңдеуден өткен даналық дайындамалар келіп түседі деп санай отырып (2.7-сурет, *а*), үш позицияда (2.7-сурет, *б*), дайындаманы бір орнату кезінде өңдеу нобайын құрамыз, себебі бөлу құрылғысы бар бөлшектер үшін тетіктерді пайдалану көзделген.

Операция көлденең-фрезерлік білдекте, талап етілетін E өлшемге бапталған, екі фрезадан тұратын блок пайдалана отырып орындалады. Бұл жағдайда тең дәрежедегі үш ауысу болады « E (34h14, R_z 20) өлшемін ұстай отырып дайындаманы өңдеу (2.7-сурет, *б*)», әрбір ауысудан кейін дайындаманы 60° бұра отырып.

Барлық есептеулерді 2.8-кестеде көрсетілген бірізділікпен жүргізген жөн.

Бөлшектерді шығарудың жылдық бағдарламасы (15 000 дана) сериялы өндірісті білдіреді, бұл уақытта өңдеуді партиямен береді, ал оларды білдекті қайта қалпына келтірмей жасайды.


Партиядағы бөлшектер саны

$$q_{\text{парт}} = (N/D)f,$$

мұндағы N — бөлшектерді шығарудың жылдық бағдарламасы (15 000 дана); D — жыл ішіндегі жұмыс күнінің саны (екі демалыс кезінде - 254); f — аяқталмаған өндіріске ие болуға рұқсат етілген, жұмыс күнінің саны (5 күнді қабылдаймыз).

Онда $q_{\text{парт}} = (15\,000/254) \cdot 5 = 295$ дана. Дайындаманы $q_{\text{парт}} = 300$ қабылдаймыз

Фрезерлеу кезінде беру үш параметрдің бірімен берілуі мүмкін: 1) фрезаның бір тісіне S_z , мм/тіс;



2.7-сурет. Үш ауысу кезіндегі фрезерлеу сызбасы: *б* – өңдеу сызбасы

2.7-кесте. №2.2.-практикалық тапсырманы орындауға жеке нұсқалар

Нұсқа												
Бөліктер мен дайындамалар көрсеткіштері												
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	Номинальды өлшемі, мм	40	50	55	40	50	60	40	60	50	50	40
	Дәлділік	h14	h15	h16	h13	h14	1h4	h13	h14	h14	h14	h16
	Rz, мкм	80	40	80	60	80	80	60	80	80	80	80
Б	Номинальды өлшемі, мм	60	60	80	70	60	80	90	70	80	60	80
	Дәлділік	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14
	Rz, мкм	80	40	80	60	80	40	80	80	60	80	80
В	Номинальды өлшемі, мм	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15
	Дәлділік	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14
	Rz, мкм	80	80	60	40	80	40	80	60	80	40	80
Г	Номинальды өлшемі, мм	20	30	35	20	30	40	20	40	30	30	20
	Дәлділік	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14
	Rz, мкм	80	80	80	80	80	80	80	80	80	80	80
Д	Номинальды өлшемі, мм	20	25	27	20	25	30	20	30	25	25	20
	Дәлділік	Js16	Js16	Js16	Js16	Js16	Js16	Js16	Js16	Js16	Js16	Js16
	Rz, мкм	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20

Бөлшектер мен дайындалар көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Бөлшек	E	34	42	46	34	42	50	34	50	42	42	34
	Номиналды өлшем размер, мм	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14	h14
	Дәлділік	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20	20
	Rz, мкм	15 000	9 000	4 000	9 000	6 000	3 000	13 000	7 000	8 000	9 000	12 000
N, дана/жыл		80	75	75	75	75	75	75	75	75	75	75
Фреза диаметрі P _ф , мм		8	8	8	8	8	8	8	8	8	8	8
Салынбалы пышақ саны, дана		8	8	8	8	8	8	8	8	8	8	8

Ескерту: 1. Дайындама материалы — болат 45 (σ_{тв} = 71... 79 МПа).

2. Фрезаның салынбалу пышағының материалы — P9.

3. Салқындатумен жұмыс (СОЖ).

4. Дайындама массасы — 1 кг дейін.

2.8-кесте. Фрезерлік операцияның параметрлерін анықтау кезіндегі өрекеттерді бірізділігі

Өрекет нөмірі	Өрекет мақсаты	Нәтижені алу көзі
1	Өндіріс түрін анықтау тәсілін тандау	Бөлшекті шығарудың жылдық бағдарламасы N _п
2	Сериялы өндіріс кезінде партиядағы дайындамалардың D _{парг} санын анықтау үшін алгоритм тандау	q _{парг} = 5N _п /254

3	$t_{шт,к}$ даналық-калькуляциялық уақытты есептеу үшін алгоритм таңдау	$t_{шт,к} = T_{шт} + t_{п-3} / q_{фарт}$
4	$T_{шт}$ даналық уақытты есептеу үшін алгоритм таңдау	$T_{шт} = t_o + t_B + t_{орг} + t_{т,о} + t_{п}$
5	t_a негізгі (технологиялық) уақытты есептеу үшін алгоритм таңдау	$to = Lp / (\cdot SpjjijQ)$
6	L_p есептік ұзындықты анықтау үшін алгоритм таңдау	$L_p = L_{ар} i / (S_{мин} a)$
7	Өңдеудің $L_{ар}$ ұзындығын және алынып тасталатын Z әдістің анықтау үшін алгоритм таңдау	Фрезерлеу сызбасы және дайындама нобағы (2.7-суретті қараңыз)
8	Кесудің $L_{ар}$ ұзындығын және кескіштің айкынөтуі 1_n ұзындығын анықтау үшін алгоритм таңдау	Фрезерлеу сызбасы (2.7-суретті қараңыз, б)
9	L_p есептік ұзындықты анықтау үшін алгоритм таңдау	$L_p = L_{ар} + L + L_n$
10	Фрезаның бір тісіне S_z беруді анықтаудың тәсілін таңдау	III.5-кесте
11	v кесудің жылдамдығын анықтау тәсілін таңдау	III.5-кесте
12	n' айналудың есептік санын анықтау үшін алгоритм таңдау	$n' = 1\ 000v / (\pi D_{ф})$
13	n айналымның нақты санын анықтаудың тәсілін таңдау	Фрезерлік білдектің паспорттық мәліметтері
14	Фрезаның бір айналымына $S_{об}$ беруді анықтау үшін алгоритм таңдау	$S_{об} = S_z z$
15	Минуттың беруді есептеу үшін алгоритм таңдау	$S_{мин} = S_{об} n$

Әрекет нөмірі	Әрекет мақсаты	Нәтижені алу көзі
16	Бір ауысу үшін t_{oi} негізгі уақытты анықтау үшін алгоритм тандау	$t_{oi} = L_{pi} / S_{\min}$
17	Барлық операция (3 ауысу) үшін t_{oi} негізгі уақытты анықтау үшін алгоритм тандау	$t_o = 3 t_{oi}$
18	Операцияға t_b қосалқы уақытты анықтау тәсілін тандау	П9.2-кесте
19	Оперативтік уақытты анықтау үшін алгоритм тандау	$t_{on} = t_o + t_b$
20	Жұмыс орнына техникалық қызмет көрсетудің $t_{го}$ уақытын анықтау тәсілін тандау	П9.3-кесте
21	Физикалық қажеттіліктерге $t_{г.о.}$ уақытын анықтау тәсілін тандау	П9.3-кесте
22	Жұмыс орнына ұйымдастырушылық қызмет көрсетудің $t_{орг}$ уақытын анықтау тәсілін тандау	П9.3-кесте
23	$T_{шт}$ даналық уақыт анықтау үшін алгоритм тандау	$T_{шт} = t_o + t_b + t_{орг} + t_{г.о} + t_{гп}$
24	Операциялық картаның тиісті бағандарын толтыру	

2) Фрезаның бір айналымына беру $S_{об}$, мм/айн, $S_{об} = S_{zz}$ (z — тістер саны);

3) Минуттық беру $S_{мин}$ (мм/мин), $S_{мин} = S_{об}n$ (n — бір минуттағы айналу саны).

Бастапқы фрезерлеу кезіндегі беру шамасы төмендегілерге байланысты:

- дайындама материалына;
- фрезаның кескіш бөлігінің материалына;
- фрезерлік білдектің қуаттылығына;
- өңдеу жүйесінің элементтерінің қаттылығына;
- фрезаның қайрау бұрышы және көлеміне.

Жазық бетті, қатты құйындыдан, фрезамен бастапқы фрезерлеу кезінде тіске ұсынылатын жіберу, дайындаманың ені 30 мм дейін болатын болса, 0,2...0,3 мм/тіс құрайды.

Таза фрезерлеу кезінде жіберу шамасы, ең алдымен, өңделетін беттің кедір-бұдырлығына байланысты болады. Жазық бетті, қатты құйындыдан, фрезамен таза фрезерлеу кезінде тіске ұсынылатын жіберу, дайындаманың ені 30 мм дейін болатын болса, 0,15 мм/тіс құрайды.

Фрезаның бір тісіне S_z жіберуді 0,1 мм/тіс деп тағайындаймыз (П11.5-кесте). Ені 15 мм болатын 3 мм әдіпті алып тастау үшін 75/8 фрезаны пайдалану кезінде кесу жылдамдығы 54 м/мин болуы керек (П11.5-кесте).

Айналымның есептік саны $\Pi = (1\,000v/(\pi D_\phi)) = 1000 \cdot 54/(3,14 \cdot 75) = 229 \text{ мин}^{-1}$. Көлденең-фрезерлік білдектің паспорттық мәліметтері бойынша айналымының нақты саны 250 мин^{-1} . Фрезаның бір айналымына бойлық беріс $S = S_{zz} = 0,1 \cdot 8 = 0,8$ мм/айн. Минуттық жіберу $S_{мин} = S_{об}n = 0,8 \cdot 250 = 200 \text{ мм/мин}$.

Өңделудің есептік ұзындығын L_p , кесу және асқын өтуін ескере отырып, фрезаның қозғалысының толық ұзындығын фрезерлеу сызбасын талдаудан аламыз (2.7, *б-суретті қараңыз*)

$$L_p = D_\phi / 2 + L_{вр} + D + L_{п} + D_\phi / 2 = 40 + 3 + 20 + 3 + 40 = 106 \text{ мм.}$$

Бір ауысу үшін негізгі уақыт $t_{ог} = L_p/(S_{мин}a)$. Өтулер саны i әдіптің шамасына байланысты болады. Бүйіржаққа әдіп $Z = (D_3 - E)/2 = (A - E)/2 = 3 \text{ мм}$. Бұл әдіпті бір өтумен алып тастауға болады ($i = 1$). Бір мезетте өңделетін дайындамалар саны $a = 1$. Онда $t_{oi} = 106 \cdot 1/(200 \cdot 1) = 0,53 \text{ мин}$. Операция бір рет орнатумен, бірақ үш позиция кезінде, орындалатын болғандықтан, ендеше ол біркелкі үш негізгі ауысулардан тұрады. Сонда барлық операциялар үшін

негізгі уақыт $t_0 = 3t_{0i} = 3 \cdot 0,53 = 1,59$ мин.

Қосалқы уақытты қысқыш құрал механикаландырылған жетегі бар деген шартпен тағайындаймыз. П9.2-кесте бойынша массасы 3 кг дейінгі дайындамалар үшін $t_b = 0,09$ мин.

Әрбір дайындаманы өңдеу кезінде қайталанатын оперативті уақытты формуламен анықтаймыз $t_{оп} = t_0 + t_b = 1,59 + 0,09 = 1,68$ мин.

Жұмыс орнына қызмет көрсетуге және физикалық қажеттіліктерге талап етілдетін уақытты анықтау үшін П9.3-кестені қолданамыз және техникалық және ұйымдастырушылық қызмет көрсетудің, сонымен қатар физикалық қажеттіліктің сомалық уақытын анықтаймыз. Үстелінің ұзындығы 1 000 мм көлденең-фрезерлік білдекте жұмыс істеген кезде $t_{орг} + t_0 + t = 4t_{оп} / 100 = 4 \cdot 1,68 / 100 = 0,07$ мин.

Осылайша, даналық уақыт

$$T_{шт} = t_0 + t_b + t_{орг} + t_{0.г} + t_{п} = 1,59 + 0,09 + 0,07 = 1,75 \text{ мин.}$$

Сериялы өндірісте білдекті баптау үшін және жұмыс орнын жұмысты бастауға дайындау үшін (операциялық нобайбен танысу, құралды алу, білдектің бапталуын тексеру) қажет уақыт $t_{п-з}$, дайындау-қорытындылау деп аталатын. Бұл уақытты нормативтер бойынша тағайындайды (П9.5-кесте). 1 000 мм фрезерлік үстелдің ұзындығына қолданылатын цангалы патрон қолдана отырып бөлгіш тетікпен $t_{п-з} = 11$ мин. екенін табамыз. Бұл уақытты партиядағы бөлшектер санына бөле отырып, бір бөлшекке кететін уақытты табамыз, яғни $t_{п-з} / q_{парт} = 11 / 300 = 0,033$ мин. Бұл уақыттың шамасы даналық-калькуляциялық уақытты есептеу кезінде ескеріледі. Даналық-калькуляциялық уақытты келесі формуламен шығарамыз $t_{шт-к} = T_{шт} + t_{п-з} / q_{парт} = 1,75 + (11 / 300) = 1,79$ мин.

Есептеулердің барлық нәтижелері 2.9-кестеде келтірілген және қажет болған жағдайда оларды операциялық картаға жазуға болады.

2.9-кесте. Фрезерлік операцияның параметрін анықтау нәтижелері

Әрекет нөмірі	Әрекет мақсаты	Нәтижені алу көзі
1	Өндіріс түрін анықтау	Сериялы
2	Сериялы өндіріс кезіндегі партиядағы $q_{парт}$ дайындамалар санын анықтау	$q_{парт} = 300$ дана-
3	Фрезаның бір тісіне S_z жіберілуді анықтау	0,1 мм/тіс

2.9-кестенің жалғасы

Әрекет нөмірі	Әрекет мақсаты	Нәтижені алу көзі
4	v кесу жылдамдығын анықтау	$v = 54$ м/мин
5	n' айналымның есептік санын анықтау	$\Pi = 229$ мин ⁻¹
6	n айналымдардың нақты санын анықтау	$n = 250$ мин ⁻¹
7	Фрезаның бір айналымына $S_{об}$ жіберілуді анықтау	$S_{об} = 0,8$ мм/айн
8	Минуттық беруді анықтау $S_{мин}$	$S_{мин} = 200$ мм/мин
9	Өңдеудің L ұзындығын және алынып тасталатын Z әдіпті анықтау	$L = 100$ мм $Z = 3$ мм
10	Кесудің $L_{вр}$ ұзындығын және асқынөтудің $L_{п}$ ұзындығын анықтау	$L_{вр} = 3$ мм; $L_{п} = 3$ мм
11	Өңдеудің L_p есептік ұзындығын анықтау	$L_p = 106$ мм
12	Бір ауысу үшін t_{oi} негізгі уақыт есептеу	$t_{oi} = 0,53$ мин
13	Барлық операция үшін t_o негізгі уақытты есептеу	$t_o = 1,59$
14	Қосалқы уақытты анықтау t_b	$t_b = 0,09$ мин
15	Оперативті уақытты анықтау $t_{оп}$	$t_{оп} = 1,68$ мин
16	Жұмыс орнына қызмет көрсету $t_{орг}$, $t_{т.об}$ және физиологиялық қажеттіліктерге кететін уақытты t_n анықтау	$t_{opr} + t_{т.о} + t_n + t_{оп} = 0,07$ мин
17	Даналық уақытты анықтау $T_{шт}$	$T_{шт} = 1,75$ мин
18	Дайындау-қорытындылау $t_{п-з}$ уақытын анықтау	$t_{п-з} = 11$ мин
19	Даналық-калькуляциялық $t_{шт-к}$ уақытты анықтау	$t_{шт-к} = 1,79$ мин
20	Есептеу нәтижелерін операциялық картаға жазу	

№ 2.2-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ ҮШІН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Фрезерлеудің қандай сызбасын жиі қолданады?
2. Даналық уақытты құраушыларды атаңыз.
3. Фрезаның бір айналымына жіберуді қандай формуламен анықтайды?
4. Кесу жылдамдығын қандай формуламен анықтайды?
5. Қызмет көрсету уақыты қандай жұмыстарға жұмсалады?
6. Неліктен сериялы өндіріс кезінде дайындамаларды өндеуге аз партиямен жіберу тиімді?
7. Сериялы өндіріс кезінде, өндеуге бір мезетте жіберілетін, дайындамалар партиясын қандай формуламен анықтайды?

№ 2.3-практикалық жұмыс.Технологиялық процестің тегістеу операциясын нормалау

Жұмыс мақсаты— тегістеу операцияларын практикалық нормалау кезінде қолданылатын негізгі түсініктермен, анықтамалармен таныстыру; тегістеу операцияларын практикалық нормалау бойынша білімін практикалық бекіту; бетті тегістеу уақытын есептеу бойынша білімі мен дағдысын қалыптастыру

Практикалық жұмыс бойынша есепте қамтылу керек:

- тегістеу білдегінде бетті өндеудің операциялық нобайлары;
- даналық-калькуляциялық уақыттың барлық құраушыларын анықтау бойынша есептеу формулалары;
- есептеу нәтижелері;
- жұмыс бойынша қорытынды.

Практикалық жұмысты орындауға қысқаша әдістемелік нұсқау

Тегістеу кезінде жұмыс уақытының шығыны жұмыс уақытына және үзіліс уақытына бөлінеді. Жұмыс уақыты оперативті уақыттан (негізгі және қосалқы уақыт сомасы), дайындау-қорытындылау уақыты және жұмыс орнынан қызмет көрсету уақытынан тұрады.

Тегістеу кезінде негізгі (технологиялық) уақыт негізінен машиналы немесе машина-колмен болып келеді. Ол тікелей дайындаманың үстіңгі қабатының формасын, өлшемін және қалпын өзгертуге жұмсалады, яғни дайындаманың бетін тегістеуге.

Қосалқы уақытты жұмысшы дайындаманы орнатуға және бекітуге, бөлшекті босату және алуға, білдекті қосу және тоқтатуға, өңдеу режимдерін өзгертуге және өлшеуге жұмсайды. Қажетті қосалқы уақытты нормативтер бойынша анықтайды.

Оперативті уақыт негізгі уақыт және қосалқы уақыттан құралады. Бұл уақыт әрбір дайындаманы өңдеу кезінде жұмсалады.

Барлық жұмыс уақытында жұмыс орнынан қызмет көрсетуге жұмсалатын уақыт ұйымдастырушылық қызмет уақытынан және білдекті қайта дұрыстау, кескіш құралды ауыстыру және қайрауға кететін техникалық қызмет көрсету уақытынан тұрады.

Өңдеуге дайындаманы партиямен (бірнеше дана) жіберетін, сериялы өндіріс кезінде дайындамалардың барлық партиясына дайындау-қорытындылау уақытын тағайындайды және даналықка калькуляциялық уақытты мына формуламен есептейді


$$t_{шт-Т} = t + t_B + t_{опг} + t_{т.о} + t_{п} + t_{п-з}/q_{парт} \quad (2.11)$$

мұндағы t_o — негізгі уақыт; t_e — қосалқы уақыт; $t_{орг}$ — ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты; $t_{x o}$ — техникалық қызмет көрсету уақыты; t_H — физикалық қажеттілік уақыты; q_3 — дайындау-қорытындылау уақыты; $q_{парт}$ — партиядағы бөлшектер саны.

Негізгі (технологиялық) уақыт тегістеу режимдеріне және тегістеу әдісіне байланысты болады, яғни әдіп шамасына, беру және кесу жылдамдығына. Өңдеу режиміне өңделетін дайындама материалы, дайындаманың қаттылығы, абразив құралдың түрі, оның кескіш бөлігінің формасы, операция орындалатын білдек қуаттылығы әсер етеді. Сонымен қатар тегістеу режимін таңдау кезінде өңделетін бетті талап етілетін дәлділігін және оның беткі қабатының сапасын қамтамасыз ету қажет.

Тегістеу кезінде кесу тереңдігін беттің алынатын кедір-бұдырлығының ең аз кезіндегі және қолжеткізілетін ең көп дәлділік кезіндегі өтулердің аз саны шартынан таңдайды.

Тегістеу кезіндегі кесу жылдамдығы тегістеу дөңгелегінің беріктігімен шектелген. Абразив дөңгелектің айналуының нақты жылдамдығы осы дөңгелектің сыртқы диаметрімен және тегістеу білдегінің сүмбісінің айналу санымен анықталады. Беріктігі қалыпты дөңгелекпен тегістеу кезінде кесу жылдамдығы 30...35 м/с шамасында болады, ал беріктігі жоғарымен тегістеу кезінде кесу жылдамдығы 50 м/с жетуі мүмкін. Ішкі цилиндрлі бетті (саңылауды) тегістеу кезінде абразив дөңгелектің диаметрі өңделетін саңылаудың 0,75 диаметрінен аспауы керек.



2.8-сурет. Сыртқы цилиндрлі бетті тегістеу:
***a* – бойлық беріс әдісімен; *б* – кесу әдісімен**

Бұл жағдайда кесу жылдамдығы аз.

Бетті тегістеу, абразив дөңгелектің беру тәсілінен ерекшеленетін, екі әдіспен жүзеге асырылуы мүмкін:

- бойлық беріс әдісімен;
- кесу әдісімен.

Бойлық беріс әдісімен тегістеу кезінде (2.8, а) h кесу тереңдігі 0,001 ... 0,020 мм құрайды, ол өңделетін дайындаманың материалына, талап етілетін дәлділікке және беттің кедір-бұдырлығына байланысты. Z әдіпті бірнеше өтуден кейін алады. Бойлық беріс S_{HF} бұл арада абразив дөңгелектің B енінің S_B үлесімен беріледі. Дайындаманың айналу жиілігі (n , мин⁻¹) абразив дөңгелектің мүмкін болар майлануымен шектеледі және 15... 60 мин⁻¹ құрайды. Тегістелетін бетті жетілдіру қолданылады, ол кезде тегістеу тереңдікке берусіз жалғасады (бос қадамдар). k жетілдіру коэффициенті қадамдардың жалпы санының жұмысшы қадамдар санына арақатынасын көрсетеді және 1,2,1,5 шегінде болуы мүмкін.

Кесу әдісімен тегістеу кезінде (2.8, б) дайындаманың бір айналымына S_t көлденең беріс 0,001 .0,005 мм құрайды. Бұл арада абразив дөңгелектің B ені тегістелетін беттің b енінен бірнеше мәрте үлкен болуы керек.

Дайындаманы тегістеу білдегінде өңдеу операциялары ауысуларға бөлшектенеді және негізгі (технологиялық) t_0 уақытты мына формулалар бойынша әрбір ауысуға бөлшектейді:

Кесу әдісімен дөңгелек тегістеу кезінде

$$t_0 = hk/(nt), \quad (2.12)$$

бойлай беріс әдісімен дөңгелек тегістеу кезінде

$$t_0 = Lhk/(BS_{Bnt}), \quad (2.13)$$

мұндағы L — үстел қадамының ұзындығы; h — бүйір жаққа әдіп; κ — жетілдіру коэффициенті; B — абразив дөңгелегінің ені; S_B — дөңгелек енінің үлесінің шамасы; n — дайындаманың айналу жылдамдығы, мин^{-1} ; t — абразив дөңгелегінің бойлай берісі немесе тегістеу тереңдігі.

Тапсырма

Практикалық жұмыстарға берілген нұсқалардың бірі бойынша (2.10-кесте және 2.9-сурет): бойлай беріс әдіспен 0B (с11, Ra 1,2) цилиндрлі бетті өңдеу бойынша тегістеу операциясына қажетті уақытты және 0B (с11, Ra 2,5) кесу әдісімен цилиндрлі бетті өңдеу бойынша тегістеу операциясына қажетті уақытты есептеп шығару.

Жұмыстарды орындау мысалы (№ 0-нұсқа)

Бөлшектерді шығарудың жылдық бағдарламасы (9 000 дана) сериялы өндірісті білдіреді. Өңдеуге бір мезетте жіберілетін, партиядағы дайындамалардың $q_{\text{парт}}$ санын мына формуламен есептейміз

$$q_{\text{парт}} = (N/D)f, \quad (2.14)$$

мұндағы N — бөлшектерді шығарудың жылдық бағдарламасы (9000 дана); D — бір жылдағы жұмыс күнінің орташа саны (екі демалыс кезінде - 254); f — аяқталмаған өндіріске ие болуға рұқсат етілген, жұмыс күнінің саны (5 күнді қабылдаймыз).

Онда $q_{\text{парт}} = (9000/254) \cdot 5 = 177$ дана. $q_{\text{парт}} = 180$ дайындамаларды қабылдаймыз. Дайындаманың бетін екі операциямен тегістеу шешім қабылдаймыз:

- Ø M беті — бойлай беріс әдісімен;
- Ø K беті — кесу әдісімен.

Бетті тегістеу 0 M бойлай беріс әдісімен жүргізілетіндіктен, онда Ra 1,2 кедір-бұдырлықты алу үшін $S_{\text{нр}} = S_B V$ бойлай жіберу талап етіледі $S_{\text{нр}} = S_B V$ ($S_B = 0,2 \dots 0,3$, П11.17-кесте). Онда ені $B = 40$ мм абразив дөңгелек үшін $S_{\text{нр}} = 0,2 \cdot 40 = 8$ мм/айн дайындама.


Тегістелетін беттің диаметрі үшін $D = 60$ мм дайындаманың айналу жылдамдығы 12 м/мин кезінде және бойлай беріс 8 мм/айн кезінде S_t беру тереңдікке үстел қадамына 0,002 мм (П11.18-кесте) болуы керек.

2.10-кесте. №2.3- практикалық жұмысты орындауға жеке нұсқалар

Бөлшектер мен дайындамалардың көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	Номиналды өлшем, мм	20	22	24	20	20	24	20	20	22	20	26
	Номиналды өлшем, мм	61	61	64	60	61	62	71	61	81	61	65
Б	Дәлділік	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12
	Ra, мкм	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6
В	Номиналды өлшем, мм	51	52	51	54	51	48	51	54	52	56	50
	Дәлділік	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12	h12
Г	Ra, мкм	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6
	Номиналды өлшем, мм	20	30	35	20	30	30	20	15	30	30	20
Д	Номиналды өлшем, мм	12	16	18	14	16	22	26	20	18	12	19
	Дәлділік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
Е	Номиналды өлшем, мм	8	8	10	6	9	5	8	6	8	4	6
Ж	Номиналды өлшем	100	120	160	150	140	160	170	180	120	160	180
З	Номиналды өлшем, мм	40	60	80	40	70	60	80	90	40	80	90
	Дәлділік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14

		Бөлшек																
		Номиналды өлшем, мм																
М	Дәлділік	60	e11	60	e11	63	e11	59	e11	60	e11	61	e11	70	e11	60	e11	64
	Ра, мкм	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
К	Номиналды өлшем, мм	50	51	50	50	53	53	50	53	50	53	47	50	50	53	51	55	49
	Дәлділік	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11
О	Ра, мкм	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5
	Номиналды өлшем, мм	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40
Р	Дәлділік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
	Номиналды өлшем, мм	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12
N, дана/жыл	Дәлділік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
		9000	9000	4 000	4 000	9 000	6 000	3 000	13 000	7 000	8 000	9 000	12 000					
Абразив дөңгелегінің ені, мм		40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40

Ескерту. Дайындама массасы — 1 кг дейін.



2.9-сурет. Өңделетін бөлшек нобайы: *а* — дайындамалар өлшемі; *б* — бөлшек өлшемі

Дайындаманың n' айналымдарының есептік уақыты айналым жылдамдығы $v = 12$ м/мин $n' = 1000v/(nD) = 63,7 \text{ мин}^{-1}$ кезінде. Айналымның нақты санын қабылдаймыз $n = 80 \text{ мин}^{-1}$ (17-қосымша). Негізгі уақытты формула бойынша анықтау үшін (2.13) үстел қадамының L ұзындығын анықтау керек, П11.26-кестесін пайдалана отырып

$$L = l - (1 - 2m)B = 60 - (1 - 2 \cdot 0,3) \cdot 40 = 44 \text{ мм.}$$

$$\text{Онда } t_o = 44 \cdot 0,5 \cdot 1,3 / (40 \cdot 0,2 \cdot 80 \cdot 0,002) = 22,3 \text{ мин.}$$

Массасы 1 кг дейінгі дайындаманы орталықта қамытшамен орнату жағдайы үшін П9.1-кестесі бойынша қосалқы уақыт $t_b = 0,35$ мин.

$$\text{Оперативті уақыт } t_{оп} = t_o + t_b = 22,3 + 0,35 = 22,7 \text{ мин.}$$

Техникалық қызмет көрсету уақыты негізгі уақыттан 3 %-ды құрайды, яғни $t_0 = 3t_o/100 = 3 \cdot 22,3/100 = 0,7$ мин.

Ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты оперативті уақыттан 3 %-ды құрайды, яғни $t_{рг} = 3t_{оп}/100 = 3 \cdot 22,7/100 = 0,7$ мин.

Орталығының биіктігі 150 мм дайындаманы орнатуымен дөңгелек тегістеу білдегінде жұмыс кезінде физикалық қажеттіліктердің уақытын П9.6-кестесі бойынша, оперативті уақыттың 1,7 % -ы түрінде қабылдаймыз, яғни $t_{п} = 1,7t_{оп}/100 = 0,4$ мин.

Дайындаманы орталыққа орнатумен, орталығының биіктігі 150 мм дөңгелек тегістеу білдегінде жұмыс кезінде дайындау-қорытындылау уақыты (П9.6-кесте) $t_{П.7} = 7$ мин.

180 дана дайындама партиясына дана-калькуляциялық уақытты (2.11) формула бойынша анықтаймыз:

$$t_{ш-т} = t + t_b + t_{опг} + t_{т.о} + t_{п} + t_{п-з}/q_{парт} = 22,3 + 0,35 + 0,7 + 0,7 + 0,4 + 7/180 = 24,5 \text{ мин}$$

Сыртқы цилиндрлі беттің тегістеу операциясының есептелген

параметрін операциялық картаның тиісті бағандарына жазуға болады.

Бетті тегістеу Ø К (Ø 50с11, Ra 2,5) кесу әдісі арқылы жүргізілетіндіктен, онда П11.9-кесте бойынша тегістелетін 50 мм диаметр үшін және тегістеудің 12 мм ұзындығына дайындаманың айналу жылдамдығын табамыз $v = 18$ м/мин, ал дайындаманың n' айналымының есептік саны $n' = 1000v/(nD) = 115$ мин⁻¹. Айналымдардың нақты саны ретінде қабылдаймыз $n = 120$ мин⁻¹.

Осы кесте бойынша П11.9 табатынымыз, бұрын қарастырылған шарт үшін абразив дөңгелектің көлденең берісі дайындаманың 0,003 мм/айн болуы керек.

Негізгі уақытты мына формуламен анықтаймыз (2.12):

$$t_o = hk/(nt) = 0,5 \cdot 1,2/(120 \cdot 0,003) = 1,7 \text{ мин.}$$

Массасы 1 кг дейінгі дайындаманы орталықта қамытшамен орнату жағдайы үшін П9.1-кестесі бойынша қосалқы уақыт $t_e = 0,35$ мин.

Оперативті уақыт $t_{оп} = t_o + t_e = 1,7 + 0,35 = 2,05$ мин.

Техникалық қызмет көрсету уақыты негізгі уақыттан 3 %-ды құрайды, яғни $t_o = 3t_o/100 = 3 \cdot 1,7/100 = 0,05$ мин.

Ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты оперативті уақыттан 3 %-ды құрайды, яғни $t_{орг} = 3t_{оп}/100 = 3 \cdot 1,7/100 = 0,06$ мин.

Дайындаманы орталыққа орната отырып, орталығының биіктігі 150 мм дөңгелектегістеу білдегінде жұмыс кезінде физикалық қажеттілікке уақытты, оперативті уақыттың 1,7 %-ы түрінде П9.6-кесте бойынша анықтаймыз, яғни $t_{п} = 1,7t_{оп}/100 = 0,03$ мин.

Дайындаманы орталыққа орната отырып, орталығының биіктігі 150 мм дөңгелектегістеу білдегінде жұмыс кезінде дайындау-қорытындылау уақыты $t_{в-з} = 7$ мин (П9.6-кесте).

Дайындамалар партиясына 180 дана даналық-калькуляциялық уақытты мына формуламен анықтаймыз (2.11):

Екі негізгі ауысудан тұратын, сыртқы цилиндрлі беттің (0 М и 0 К) тегістеу операциясының есептелген параметрін операциялық картаның тиісті бағандарына жазуға болады.

№ 2.3-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ үшiн БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Тегістеудің негізгі екі әдісін атаңыз.
2. Бойлай беріс әдісімен сыртқы дөңгелек тегістеудің сызбасын бейнелеңіз.
3. Кесу әдісімен сыртқы дөңгелек тегістеудің сызбасын бейнелеңіз
4. Оперативті уақыт қайда жұмсалады?
5. Тегістеу кезінде кесу жылдамдығы немен ерекшеленеді?
6. Жетілдіру коэффициенті дегеніміз не?
7. Дөңгелек сыртқы тегістеу кезінде бойлай беріс және көлденең берісті қандай бірліктермен береді?
8. Ішкі тегістеу кезінде өңделетін саңылау және абразив дөңгелектің арақатынасы қандай?

2.3.

ОПЕРАЦИЯНЫ ӘЗІРЛЕУ

Бөлшекті дайындаудың технологиялық процесін жобалау кезінде немесе бұйымды жинау кезінде технолог қосбірлікті міндетті шешеді. Бір жағынан, оған жұмысшы сызбасының және бұйымды әзірлеудің техникалық шарттарының барлық талаптарының орындалуын қамтамсыз етуі керек, екіншіден — бұйымды шығарудың жылдық бағдарламасының орындалуын қамтамсыз етуі керек, жоғары экономикалық көрсеткіштерімен, яғни технологиялық операциялардың өзіндік құнының төменділігімен.

Бөлшекті дайындаудың технологиялық процесін әзірлеу (немесе жобалау) жобалауға қажетті бастапқы мәліметтерді зерттеуден басталады, олардың негізгісі болып табылатыны:

- бөлшектің жұмысшы сызбасы;
- дайындауға техникалық шарт;
- бұйымды шығарудың жылдық бағдарламасы;
- нормативтік, анықтамалық және зауыт материалдары;

■ дайындама сызбасы.

Бұл арада дайын өнімнің үстінгі бетінің берілген сапасына жету және оның бетінің дәлділігі бойынша талаптарды толық орындау қажет, сонымен қатар операцияның өзіндік құнының аз болуына және нақты өндірістік жағдайды ескере отырып, аса үлкен өнімділікке қол жеткізу қажет.

Бөлшекті дайындаудың технологиялық операциясын әзірлеу операциялық картаны толтырумен аяқталады, ол үшін осы процестің барлық операцияларын жүргізу керек, яғни технологиялық процестің барлық операцияларын жобалау қажет.

Технологиялық процестің нақты операциясын әзірлеу процесінде келесі міндеттерді шешу қажет:

- технологиялық жабдықты таңдау, яғни дайындама өңделетін білдек (немесе құрылғы);
- бөлшек үшін тетікті таңдау;
- кескіш құралды таңдау;
- өлшегіш құралды таңдау;
- барлық негізгі ауысуларға кесу режимін таңдау;
- негізгі ауысуларға және барлық операцияға уақытты анықтау.

Білдекті таңдау. Операцияны жақсы әзірлеу үшін пайдаланылатын жабдықтың зауыттық мәліметтеріне ие болу керек, атап айтқанда, кәсіпорынның каталогында болатын, осы білдектердің техникалық жағдайы, технологиялық мүмкіндіктері көрсетілген әрбір білдектің паспорттық мәліметтері.

Бөлшек үшін тетікті таңдау өндіріс түріне және бұйымды шығарудың өндірістік бағдарламасына сәйкес анықталады. Мысалы, шағын сериялы және жеке-дара өндіріс кезінде, білдектің жабдығы болып табылатын (үшжұдырықшалы қысқы, бөлгіш бастық, қысқыш, қанға жиынтығы және т.б.), әмбебап тетіктерді пайдаланады. Бөлшек үшін арнайы білдектік тетікті жобалау және дайындау қажет болған жағдайда, экономикалық есептеулер жүргізіледі, ол нақты бір тетікті пайдаланудың экономикалық тиімділігін көрсетеді.

Кескіш құралды таңдау. Технолог тек стандартты кескіш құралдарды (кескіш тіс, фреза, бұрғы, абразивті дөңгелектер және т.б.) пайдалануға тырысуы керек. Дегенмен, кей жағдайда, арнайы кескіш құралды қолдану экономикалық жағынан өзін-өзі ақтамайды. Мұндай жағдайда жобалауға және арнайы кескіш құралды дайындауға уақыт қарастырылады, мысалы ішкі тікбұрышты немесе эвольвентті оймакілтекті өңдеу үшін тарту.

Өлшегіш құралды таңдау. Жеке-дара өндірісте әмбебап

өлшегіш құралдарды пайдаланады, мысалы штангенқұрал, микрометиялық құралдар және сағат типіндегі индикаторы бар штативтер немесе тіреулер. Сериялы және жаппай өндірісте арнайы калибр, шаблон, беттің өзара дәлсіздігін анықтау үшін арнайы аспаптар пайдаланады.

Барлық негізгі ауысуларға кесу режимін тағайындау. Кесу режиміне келесі параметрлер жатады:

- кесу тереңдігі, мм;
беру, мысалы, мм/айн, дайындамалар;
- кесу жылдамдығы, м/мин;
- сүмбінің айналу жиілігі, мин⁻¹.

Аталған параметрлерді өңделетін дайындаманың материалына, кескіш құралдың материалына және өңделген бетке талаптарға (кедір-бұдырлығы және т.б.) байланысты таңдалады.

Кесу режимін белгілі бір кезектестікте таңдайды:

1. Өндеуге әдіп және өтулер санына байланысты кесу тереңдігі тағайындалады.

2. Кескіш құралдың типі мен өлшемін таңдайды.

3. Кескіш құралдың параметріне, білдектердің параметріне және өңделгеннен кейінгі бөлшектің бетінің параметрлеріне байланысты есептік беруді, содан кейін білдектің паспорты бойынша жақын мәнін анықтайды.

4. Білдек сүмбісінің есептік, содан кейін нақты айналу жиілігін анықтайды.

№ 2.4-практикалық жұмыс. Технологиялық процестің дөңгелете ажарлау операциясын әзірлеу

Жұмыс мақсаты— дөңгелете ажарлау операциясын әзірлеу әдісімен танысу; ажарлау операциясының негізгі параметрлерін анықтау; өдеу режимдерін тағайындау; операцияға қажетті техникалық жабдықтауды таңдау; операцияны орындауға негізгі уақытты анықтау, даналық-калькуляциялық уақыт; дайындаманы механикалық өндеу операциясын әзірлеу бойынша практикалық дағдысын қалыптастыру.

Практикалық жұмыс бойынша есепте қамтылу керек:

- ажарлау білдегінде бетті өндеудің операциялық нобайы;
- операция параметрлерін анықтау бойынша есептік формулалар;
- есептеу нәтижелері;
- дұрыс ресімделген операциялық карта; жұмыс бойынша қорытынды.

Практикалық жұмысты орындау бойынша қысқаша әдістемелік нұсқау

Ажарлау білдегінің типі таңдалған ажарлау әдісімен анықталады. Ажарлаудың келесі әдістері ажыратылады:

- дөңгелете сыртқы ажарлау;
- ішкі ажарлау;
- центрсіз ажарлау;
- шеткері дөңгелекпен жазық бетті ажарлау;
- дөңгелектің бүйіржағымен жазық бетті ажарлау.

Ажарлау әдісін таңдау өңделетін дайындаманың формасымен, осы дайындаманың өңделетін бетімен, өңдеудің талап етілетін дәлділігімен, бөлшектің бетінің талап етілетін кедір-бұдырлығымен анықталады. Көбінесе жазық бетті ажарлау, дөңгелете ажарлау және ішкі бетті ажарлау білдектерін пайдаланады (17-қосымша).

Ажарлау кезінде жиі қолданылатын бөлшекке арналған тегік П10.4-кестеде көрсетілген.

Түрлі түрдегі ажарлау (абразив) дөңгелектері ажарлау кезіндегі кескіш құрал болып табылады, оларды олардың құрамындағы абразив материалдардың түріне және мөлшеріне қарай ажыратады. Абразивті түйіршіктер байлам көмегімен бекітіледі. Байлам абразивті дөңгелектің тозу деңгейіне және өңделетін беттің кедір-бұдырлығының параметріне әсер етеді. Байламдар төмендегідей ажыратылады:

- керамикалық (К);
- бакелитті (Б);
- вулканитті (В);
- металл (М);
- органикалық(О) және т.б.

Ажарлау дөңгелегі қаттылықтың түрлі деңгейіне ие, ол абразивті құралдардың белгіленген сипаттамаларын сақтауы кезіндегі абразивті түйіршіктер мен байлам арасындағы тіркесудің бұзылуына қарсылық ретінде түсініледі. Абразивті құралдың қаттылығы деңгейінің келесідей шкаласы бар:

- BM1, BM2 — аса жұмсақ;
- M1, M2, M3 — жұмсақ;
- CM1, CM2 — орташа жұмсақ;
- C1, C2 — орташа;
- CT1, CT2, CT3 — орташа қатты;

- T1, T2 — қатты;
- BT — аса қатты;
- ЧТ — тіпті қатты.

Белгілі бір байламды және қаттылықты дөңгелектердің өздерінің қолдану аясы болады, олардың бір бөлігі 2.11-кестеде көрсетілген.

2.11-кесте. Абразивті құралдарды пайдалану аясы

Абразивті дөңгелектің қаттылығы деңгейі немесе байлам түрі	Қолдану аясы
M2, CM2	Дөңгелектің бүйіржағымен жазық бетті ажарлау
Бакелитті (Б)	Дөңгелектің тысқары жағымен ажарлау
	Шыңдалған болат дайындамаларды ажарлау
CM2, C2	Ірі қадаммен бұранданы ажарлау
	Шойыннан, шыңдалған болаттан және құйындан, шыңдалған көміртектес болаттан жасалған дайындаманы дөңгелек, центрсіз және профильді ажарлау
CT2, T2	Сыдыра ажарлау
	Алдын ала ажарлау
	Профиль беттерді ажарлау
	Үзілмелі беттерді ажарлау
	Шыңдалған болатты жануыштау

Ажарлау кезінде кесу режимін, абразивті дөңгелек сипаттамаларын ескере отырып, анықтамалық кестелер бойынша тағайындайды. Нақты өндірістік жағдайда сынама ажарлаудан кейін дөңгелектің сипаттамалары нақтылануы мүмкін.

Ажарлау кезінде кесу режимінің негізгі параметрлері:

- жылдамдық v_z , м/мин, дайындаманың айналуы (немесе орын ауыстыруы);
- тереңдігі t , мм/ход, ажарлау — бұл дөңгелете немесе жазық бетті ажарлау кезінде ажарлау білдегі үстелінің әрбір қадамында көлденең беріс нәтижесінде, сонымен қатар кірме ажарлау кезінде көлденең беріс нәтижесінде дайындамадан шеттігімен немесе қажақтаспен алынатын қабат;
- бойлық беріс $S_{пр}$ (мм/айналым дайындаманың немесе мм/қадам үстелдің) — бұл дөңгелете ажарлау кезінде дайындаманың бір айналымында немесе шарық шеттігімен жалпақ бетті ажарлау

кезінде ажарлауыш шарықтың білік бойымен жылжуы.

Ауысулар бойынша t_{oi} негізгі уақытты және t_o барлық операцияға негізгі уақытты ажарлау әдісіне байланысты есептеу жолымен анықтайды.

Тапсырма

Практикалық жұмысқа берілген тапсырмалардың нұсқаларының бірімен 2.12-кесте және 2.10, а-сурет) ажарлау операциясын әзірлеу және операциялық картаны толықтай толтыру.

Жұмыстарды орындау мысалы (№ 0-нұсқа)

Ажарлау операциясына келіп түсетін дайындаманың сызбасының талдамасынан (2.10, а) және ажарлаудан кейін беттің талап етілетін параметрінен (2.11-кестені қараңыз, № 0-нұсқа) келесі шешімді қабылдаймыз, бойлық беріс арқылы дөңгелете сыртқы ажарлау жасау қажет. Бүйір жаққа әдіп 0,3 мм (Б — М) құрайды, кедір-бұдырлығының параметрі Ra 1,2 мкм, ажарлаудан кейін алынатын өлшем $\varnothing 60_{\pm 0,11}$ немесе $\varnothing 60_{\pm 0,11}^{+0,034}_{-0,034}$ (5-қосымша).

Білдекті таңдау. М бетті ажарлауды 3М131 дөңгелете ажарлау білдегінде жасауға болады, оның негізгі мәліметтері 17-қосымшада берілген.

Тетікті таңдау. Дайындама центрлік саңылауға ие болатындықтан, онда оны базалау үшін білдектің өңдеу аумағында жылжымайтын центр қолдануға болады, ал айналу кезін білдектің сүмбісінен дайындамаға қамыт көмегімен жіберуге болады. Дайындаманы өңдеу нобайы 2.10, б-суретте көрсетілген.

Ажарлауыш шарықты (қажактас) таңдау. П10.5-кестені пайдалана отырып, бойлық беріспен және дайындаманың сегізінші класты тазалығын қамтамасыз ете отырып дөңгелете сыртқы ажарлау үшін ЭБ16—25С2К (электрокорунд ақ, түйіршіктілігі 16...25 мкм, орташа жұмсақтықты, керамикалық байлам) шарық таңдаймыз. 17-қосымша бойынша анықтаймыз, ажарлау шарығының диаметрі $D_k = 600$ мм, ажарлау шарығының ені $B_k = 63$ мм, шарықтың айналу жиілігі $n_k = 112$ мин. Шарықтың айналу жылдамдығын тексереміз $v_{кр} = \pi D_k n_k / 1000 = 34,9$ м/мин, бұл осы шарық маркасы үшін рұқсат етілетін айналым жылдамдығынан аспайды.


Кесу режимін таңдау. u_3 дайындаманың шеңберлік жылдамдығын П11.28-кесте бойынша таңдаймыз. Соңғы қорытынды ажарлау кезінде (Ra 1,2 мкм) дайындаманың айналу жылдамдығы 15 . 55 м/мин шамасында болуы керек. Жылдамдық мәнін 30 м/мин қабылдауға болады. Онда

2.12-кесте. № 2.4 Практикалық жұмысты орындаудың жөкеленген нұсқалары

Бөлшектер мен дайындамалардың көрсеткіштері			Нұсқа											
			0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Дайындама	А	Номиналды көлем, мм	20	22	24	20	20	24	20	20	22	20	26	
	Б	Номиналды көлем, мм	60,6	61,4	64,5	60,6	61,5	62,4	71,6	61,5	61,6	61,6	65,5	
		Дәлдік	c13	c13	c13	c13	c13	c13	c13	c13	c13	c13	c13	
		Ra, мкм	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	
	В	Номиналды көлем, мм	15	18	15	19	15	16	17	15	18	15	15	
	Г	Номиналды көлем	20	22	24	26	20	22	20	20	24	20	20	
	Д	Номиналды көлем, мм	60	70	80	66	68	70	60	60	68	60	64	60
		Дәлдік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
	Е	Номиналды көлем, мм	80	90	88	90	100	80	70	70	120	110	90	80
	М	Номиналды көлем, мм	60	61	64	60	61	62	71	61	61	81	61	65
Дәлдік		e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	
Ra, мкм		1,2	1,2	1,2	0,6	1,2	1,2	0,6	0,6	1,2	1,2	0,6	1,2	
Р	Номиналды көлем, мм	60	70	80	66	68	70	60	60	68	60	64	60	
	Дәлдік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	
	N, дана/жыл		9000	9000	4 000	9 000	6 000	3 000	13 000	7 000	8 000	9 000	12 000	

Ескертулер: 1. Дайындама салмағы — 1 кг. дейін

2. Дайындама материалы — болат 40Х.



2.10-сурет. Өңделуші бөлшектің сызбасы: *а* – дайындама көлемі; *б* – бөлшектің көлемі

дайындаманың айналу жиілігі $n_3 = 1000c_3 / (\pi D_3) = 1000 \cdot 30 / (3,14 \cdot 60) = 159 \text{ мин}^{-1}$. Дайындаманың айналу жиілігін $n_3 = 160 \text{ мин}^{-1}$ деп қабылдаймыз, таңдалған білдекте дайындаманың айналу жылдамдығы сатысыз реттелетінін білеміз 40-тан 400-ге дейін мин^{-1} (17-қосымша).

Ажарлау тереңдігі t П11.28-кесте бойынша t таңдалады, ажарлау үстелінің әрбір қадамы үшін арақашықтығы 0,005-тен 0,015 мм дейін. Кедір-бұдырлығының параметрі Ra 1,2 мкм екенін ескере отырып, үстелді $t = 0,005 \text{ мм/қадам}$ деп қабылдаймыз, 17-қосымша бойынша таңдалған үстелде кесу тереңдігін сатысыз реттелетінін білеміз 0,002-ден бастап 0,1 мм/қадам дейін.

Дайындаманың айналымына бойлық беріс шарық B_k енінен S_B үлесімен беріледі, яғни $S_{пр} = S_B B_k$. П11.28-пайдалана отырып, қабылдаймыз $S_B = 0,4$. 17-қосымша бойынша ені $B_k = 63 \text{ мм}$ шарық үшін дайындаманың $S_{пр} = 0,4 \cdot 63 = 25,2 \text{ мм/айналым}$ анықтаймыз. Дөңгелектей отырып, бойлық беріс мәнін $S_{пр} = 25 \text{ мм/айналым}$ деп қабылдаймыз.

Бойлық беріс үстелінің $s_{пр}$, м/мин **минуттық жылдамдығын** (минуттық бойлық беріс секілді) мына формуламен анықтаймыз $v_{пр} = S_{пр} n_3 / 1000 = 25 \cdot 160 / 1000 = 4 \text{ м/мин}$. Таңдалған үстелде бойлық беріс жылдамдығы сатысыз 50... 5 000 мм/мин (0,05... 5,0 м/мин) шамасында реттелетіндіктен, онда үстелдің бойлық беріс жылдамдығын (4 м/мин) нақты деп қабылдаймыз.

Негізгі (машиналық) уақыт t_o бойлық беріске мына формула бойынша анықтаймыз (2.13):

$$t_0 = Lhk / (B_k S_{Bn} \pi t).$$

Үстел қадамының L ұзындығын П11.26-кестені қолдана отырып анықтаймыз, ажарлау шарығының әрбір жаққа асқынөтуі кезінде, енінің теңдей ортасында (B_k — 63 мм) круга ($m = 0,5$):

$$L = l - (1 - 2\tau)B_k = 60 - (1 - 2 \cdot 0,5) \cdot 63 = 60 \text{ мм.}$$

Ажарлау тереңдігі $h = 0,3$ мм [қараймыз. (Б - М)/2, сур. 2.10].

Соңғы қорытынды ажарлау үшін жетілдіру коэффициенті $\kappa = 1,4$.

Шарық енінің үлесі $S_B = 0,4$.

Дайындаманың айналу жиілігі $n_3 = 160 \text{ мин}^{-1}$.

Ажарлау тереңдігі $t = 0,005$ мм.

Онда $t_0 = 60 \cdot 0,3 \cdot 1,4 / (63 \cdot 0,4 \cdot 160 \cdot 0,005) = 1,25 \text{ мин.}$

Қосалқы уақыт П9.1-кесте бойынша, центрде қамытпен массасы 1 кг дейінгі дайындаманы центрге орнату үшін $t_b = 0,35$ мин.

Оперативті уақыт $t_{оп} = t_0 + t_b = 1,25 + 0,35 = 1,6 \text{ мин.}$

Техникалық қызмет көрсету уақыты негізгі уақыттың 3 %-ын құрайды, яғни $t_{То} = 3t_0 / 100 = 3 \cdot 1,25 / 100 = 0,04 \text{ мин.}$

Ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты оперативті уақыттың 3 %-ын құрайды, яғни $t_{орг} = 3t_{оп} / 100 = 3 \cdot 1,6 / 100 = 0,05 \text{ мин.}$

Физикалық қажеттілікке f_n уақытты, центрдің биіктігі 150 мм дөңгелете ажарлау білдегінде жұмыс кезінде П9.3-кесте бойынша оперативті уақыттың 1,7 %-ы түрінде қабылдаймыз, яғни $t_n = 1,7t_{оп} / 100 = 1,7 \cdot 1,6 / 100 = 0,03 \text{ мин.}$

Дайындау-қорытындылау уақытын, центріне $t_{п-3} = 7 \text{ мин}$ (П9.6-кесте) дайындаманы орната отырып, центрдің биіктігі 150 мм дөңгелете ажарлау білдегінде жұмыс кезінде.

Бөлшектерді шығарудың жылдық бағдарламасы (9 000 дана) сериялы өндірісті білдіреді. Өндеуге бір мезетте жіберілетін, партиядағы дайындамалардың $q_{парт}$ санын мына формуламен есептейміз (2.14)

$$q_{парт} = (N/D)f = (9000/254) \cdot 5 \approx 180 \text{ шт.}$$

Дайындамалар партиясына даналық-калькуляциялық уақытты 180 дана мына формуламен анықтаймыз (2.11):

$$t_{штк} = t_{орг} + t_{г.о} + t_u + t_{п-3} + t_n \\ = 1,25 + 0,35 + 0,04 + 0,05 + 0,03 + 7/180 \approx 1,8 \text{ мин.}$$

Сыртқы цилиндрлі бетті ажарлау операциясының есептелген уақытын операциялық картаға жазуға болады.

№2.4-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ СҰРАҚТАР

1. Дайындаманы өндеудің технологиялық процесін жобалау үшін бастапқы мәліметтер берілетін құжаттарды атаңыз.
2. Операциялық карта дегеніміз **не?**
3. Технолог операциялық картаға қандай мәліметтерді жазады?
4. Ажарлау кезінде кескіш құрал болатын не?
5. Ажарлау кезінде дайындаманы базалау үшін қандай тетіктерді пайдаланады?
6. Ажарлау кезінде қандай қажақтастар **қолданылады?**
7. Операцияға кететін даналық-калькуляциялық уақыт неден тұрады?
8. Ажарлау кезінде кесу процесі қандай параметрлермен сипатталады?

№ 2.5-практикалық жұмыс. Технологиялық процестің жалпақ бетті ажарлау операциясын әзірлеу

Жұмыс мақсаты— жалпақ бетті ажарлау операциясын әзірлеу әдістемесімен танысу; ажарлау операциясының негізгі параметрлерін анықтау; өңдеу режимін тағайындау; операцияның негізгі техникалық қамтамасыз етілуін анықтау; операцияны орындауға кететін негізгі уақытты анықтау; операцияны орындауға кететін даналық-калькуляциялық уақытты анықтау; дайындаманы механикалық өндеудің операциясын әзірлеу бойынша практикалық дағды мен білікті қалыптастыру.

Практикалық жұмыс бойынша есепте қамтылу керек:

- ажарлау білдегінде жалпақ бетті өндеудің операциялық нобайлары;
- операция параметрлерін анықтау бойынша есептік формулалар;
- есептеу нәтижелері;
- дұрыс рәсімделген операциялық карта;
- жұмыс бойынша қорытындылар.

Практикалық жұмысты орындауға қысқаша әдістемелік нұсқау

Ашық жалпақ бетті ажарлау үшін жазық ажарлағыш білдектер

қолданылады. Кейбір жазық ажарлағыш білдектерге дайындаманы, магниттік үстелге орнатылған, қажақтаспен ажарлайды, ал кейбіреуінде — қажақтастың шетімен ажарлайды (П11.27-кесте). Кейбір білдектердің үстелі дөңгелек, белгілі бір бұрыштық жылдамдықпен айналады. Дөңгелек үстелдерде бір мезетте бірнеше дайындаманы базалайды. Ал кейбір білдектерде үстелдері тікбұрышты, тіксызықты қайтымды-ілгерілемелі қозғалыспен. Үстелде не бір дайындама немесе бір-біріне тығыз орнатылған бірнеше дайындама орнатылуы мүмкін. Егер дайындама материалы магниттік қасиетке ие болатын болса, онда өңделетін дайындаманы бекітудің түрлі тетіктерін қолданады.

Жалпақ бетті қажақтаспен ажарлау қажақтастың шетімен ажарлағанға қарағанда өнімдірек, бірақ өңдеменің дәлділігі кемдеу болады. Қажақтастың шеттігімен ажарлаудың өнімділігін арттыру үшін мүмкін болған жағдайда ажарлау білдегінің үстеліне бір-біріне тығыз орнатылған бірнеше дайындама орнатылады және бекітіледі.

Шарықтың шеттігімен ажарлау кезіндегі негізгі уақытты келесі формуламен есептейді:

$$t_o = HLhK/(1000v_s S_y S_t q), \quad (2.16)$$

мұндағы H — шарықтың көлденең беріс бағытына қарай жылжу шамасы, мм, $H = B_3 + B_{кр} +$ (дайындамалар арасынағы саңылау); B_3 — дайындаманың көлденең беріс бағытына қарай сомалық өлшемі мм; $B_{кр}$ — қажақтастың ені, мм; L — үстелдің бойлық беріс қадамының ұзындығы, $L = L_{pj} + (10... 15)$ мм; L — білдектің үстеліне бекітілген дайындаманың сомалық ұзындығы, мм; h — өңдеуге әдіп, мм; K — жетілдіру коэффициенті; v_s — дайындама қозғалысының бойлық жылдамдығы, м/мин; S_y — шарықтың көлденең берісі, үстелдің мм/қадам; S_t — тереңдікке беру (тік беру), мм/проход; q — бір мезетте өңделетін дайындамалар саны.

Тапсырма

Практикалық жұмысқа берілген тапсырмалардың нұсқаларының бірімен 2.13-кесте және 2.11, а, б-сурет) дайындаманың бір бетінен жазық бетті өңдеу бойынша ажарлау операциясын әзірлеу және операциялық картаны толықтай толтыру.

Жұмыстарды орындау мысалы (№ 0-нұсқа)


Ажарлау операциясына келіп түсетін дайындаманың сызбасының талдамасынан (2.11, а) және ажарлаудан кейін беттің талап етілетін кедір-бұдырлығынан (2.11, б-сурет және 2.13-кестені қараңыз) келесі шешімді қабылдаймыз

2.13-кесте. №2.5-практикалық жұмысты орындауға арналған жеке нұсқалар

Бөлшектер мен дайындамалардың көрсеткіштері			Нұсқа										
			0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Дайындама	A	Номиналды көлем, мм	250	280	260	280	300	250	290	250	280	250	270
		Дәлдік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
	Б	Номиналды көлем, мм	20,3	22,3	20,4	25,3	30,3	40,4	60,3	20,3	20,4	40,3	20,2
		Дәлдік	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11
Г		Ra, мкм	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5
		Номиналды көлем, мм	80	100	120	90	80	70	110	80	120	90	120
		Дәлдік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
		Номиналды көлем, мм	20,0	22,0	20,0	25,0	30,0	40,0	60,0	20,0	20,0	40,0	20,0
Бөлшек	M	Дәлдік	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11	e11
		Ra, мкм	1,2	1,2	1,2	0,6	1,2	0,6	1,2	1,2	0,8	1,2	1,2
		Номиналды көлем, мм	250	280	260	280	300	250	290	250	280	250	270
		Дәлдік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
Г		Номиналды көлем, мм	80	100	120	90	80	70	110	80	120	90	120
		Дәлдік	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14	c14
		Номиналды көлем, мм	8 000	9 000	4 000	7 000	6000	3000	13 000	7 000	8 000	9 000	12 000
		N, дана/жыл											

Ескерту: 1. Дайындама салмағы — 1 кг. дейін

2. дайындама материалы — болат 40Х.



2.11-сурет. Тегіс қырнау схемасы:

а – дайындама; б – бөлшек; в – үстелдің бойлық берілісі; г – қажақтастың көлденең берілісі

Шарықтың шеттігімен бір мезетте төрт дайындаманы жазық бетті ажарлау қажет болып тұр ($q = 4$). Әдіп $0,3 \text{ мм}$ ($B - M$), кедір-бұдырлығының талап етілетін параметрі $Ra \ 1,2 \text{ мкм}$, талап етілетін дәлділік $20_{-0,11}^{+0,11}$ немесе $20_{-0,24}^{+0,24}$ (Қосымша 5).

Ажарлау операциясын дұрыстау нобайы екі проекцияда, барлық түсініктерімен 2.11, в, г-суретте берілген..

Білдекті тандау. М бетті ажарлауды 3П722 модельді жазық бетті ажарлау білдегімен орындауға болады, магниттік тікбұрышты үстелінің өлшемі $320 \times 1250 \text{ мм}$, бұл бір мезетте бірнеше дайындаманы өңдеуге мүмкіндік береді. Білдектің басқа мәліметтері 17—қосымшада берілген.

Тетіктерді тандау. Дайындама жалпақ формалы болғандықтан, ал дайындаманың материалы магниттік қасиетке ие болатындықтан, онда төрт дайындаманы білдектің магниттік үстеліне қойып, бекітеміз. Төрт дайындаманы орнату (1, 2, 3, 4) нобайы 2.11, в, г-суретте көрсетілген.

Ажарлауыш (қажақтас) шарықты тандау. П10.5-кестені пайдалана отырып, дайындаманың сегізінші класты тазалығын қамтамасыз ете отырып, тікбұрышты үстелді білдекте шарықтың шеттігімен жалпақ бетті ажарлау үшін Э16СМ2К (электрокорунд ақ, түйіршіктілігі 16 мкм , орташа жұмсақтығы 2, керамикалық байлам) шарық таңдаймыз. 17-қосымша бойынша анықтаймыз, ажарлау шарығының диаметрі $D_k = 450 \text{ мм}$, ажарлау шарығының ені $B_k = 80 \text{ мм}$ айналу жылдамдығы 35 м/с .

Кесу режимдерін таңдау. Кесу жылдамдығы ажарлауыш шарықтың шеңберлік жылдамдығына тең болады. П11.28-кесте бойынша $u_k = 30...35$ м/с. Жаңа шарық үшін жылдамдық таңдаймыз $u_k = 35$ м/с.

Дайындама қозғалысының u_3 жылдамдығы, П11.28-кесте бойынша ұсынылған, соңғы қорытынды ажарлау үшін 15 . 20 м/мин. Орташа мәнді қабылдаймыз $v_3 = 17$ м/мин.

S_v шарықтың үстелдің қадамына көлденең берісі шарықтың B_k енінен S_B үлеспен беріледі, яғни $S_v = S_B B_R$.

П11.28-кестені пайдалана отырып, $S_B = 0,3$ қабылдаймыз. Шарықтың ені бойынша $B_k = 80$ мм $S_v = 0,3 \cdot 80 = 24$ мм/қадам үстелдің.

Бір рет өтуге тереңдікке беру S_t , П11.28-кесте бойынша ұсынылатын 0,005.0,015 мм диапазонында. Кедір-бұдырлығының жоғары класты болуына байланысты ең аз мәнді қабылдаймыз, яғни $S_t = 0,005$ мм/өту. Бұл беру көлденең берістің бағытының ауысуы кезінде жүзеге асырылады, яғни ажарлағыш басшаның көлбеу қозғалысының реверсі кезінде.

Көлденең беріс бағытына шарықтың H жылжуы шамасы, мм: $H = B_3 + B_{кр} +$ (дайындамалар арасындағы саңылау), мм $= B + B_{кр} + 0 = 250 + 80 + 0 = 330$ мм.

Үстелдің бойлық берісінің ұзындығы $L = 4B_3 + (10.15)$ мм $= 4 \cdot 80 + 15 = 335$ мм.

Осылайша, біз жалпақ бетті ажарлау операциясының келесі параметрлерін анықтадық (2.14-кесте).

2.14-кесте. Жазық бетті ажарлау операциясының есептік параметрлері

Операция параметрі	мағынасы
V_3 м/мин	17
S_v , мм/жүріс	24
S , мм/өткел	0,005
H , мм	330
L , мм	335
h , мм	0,3
q , дана	4
K	1,4

Құрастырудың технологиялық процесі, белгіленген әдіспен белгілі бір реттілікпен, өзара бағдарланған бөлшектер, құрастырма бірліктерді және агрегаттарды жалғау процесін білдіреді. Құрастыру процесі операцияларға, ауысуларға, тәсілдер және әрекеттерге бөлінеді.

Операция — бір жұмысшы немесе жұмысшылар бригадасы белгілі бір жұмыс орнында белгілі бір құрастыру нысандарымен орындайтын, технологиялық процестің аяқталған бөлігі Операция ауысулардан тұрады.

Ауысу — құрастыру құралдарын немесе жабдықты ауыстырмай белгілі бір қосылыстармен жасалатын операцияның бір бөлігі. Ауысу тәсілдерден тұруы мүмкін.

Тәсіл — жұмысшының мақсатты тағайындамасымен байланысты әрекетінің циклін білдіреді. Прием жұмысшы әрекеттерінен құралады.

Құрастырудың технологиялық процесін жобалау кезінде көбінесе келесі мәселелерді шешуге тура келеді:

- құрастыру маршрутын анықтау;
- құрастыру схемасын құру;
- құрастыру өлшем тізбектерін құру;
- құрастыру дәлділігін есептеу;
- құрастыру дәлділігін қамтамасыз ету, бөлшектердің біреуін екіншісіне геометриялық (немесе басқа) параметрлеріне қарай таңдау, немесе қажетті қозғалыссыз өтемдеушінің өлшемін анықтау, немесе өтемдеуші бөлшектен алынатын қабаттың қалыңдығын табу, немесе нақты бір қосылыстарды құрастырумен байланысты басқа да есептеулерді орындау.

Технологиялық процестерді құру үшін бастапқы мәліметтерді технолог

келесі ақпарат көздерінен табады:

- құрастырылатын бұйымның жинау сызбасы;
- осы бұйымды құрастыруға техникалық талаптар;
- бұйым конструкциясына кіретін бөлшектердің, құрастырма бірліктердің, сатымдық бұйымының, бекітпе бұйымдардың спецификациясы;
- жиналатын бұйымның конструкциясына кіретін бөлшектердің жұмысшы сызбасы;
- түрлі нормативтік құжаттар (Мемстандарттар, нормалар және аталған кәсіпорында құрастыру жұмыстарын регламенттейтін басқа да анықтамалық баспалар);
- жиналатын бұйымның жылдық шығарылым бағдарламасы.

Құрастырудың технологиялық процестерін жобалаудың бастапқы кезеңінде нысанның құрастыру сызбасын талдау және оның құрастырылуына қойылатын техникалық талаптармен танысу қажет. Талдаудың негізгі міндеттері:

конструкциядағы технологиялық құрастырма бірліктерінің бұйымын анықтау;

анықталған құрастырма бірліктерінің базалық бөлшектерін таңдау;

- құрастыру маршрутын алдын-ала анықтау; құрастыру схемасының нобайын құру.

Технологиялық құрастырма бірліктер — бұл бұйымның басқа бөліктеріне тәуелсіз жиналып, өз бетінше жұмыс орнында сыналатын бұйымның бөлігі. Құрастыру процесінде бұл бірлік дербес тұтас ретінде қатысады. Технологиялылығы жақсы сынақтан өткен бұйымның құрастыру сызбасының спецификациясында құрастырма бірліктердің атауы және олардың саны көрсетіледі.

Базалық бөлшек — құрастыру процесінде бастапқы процесс болып табылады. Оны құрастыру тетігіне орнатады және қажет болғанда бекітеді, яғни бұйымды немесе құрастырма бірлікті құрастыруға бірінші болып кіреді. Базалық бөлшектерге басқа да бөлшектер, агрегаттар және құрастырма бірліктер қосылады. Бұл бөлшек айтарлықтай қатты, массалы және құрастыру тетігіне ыңғайлы орнатылатындай болуы керек. Бұл талаптарға корпустық бөлшектер, біліктер, қақпақтар, турбина немесе компрессорлар дискілері жауап береді.

Құрастыру схемасы — бұл, базалық бөлшектен бастап, бұйымды құрастырудың реттілігінің шартты графикалық бейнесі. Машинаны құрастыру немесе басқа да бұйымды құрастыру схемасында құрастыру процесінің әрбір дербес элементі тік бұрышпен белгіленеді, оның ішінде бөлшек немесе құрастырма бірліктің атауы, құрастыру сызбасының спецификасы бойынша оның нөмірі және осы бұйымдағы саны туралы ақпараттар болады. Машинаның немесе бұйымның базалық бөлшегін

бейнелейтін тік бұрыштан соңғы тік бұрышқа дейін, ол дайын өнімді білдіреді, тік сызық (дұрысы көлденең) жүргізіледі. Әдетте, сызық үстіне рет-ретімен құрастыруға түсетін бөлшектер, ал сызықтың астына құрастырма бірліктердің схемасы қойылады, олар да, құрастырылатын машинаның (олардың құрастырылуын қарастырмай) конструкциясына кіретін, базалық бұйымға, сатылым немесе дайын бұйымға ие.

Осылайша құрылған схема бұйым құрастырудың технологиялық процесін жобалаудың жақсы негізі болып табылады. Бұған бақылау операциялары, баланстау операциялары, құрастыру және бақылау-өлшеу құралдары және т.б. туралы қосымша ақпараттар енгізуге де болады.

Құрастыру процесінің маңызды міндеті құрастырудың белгіленген дәлділігін қамтамасыз ету, яғни құрастыру параметрінің нақты мәні берілген мәнге сай келетіндей жағдайға жету.

Негізгі құрастыру параметрлері:

- өстік, радиалды және бүйірлік саңылаулар;
- бөлшек беттерінің бұйымның базалық бетінің өсіне қатысты радиалды және тысының ауытқымасы;
- саңылаудың мойынтірекке өзіктестігі;
- бөлшектер қосылысындағы саңылаулар және созылулар;
- бір бөлшекті екінші бөлшекке тығыздандыру күші;
- бұрандалы (бекіту) бөлшектерді бұрау күші;
- көлденең –тығыздау қосылыстарды құрастыру кезіндегі температураның қызыуы немесе салқындауы;
- серіппе күші;
- бөлшек массасы
- және т.б.

Құрастырудың дәлділігін қамтамасыз етудің әдістері:

толық өзара алмасушылық әдісі; толық емес өзара


алмасушылық әдісі; бөлшектерді таңдау әдісі;

жылжымалы немесе қозғалмайтын компенсаторлар пайдалан отырып реттеу әдісі; жөндеу немесе түзеу әдісі.


Дайындық құрастыру операциясын ескермей, «аунақша» бұйымын құрастыру схемасын және құрастыру маршрутын құру (7.1-сурет). Құрастырудың дәлділігі толық өзара алмасушылық әдісімен қамтамасыз етіледі.

Құрастыру сызбасын талдаудан (7.1-суретті қараңыз) көретініміз, екі құрастыру бірлігін ерекшелегеніміз жөн. Біріншісі, екі 8 мойынтіреппен, 9 төлкелі және 11 тығыздау жинағымен серпер болады. Екінші құрастыру бірлігі болатыны 2 жылытылған қақпақ, базалық бөлшек кезінде 3 қақпақ. Бұйымның базалық бөлшегі болуы мүмкін 1 өсі немесе 10 *серпер*.

Бұйымды құрастырудың құралған схемасы бұйымның базалық бөлшегін шартты бейнелеуден басталатындықтан, онда осындайлар ретінде 1 өсін таңдай отырып, оны құрастыру схемасында үш бұрыш түрінде бірінші бейнелейміз және одан дайын өнім «аунақшаны» бейнелеп тұрған тік бұрышқа дейін тік сызық сызамыз (7.2-сурет). Сызықтың астына серпер 10 Базалық бөлшекті бірінші құрастырма бірлігінің құрастыру сызығын жүргіземіз. Базалық бөлшекке серпер 11 тығыздау, 8 мойынтірек, төлке 9 және екінші мойынтірек 8 жалғанады. Бұл құрастыру бірлігі бұйымның базалық бөлшегіне бірінші орнатылады – ось. Одан әріде сызық үстіне шығыршықтың 7, тежеуші 4 және төсемше 6 қосылыс бөлшектерін бейнелейміз. Астына екінші құрастыру бірлігінің сызығын бейнелейміз қақпақ 3, оған тығыздау 2 салынады. Белгіленген күпенен алты болт 5 бұралады және содан соң бұйым толық құрастырылады.



7.1-сурет. «Аунақша» бұйымының құрастыру схемасы



7.2-сурет. «Аунақша» бұйымын құрастыру сызбасы

Құрылған бұйымды құрастыру схемасы 7.1-кесте түрінде берілген құрастыру маршрутын құру үшін жақсы негіз болып табылады.

7.1-кесте. «Аунақша» бұйымын құрастыру маршруты

Операция номері	Операция мазмұны	Өту номері	Өту мазмұны
05	Құрастыру тетіктеріндегі базалық бөлшектерді орнату және бекіту	1	Тіреуішке 1 өсін орнату
		2	тіреуішке 1 өсін бекіту
10	Серіппе құрастырмасы	1	Тіреуішке 10 серіппесін орнату
		2	Аунақша ұясына 11 нығыздығын орнату

7.1-кесте аяқталды

Операция номері	Операция мазмұны	Өту номері	Өту мазмұны
		3	8 Мойынтіректі соңына дейін тығыздау
		4	9 төлкені орнату
		5	8 мойынтіректі тығыздап төлкеге орнату
15	Серперді жиынтықпен орнату	1	Жинақтағы серперті өске кигізу
		2	7 өске сақина кигізу
		3	Кесілген 4 тежеуішті өстің жігіне енгізу
20	Қақпақтың құрастырмасы	1	3 қақпақшаны тіреуішке орнату
		2	2 тығыздауышты қақшаның ұяшығына орнату
25	Қақпақты бекіту	1	Аунақша сыртына 6 төсем орнату, оларды төсем мен аунақшадағы алты саңылауды қосарландыра отырып
		2	Жиынтықтағы қақпақшаны өске кигізіп, оны аунақша саңылауына салу, саңылауды бұрандамен қосарландырып.
		3	Барлық алты 5 бұранданы қолмен бұрау
		4	Белгілі бір кезекпен барлық алты бұранданы каттылау
30	Бакылау	1	Аунақшаның айналуының жеңілдігін тексеру
		2	Айналу өсіне қатысты серпердің сфералық ауытқуын тексеру

7.2-тапсырма

Базалық бөлшек ретінде 10 серперді ала отырып «аунақша» бұйымын құрастыру схемасын құру (7.1-сурет). Құрастыру схемасын және маршрут схемасын құру.

7.3-тапсырма

«Тірек» бұйымын құрастыру схемасын талдау (7.3, а) және құрастырудың аталған схемасына (7.3, б) бақылау операциялары.



7.3-сурет. «Тірек» (а) өнімінің құрастырма сызбасы және (б) схемасы

(натяг-тартқыш, контроль-бақылау, прессовать - престеу, регирулевка - реттеу, опара - тірек, винт-бұранда, ролик - шығыршық, гайка - сомын)

7.4 тапсырма


Бақыланатын құрастырмалы параметрлерді көрсетіп, операциялық нобайлармен «тірек» бұйымдарын жинау маршрутын құрау (7.3, *a* – *сурет*).

7.2.

ҚҰРАСТЫРМАЛЫ ӨЛШЕМДІК ТІЗБЕКТЕР

Құрастыру дәлдігін қамтамасыз етумен байланысты есептеулердің көпшілігі өлшемді тізбектердің теорияларына негізделеді. Өлшемді тізбек бөлшек өстерінің немесе беттерінің және бөлшек өстері мен түңһзуші тұйық контурдың өзара жағдайын үйлестіретін өлшемдердің жиынтығын атайды.

Өлшемдік тізбектің көмегімен құрастыруға қатысты жасаушы топтардың нақты немесе берілген өлшемдері берілген құрастырмалы параметр болатын тұйықтаушы топтың өлшемін анықтайтынын білгенде кері міндеттермен шешіледі.



7.4-сурет. Сызықтық технологиялық өлшемдік тізбек:

а – құрастырмалы өлшемдік тізбек схемасы; *б* – құрастырмалы сызба

Тура міндетті бұйымды жобалау кезінде әзірлеуші шешеді. Тұйықтаушы топтың (саңылаудың, тартылыстың) талап етілетін өлшемі бойынша конструктор жасаушы буындардың өлшемдерін анықтайды және оларлы бөлшектердің жұмыс сызбаларына енгізеді.

Сызықтық технологиялық өлшемдік тізбектер мысалы 7.4-суретте келтірілген. Геометриялық сызбадан құрастыру объектісін (7.4,б-сурет) талдау нәтижесінде жасалған осы өлшемдік тізбек (7.4,а-сурет) тұйықтаушы буынның (Д саңылауы) Номиналды мәні A_{Δ} төмендегідей болатынын белгілі

$$A_{\Delta} = (A_1 + A_2) - (A_3 + A_4 + A_5 + A_6).$$

Тұйықтаушы топтың шекті ауытқуларын анықтау үшін екі есептеу әдісі қолданылады:

- өлшемдердің шекті ауытқулары бойынша (максимум-минимумға есептеу);
- теоретикалық-ықтимал.

Максимум-минимум әдісі бойынша есептеу кезінде тұйықтаушы топтың (Д саңылауы, 7.4-суретті қараңыз) шекті мәндерін A_m және $A_{дп}$ келесі формула бойынша есептеуге болады

$$A_{\Delta\max} = (A_{1\max} + A_{2\max}) - (A_{3\min} + A_{4\min} + A_{5\min} + A_{6\min});$$

Тұйықтаушы топтағы T_{Δ} шегі (немесе тұйықтаушы топтың шашырау өрісі)

$$T_{\Delta} = A_{\Delta\max} - A_{\Delta\min} = T_1 + T_2 + T_3 + T_4 + T_5 + T_6,$$

мұндағы $T_1—T_6$ — құраушы топтарға шектер.

n тобынан тұратын өлшемдік тізбектер үшін:


$$T_{\Delta} = \sum_i T_i$$

теоретикалық-ықтимал әдіс бойынша есептеу кезінде тұйықтаушы топтағы T_{Δ} шегі (немесе тұйықтаушы топтың шашырау өрісі) келесі формула бойынша анықталады

$$T_{\Delta} = \sqrt{\sum T_i}$$

7.5-тапсырма

Құрастырмалы өлшемдік тізбекті жасау және $\Delta = 2,2...3,0$ мм өстік саңылауды құрастыру кезінде қамтамасыз етілетін К компенсатордың қалыңдығын A_2 анықтау (7.5-сурет). Құраушы топтардың берілген өлшемдері 7.2-кестеде келтірілген.




7.5-сурет. Компенсатормен құрастырмалы бірлік

7.2-кесте. Құраушы топтардың берілген өлшемдері.

Топтың белгіленуі	Нұсқа									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Құраушы топтардың өлшемдері, мм									
A_1	$35_{-0,5}$	$40_{-0,5}$	$41_{-0,5}$	$35_{-0,5}$	$32_{-0,5}$	$45_{-0,4}$	$41,2_{-0,2}$	$36_{-0,5}$	$38_{-0,5}$	$45_{-0,5}$
A_3	$42,2^{+0,2}$	$49^{+0,2}$	$52,2^{+0,2}$	$44,2^{+0,2}$	$42,0^{+0,2}$	$52,4^{+0,2}$	$50,0^{+0,2}$	$42,4^{+0,2}$	$48,2^{+0,2}$	$52,6^{+0,2}$

7.6-тапсырма

7.6-суретте көрсетілген редуктор сатысындағы тұйықтаушы топтың (Д саңылауы) шашыраушы өрісі мен Номиналды мәнін анықтау. Құраушы топтардың берілген өлшемдері 7.3-кестеде келтірілген.




7.6-сурет. Редуктор сатысының құрастырмалы сызбасы

7.3-кесте. Құраушы топтардың берілген өлшемдері

Топтың	Нұсқа									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Құраушы топтардың өлшемдері, мм									
A_1	$82_{-0,5}$	$83_{-0,5}$	$82,5_{-0,5}$	$77_{-0,5}$	$83_{-0,5}$	$79_{-0,5}$	$81_{-0,5}$	$92,5_{-0,5}$	$95_{-0,5}$	$80_{-0,5}$
A_2	$10_{-0,2}$	$12_{-0,3}$	$11_{-0,2}$	$16_{-0,4}$	$10_{-0,2}$	$10_{-0,2}$	$12_{-0,3}$	$10_{-0,2}$	$14_{-0,1}$	$16_{-0,2}$
A_3	$104^{+0,2}$	$108^{+0,2}$	$106^{+0,2}$	$110^{+0,2}$	$104^{+0,2}$	$100^{+0,2}$	$106^{+0,2}$	$114^{+0,2}$	$124^{+0,2}$	$114^{+0,2}$
A_4	$10_{-0,2}$	$12_{-0,3}$	$11_{-0,2}$	$16_{-0,4}$	$10_{-0,2}$	$10_{-0,2}$	$12_{-0,3}$	$10_{-0,2}$	$14_{-0,1}$	$16_{-0,2}$

7.7-тапсырма

Тіректегі $\Delta = 0,01$ мм өстік саңылауын қамтамасыз ететін компенсатордың Т қалыңдығын есептеу үшін құрастырмалы өлшемдік тізбекті жасау (7.7-сурет). Есептеу алгоритмін жасау және өлшемдік тізбектің құраушы топтары болып табылатын бөлшектердің өлшемдері көрсетілген 7.4-кестеде келтірілген нұсқалардың бірін есептеу.



7.7-сурет. Өстік саңылау мен компенсатор арасындағы құрастырмалы сызба

7.4-кесте. Өлшемдік тізбектің құраушы топтарының өлшемдері

Топтың белгіленуі	Топтың берілген мәні, мм	Нұсқа									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Құраушы топтардың нақты өлшемдері, мм									
A ₁	20±0,2	20,1	19,82	19,9	20,15	19,86	20,1	19,82	19,9	20,15	19,86
A ₂	100+0,6	100,6	100,04	100,3	100,4	100,1	100,6	100,04	100,3	100,4	100,1
A ₃	20±0,2	20,1	20,05	20,09	19,92	20,14	20,1	20,05	20,09	19,92	20,14
A ₄	10±0,2	10,1	9,9	10,2	10,1	9,95	10,1	9,9	10,2	10,1	9,95
A ₅	20±0,2	19,8	19,95	19,81	20,2	19,84	19,8	19,95	19,81	20,2	19,84
A ₆	117±0,2	117,2	115,46	119,0	119,0	115,0	117,2	115,46	119,0	119,0	115,0
A ₇	20±0,2	19,8	19,84	20,1	20,1	20,0	19,8	19,84	20,1	20,1	20,0
A ₈	10±0,2	10,1	10,04	9,9	10,00	10,08	10,02	10,1	10,04	9,9	10,00

7.8-тапсырма

Үзінді-көшірмесі 7.7-суретте берілген және деректері 7.4-кестеде келтірілген редуктор сатысының құрастырмалы сызбасын қолданып, теоретикалық-ықтималдық әдісі бойынша есептеу кезінде жәгне максимум-минимум әдісі бойынша есептеу кезінде тұйықтаушы топтың шашырау өрісі (шегі) қандай болатынын анықтау. Редуктордың қарастырылатын сатысындағы талап етілетін Д өстік саңылауының шамасын көрсету кезінде құрастырмалы сызбадағы жазба мазмұны мен формасы бойынша шешімде қабылдау және алынған нәтижелерді салыстыру.

7.3. ҚҰРАСТЫРУ ДӘЛДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Машина жасау саласында кең қолданысын тапқан құрастырудың дәлдігін қамтамасыз етудің жоғарыда көрсетілген бес әдісінен машина әзірлеуші төмендегілерді басшылыққа ала отырып, олардың біреуін таңдайды:

- тұйықтаушы топқа шек шамасымен, яғни қарастырылатын бұйымды құрастырудың қаншалықты дәл екенін;
- құрастырмалы өлшемдік тізбектің санымен;
- бұйымның құрастырмасын жасау ұсынылатын нақты өндірістің нақты мүмкіндіктерімен;
- осы өндірістегі құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру деңгейімен;
- бұйымның габаритті өлшемдерімен және оны құрастыру күрделігімен;
- белгілі бір уақыт (жыл, ай) аралығында бұйымды шығару бағдарламасымен.

Толық өзара алмасушылық әдісі. Егер максимум-минимум әдісі бойынша тұйықтаушы топты есептеу нәтижесіне шектің алынған мәні аз немесе берілген құрастырма сызбасына тең болса, онда толық өзара алмасушылық әдісін қолдануға болады. Осы әдіс бойынша бұйымды құрастыру кезінде не бөлшектерді алдын ала іріктеу не құрастыру процесінде оларды жөндеу талап етілмейді. Тәжірибе бұл әдістің төрттен аспайтын құрастырмалы өлшемдік тізбектің құраушы топтарының қатарында ірі сериялы және жаппай өндірісте қолдану мақсатқа сай екенін көрсетті.

7.9-тапсырма


Тапсырма нұсқаларының бірі бойынша конструкторлық схемасы толық өзара алмасушылық әдісі бойынша 7.8-суретте көрсетілген қосылыстарды құрастыру мүмкін екенін анықтау. Бөлшектердің түйісетін беттерінің берілген өлшемдері мен талап етілетін Δ өстік саңылауы 7.5-суретте көрсетілген.

7.5-кесте. 7.9-тапсырмасына арналған жеке нұсқалар


Өлшемнің белгіленуі	Нұсқа									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Бөлшектердің түйісетін беттері мен өстік саңылаудың берілген өлшемдері, мм									
A_1	24±0,2	34±0,2	18±0,2	20±0,2	22±0,2	24±0,2	34±0,2	18±0,2	20±0,2	22±0,2
A_2	22±0,2	32±0,2	16±0,2	18±0,2	20±0,2	22±0,2	32±0,2	16±0,2	18±0,2	20±0,2
Δ	2±0,3	2±0,3	3±0,3	2±0,3	1±0,3	2±0,3	2±0,3	3±0,3	2±0,3	1±0,3

7.10-тапсырма

Егер бөлшектердің тиісті өлшемдері 7.6-кестеде келтірілсе, толық өзара алмасушылық әдісі бойынша бұйымды құрастыру кезінде өстік саңылаудың Δ талап етілетін нақтылығы қамтамасыз етілетінін анықтау (7.9-сурет).



7.8-сурет. Құрастырма бірлік



7.9-сурет. Өстік саңылаумен құрастырмалы бірлік

7.6-кесте. 7.10-тапсырманы орындауға арналған мәліметтер

Өлшемнің белгіленуі	Нұсқа									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Бөлшектердің және естік санылаудың берілген өлшемдері, мм									
A ₁	20+0,1	20+0,1	25+0,2	20+0,1	22+0,2	20+0,1	20+0,1	25+0,2	20+0,1	22+0,2
A ₂	20,2 - 0,1	20 - 0,3	25,2-0,4	20,2-ол	22,2-0,5	20,2-ол	20 - 0,3	25,2-0,4	20,2-ол	22,2-0,5
Δ	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4	0,2...0,4

7.7-кесте. 7.11-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Көрсеткіш	Нұсқа									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Бөлшектердің берілген өлшемдері									
Ø А	Номиналды өлшемі, мм	20,2	22,2	20,6	20,2	20,2	20,5	20,2	20,2	20,6
	Шек, мм	-0,1	-0,1	-0,3	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,2
Ø Б	Номиналды өлшемі, мм	20	22	20	20	20	20	20	20	20
	Шек, мм	±0,1	±0,2	+0,1	-0,1	±0,1	+0,1	±0,1	±0,1	±0,1
Тартылыс <i>m</i> , мкм		5...52	10...50	5...20	5...52	5...28	5...52	6...50	5...52	8...62


5...52

8...62

7.11-тапсырма

Егер бөлшектердің берілген өлшемдері 7.7-кестеде көрсетілсе, толық өзара алмасушылық әдісі бойынша құрастыру кезінде тартылыс шамасы t бойынша дәлдікті қамтамасыз ету шарттарына бөлшектердің 1 және 2 өлшемдері сәйкес келетінін анықтау (7.10-сурет).

0А 0Б



7.10-сурет. Бөлшектерді 1 және 2 (б) қосылысында тартылыспен құрастырмалы бірлік (а) (натяг - тартқыш)


7.12-тапсырма

Толық өзара алмасушылық әдісі бойынша құрастыру кезінде D саңылауының қосылысында алынатындай цилиндрлік саңылау $\varnothing D$ мен шар тәрізді бетінің $\varnothing A$ өлшемдеріне шектер дұрыс қойылғанын тексеру. Сәйкессіздік жағдайында цилиндр саңылауына $\varnothing D$ шекті өзгерту керек.

Толық емес өзара алмасушылық әдісі.

Құрастыру дәлдігін қамтамасыз ету кезінде толық өзара алмасушылық әдісін қолдану құрастырмалы параметрлер бойынша ақаусыз бұйымды алудың 100% кепілдігін бермейтін жағдайларда толық емес өзара алмасушылық әдісін қолдануға болады. Оның мәні өлшемдік құрастырмалы тізбектің құраушы топтары болып табылатын бөлшектердің өлшеміне экономикалық мақсатқа сай шектерді (белгілі өндіріс жағдайында) тағайындайтынында, ал құрастырмалы параметрі бойынша алдын ала есептейді (% тәуекел).

Шар $\varnothing A$



7.11-сурет. Шар тәрізді түйісудің құрастырмалы бірлігі

7.8-кесте. 7.12-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Қосылыстар көрсеткіштері		Нұсқа									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Бөлшектердің берілген өлшемдері									
Саңылау Ø Д	Номиналды өлшемі, мм	45	47	48	50	30	45	46	40	50	30
	Шек, мм	+0,04	+0,06	+0,03	+0,04	+0,03	+0,04	+0,06	+0,03	+0,04	+0,03
Шар Ø А	Номиналды өлшемі, мм	45	47	48	50	30	45	46	40	50	30
	Шек, мм	-0,01	+0,02	-0,01	-0,02	-0,02	-0,02	+0,02	-0,01	-0,02	-0,02
Саңылау А, мкм		0...50	0...50	0...45	0...60	0...40	0...50	0...45	0...55	0...40	

7.9-кесте. Өзара алмасушылық коэффициентінен тәуекелдің тәуелділігі

Өзара алмасушылық коэффициенті μ	1,00	0,9	0,86	0,78	0,68	0,63	0,58	0,53	0,33
Ықтимал ақау (% тәуекел)	0,27	0,6	1	2	4	6	8	10	33

Құрастыру әдісінің экономикалық тиімділігі есептеумен расталуы тиіс.

Құрастыруды толық өзара алмасушылық әдісі бойынша жүзеге асырады, алайда кейін іріктеуге болатын кондициялық емес бұйымдарды анықтау үшін құрастырмалы параметрлер өте мұқият бақыланады, ал жарамды бөлшектер келесі бұйымды құрастыру процесіне тағы енгізіледі. Бұл ретте құрастыру әдісіне бөлшектерді дайындау дәлдігін азайту нәтижесінде алынатын бұл топқа шек $T_{эк}$ пен тұйықтаушы топтың берілген шегінің $T_{эк}$ арақатынасын көрсететін өзара алмасушылық коэффициентінің ұғымы енгізіледі, яғни

$$\eta = T_{зад} / T_{эк}.$$

Өзара алмасушылық коэффициенті мен бұл ретте ықтимал тәуекел пайызы арасындағы өзара байланыс белгілі [10](7.9-кесте).

7.13-тапсырма

Редуктор сатысын құрастыру кезінде (7.6-суретті қараңыз) өстік саңылауды Д қамтамасыз етуі тиіс. Экономикалық мақсатқа сәйкестілік шарттарынан төмен нақтылығы бар бөлшектер дайындалды. Нұсқалардың бір есептеуі үшін егер 1 050 Бұйым үшін толық емес өзара алмасушылық әдісі бойынша құрастыру қарастырылса, өстік саңылау шамасы бойынша кондициялық емес бұйымды қанша күту керек. Есептеулерге бастапқы ақпарат 7.10-кестеде келтірілген.

Тапсырманы орындауға мысал (Нұсқа № 0)

Тәуекелдің ықтимал пайызын анықтау үшін 7.9-кестені қолдану үшін өзара алмасушылық коэффициентінің мәнін білу қажет. Бізге өлшектік тізбектің тұйықтаушы тобына шек құраушы топтың шектер сомасына тең екені белгілі. Онда

$$T_{Дэк} = T_{1эк} + T_{2эк} + T_{3эк} + T_{4эк} = 0,20 + 0,10 + 0,15 + 0,10 = 0,55 \text{ мм.}$$

Өзара алмасушылық коэффициенті

$$\eta = T_{зад} / T_{эк} = 0,5 / 0,55 = 0,91.$$

7.9-кестені пайдаланып, тәуекел 0,6% құрайтынын табамыз. Сондықтан, кондициялық құрастырма бірліктердің ықтимал саны $n_{нек}$

$$n_{нек} = 1050 \cdot 0,006 = 6,3 \text{ дана}$$

7.10-кесте. 7.13-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Көрсеткіштер		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Бөлшектердің берілген өлшемдері, мм										
A ₁	Номинальды өлшемі	80	82	78	76	80	80	77	80	76	80	80
	T _{1эк}	-0,2	-0,15	-0,2	-0,2,2	-0,21	-0,2	-0,24	-0,2	-0,21	-0,2	-0,2,2
A ₂	Номинальды өлшемі	10	11	9	8	10	10	8,5	10	8	10	10
	T _{2эк}	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1
A ₃	Номинальды өлшемі	104,5	106,5	102,5	100,5	104,5	104,5	101,5	104,5	100,5	104,5	104,5
	T _{3эк}	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15	+0,15
A ₄	Номинальды өлшемі	10	11	9	8	10	10	8,5	10	8	10	10
	T _{4эк}	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1	-0,1
Δ	Номинальды өлшемі	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5
	T _{Δзад}	+0,5	+0,6	+0,7	+0,5	+0,6	+0,5	+0,6	+0,5	+0,4	+0,5	+0,4

Осылайша, редуктордың 1 050 жиналатын сатысынан кемінде 7 данасы брак болуы мүмкін. Бұл көп пе әлде аз ба? Бұл сұраққа жауап экономикалық есептеу береді.

7.14-тапсырма


Алты бөлшектен тұратын бұйымды құрастыру кезінде саңылау Д қамтамасыз етілуі қажет. Бөлшек өлшемдерінің экономикалық нақтылығы 10-квалитетке сәйкес келеді. Құрастырмалы тізбектің құраушы топтар өлшемінің Номиналды мәндері 7.11-кестеде келтірілген. Егер құрастыруға бөлшектердің 10 000 жиынтығы түссе, саңылау шамасы бойынша кондициялық емес құрастырма бірліктердің ықтимал санын анықтау.

7.11-кесте. 7.14- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Көрсеткіштер		Нұсқа									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Бөлшектердің берілген өлшемдері, мм									
A ₁ (H10)		21	22	24	26	31	24	26	31	24	26
A ₂ (H10)		40	48	40	49	50	48	40	49	50	48
A ₃ (h10)		30	40	50	30	35	30	40	50	30	35
A ₄ (h10)		10	14	20	30	14	20	30	14	20	30
A ₅ (h10)		8,5	15	10	8,5	12	10	8,5	12	10	8,5
A ₆ (h10)		13	13	13	13	13	13	13	13	13	13
Δ	Номиналды өлшемі	0,5	0,6	0,5	0,8	0,9	0,6	0,5	0,8	0,9	0,6
	Шек	±0,2	±0,3	±0,2	±0,4	±0,3	±0,4	±0,3	±0,4	±0,3	±0,4

7.15-тапсырма

Білік 2 мойнында тісті доңғалақты 1 баспақтау кезінде (7.12-сурет) қондыру диаметрі (Ø A) бойынша 0,020 ... 0,025 мм тартылысты қамтамасыз ету қажет. Кондициялық емес жиналған жиынтықтардың болжамды санын анықтау. Бөлшектердің (біліктердің және саңылаулардың) қондыру өлшемдері мен олардың берілген дәлдік квалитеттері 7.12-кестеде келтірілген.



Бөлшектерді іріктеу әдісі. Қандай да бір себептермен құрастыру дәлдігін қамтамасыз ету кезінде толық өзара алмасушылық әдісін қолдану мақсатқа сай болмаған жағдайларда, бөлшектерді іріктеу әдісін қолдануға болады. Онда бөлшектердің негізгі өлшемдері экономикалық тиесілі шектермен алынады, ал құрастыру параметрлерінің нақтылығы өлшемдері немесе басқа параметрлері бойынша түйісетін бөлшектерін іріктеп, құрастыру процесінде қамтамасыз етіледі. Бөлшектерді іріктеудің **жұптық** және **топтық** әдісі ерекшеленеді.

7.12-сурет. Тартылыспен қосылу сызбасы **натяг - тартылыс**

Жұптық әдіс кезінде түйісетін бөлшектер құрастырушының жұмыс орнында тікелей олардың беттерін өлшеудің бір жолымен іріктеледі. Түйісетін беттерінің өлшемдерінің

нақты мәндерін салыстырып, оларды құрастыру кезінде құрастырмалы параметрдің нақтылығы қамтамасыз етілетіндей бөлшектердің мұндай жұбын іріктейді. Одан кейін бөлшектердің келесі жұптарын іріктеуге өтеді және т.б. Бұл ретте түйісетін бөлшекті іріктеу мүмкін болмайтын «артық» бөлшектер болуы мүмкін. Мұндай бөлшектер құрастыруға түсетін бөлшектердің келесі жиынтықтарына қосылады.

Бөлшектерді іріктеудің топтық әдісі кезінде (топтық өзара алмасушылық) алдымен құрастыруға түскен барлық бөлшектердің түйісетін беттерінің өлшемдерін өлшейді және нақты өлшемдер негізінде топтарға бөлшектерді сұрыптайды. Бір топ шегіндегі бұйымдар немесе құрастырма бірліктер толық өзара алмасушылық әдісі бойынша жиналады. Бұл ретте құрастыру нақтылығы құрастыруға түскен бөлшектер неше топқа сұрыпталса, соншалықты артады. Құрастырмалы параметрлердің нақтылығы бөлшектердің топтық іріктеуімен қамтамасыз етілетін құрастыру әдісі **іріктемелі құрастыру** деп аталады.

7.12-кесте. 7.15- тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

ØA	Нұсқа									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Номиналды өлшемі, мм	25	15	25	20	28	25	20	35	20	32
Нақтылық	H10	H11	H10	H11	H10	H12	H13	H10	H13	H11
	h10	h11	h12	h10	h10	h12	h13	h12	h12	h10

Құрастырудың бұл әдісі бөлшектерді үлкен санын дайындаудың салыстырмалы жоғары емес дәлдігі кезінде жоғары тоқты құрастырмалы параметрлерді құрастыру процесінде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бөлшекті сұрыптаудың топтар саны m келесі формула бойынша анықталады

$$m = (T_n + T_o)/T_{\Delta},$$

мұндағы T_n — берілген сыртқы өлшем шегі (білігі); T_o — берілген ішкі өлшемнің шегі (төлке); T_{Δ} — құрастырмалы параметрдің шегі (саңылау). Егер есептеу нәтижесі бөлшек санмен алынса, онда оны жуық үлкен тұтас санға дейін дөңгелектейді.


7.16-тапсырма

Саңылаудың Δ қосылысын қамтамасыз ету үшін бөлшектердің сұрыптау үшін құрастыруға түскен топтық өлшемдердің және 1 және 2 бөлшектердің партиясын қанша топқа сұрыптау керектігін анықтау (7.13, а-сурет). Қосылыстағы бөлшектер мен саңылаулардың берілген өлшемдері 7.13-кестеде көрсетілген.

Тапсырманы орындауға мысал (Нұсқа № 0)

Түйісетін беттерінің өлшемдерін ескере отырып (7.13, б-сурет) саңылаудың толық өзара алмасушылық әдісі бойынша осы қосылыстарды құрастыру кезінде $\Delta_{\min} = A_{2\min} - A_{1\max} = 40,00 - 39,84 = 0,16$ мм минималды мәнінен $\Delta_{\max} = A_{2\max} - A_{1\min} = 40,06 - 39,78 = 0,28$ мм максималды мәніне дейінгі шектерде ауытқуы мүмкін екенін анықтаймыз.

Саңылау шегі $T_{\Delta} = D_{\text{тх}} - D_{\text{п}}^{\wedge} = 0,28 - 0,16 = 0,12$ мм алынады, ал бұл берілген дәлдікке ($T_{\text{Дз}} = 0,04$ мм) сәйкес келмейді. Сондықтан, толық өзара алмасушылық әдісі бойынша осы қосылысты жинап, құрастыру нақтылығы қамтамасыз етілмейді.



7.13-сурет. Саңылауы бар қосылыстар сызбасы:





а – құрастырымдағы қосылыс; б – түйісетін беттері; 1 – сыртқы қондыру беті бар бөлшек; 2 – ішкі қондырма беті бар бөлшек

(зазор – саңылау)

7.13-кесте. 7.15-тапсырмасын орындауға арналған жеке нұсқалар

Көрсеткіштер		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Бөлшектердің берілген өлшемдері, мм										
A ₁	Номинальды өлшемі, мм	40	50	60	45	65	55	20	30	40	35	40
	T ₁	-0,16 -0,22	-0,18 -0,24	-0,14 -0,20	-0,16 -0,22	-0,20 -0,28	-0,16 -0,24	-0,18 -0,22	-0,16 -0,20	-0,18 -0,28	-0,16 -0,22	-0,14 -0,22
	A ₂	Номинальды өлшемі, мм	40	50	60	45	65	55	20	30	40	35
Δ	T ₂	+ 0,06	+0,06	+0,06	+0,06	+0,06	+ 0,06	+0,06	+0,06	+0,06	+0,06	+0,06
	Номинальды өлшемі, мм	0,22	0,22	0,22	0,22	0,22	0,22	0,22	0,22	0,22	0,22	0,22
	T _{Δзад}	+ 0,02	+0,02	+0,02	+0,02	+0,02	+ 0,02	+0,02	+0,02	+0,02	+0,02	+0,02

7.14-кесте. 1 және 2 бөлшектерді өлшемдері бойынша үш топтарға сұрыптау

Құрастыру әдісі	Сұрыптау тобы	Шек өрістерінің орналасу сызбасы	Бөлшек 2		Бөлшек 1		Саңылау		Түсу шегі
			Шекті өлшемдер, мм						
			max	min	max	min	max	min	
Толық өзара алмасушылық			40,06	40,00	39,84	39,78	0,28	0,16	0,12
	1		40,06	40,04	39,84	39,82	0,24	0,20	0,04
	2		40,04	40,02	39,82	39,80	0,24	0,20	0,04
	3		40,02	40,00	39,80	39,78	0,24	0,20	0,04

Талап етілетін дәлдікті қамтамасыз ету үшін құрастырар алдында бөлшектерді сұрыптау топтарының санын m келесі формула бойынша анықтаймыз

$$m = (T_n + T_e)/T_{\Delta} = (0,06 + 0,06)/0,04 = 3.$$

Алынған нәтиже ($m = 3$) түскен бөлшектерді құрастырудың берілген дәлдігін қамтамасыз ету үшін оларды құрастырар алдында өлшемдері бойынша үш топқа сұрыптау қажеттігін көрсетеді (7.14-кесте).

7.17-тапсырма

Егер Ø80Н6/6h қондырмасы бойынша төлкенің саңылауы бар біліктің ұйғарынды қосылыстарының орнына екі қвалитетке бөлшектерді дайындау нақтылығын азайтуың экономикалық көріністері бойынша шешім қабылданса, біліктер мен саңылаулардың топтық өлшемдері мен өлшемдік топтарының санын анықтау, яғни біліктер Ø080h8 өлшемдерімен, ал төлкедегі саңылаулар – Ø080Н8 өлшемдерімен дайындалған. Құрастырым нақтылығы бөлшектерді топтық іріктеу әдісімен қамтамасыз етілетіні, яғни іріктемелі құрастыруды өткізетіні болжамданады.

7.18-тапсырма

Нұсқалары 7.15-кесте көрсетілген қондырма бойынша білік пен төлкенің қосылыстарын жүзеге асыру мақсатында топтағы біліктер мен саңылау өлшемдерінің шекті ауытқулары мен өлшемдік топтарының санын анықтау. Себебі дайындалған бөлшектердің экономикалық нақтылы толық өзара алмасушылық әдісін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтіндіктен, онда бөлшектердің топтық іріктеу әдісімен құрастыру нақтылығын қамтамасыз ету болжамданады.

7.15-кесте. 7.18-тапсырманы орындауға жеке нұсқа

Нұсқа	Қосылыстағы талап етілетін қондыру	Дайын бөлшектің экономикалық орынды дәлдігінің қвалитеті	
		Төлкедегі саңылау	Білік
1	045Н7Л8	045Н9	045f10
2	064D9/h7	064D11	064h9
3	030Н8/Ь7	030Н12	030h9
4	080Н10^8	080Н12	080d9

Нұсқа	Қосылыстағы талап етілетін қондыру	Дайын бөлшектің экономикалық орынды дәлдігінің кавалитеті	
		Төлкедегі саңылау	Білік
5	050F8/d8	050F9	050d9
6	0120H8JL8	0120H11	0120h10
7	024H5JL7	024H8	024h8
8	070H7JL7	070H10	070h10
9	015D9/h9	015D11	015h10
10	0100F8/h8	0100F9	0100h9

Өтемақы немесе реттеу әдісі сериялық өндіріс кезінде негізгі болып табылады. Әдістің мәнісі мынада, қосымша бөлшектің, құрастыру кезінде одан материал қабатын сыдырмай-ақ, тиісті өлшемін өзгерту арқылы құрастырма параметрдің белгіленген мәніне жетуге болатындығында. Өлшемдік тізбектің басқа буындарын бұл жағдайда экономикалық дәлділікпен орындайды. Өтемақылық буынның өлшемін өзгертуді төмендегідей жасауға болады:

- бір компенсаторды басқа компенсаторға ауыстыру, жүргізілген есептеуге сәйкес үлкен немесе кіші өтемақылық өлшеммен;
- компенсатордың қалпын тұйықталушы буынның артық ауытқуы шамасына өзгертумен (жылжыту).

Жылжымайтын компенсаторлар құрастыруға бірнеше данадан тұратын жиынтық ретінде келіп түседі. Бұл жиынтықта келіс компенсатордың өлшемі алдыңғы компенсатордың өлшеміне карағанда белгілі бір шамаға артық, ол өтемақы қадамы деп аталады. Формасы бойынша компенсаторлар түрлі қалыңдықтағы шиыршық, шайба, төлке және т.б. түрінде болады. Кейбір конструкцияларда компенсатордың рөлін қарапайым бөлшек атқарады.

Қажетті өтемақының δ_k шамасын тұйықталушы буынның белгіленген өлшемі кезінде саңылаудың мүмкін болар $T_{\Delta\delta}$ шақтама өрісі мен осы саңылаудың $T_{\Delta\text{зад}}$ белгіленген шақтамасы арасындағы айырмашылық ретінде анықтаймыз, яғни

$$\delta_k = T_{\Delta\delta} - T_{\Delta\text{зад}}$$

Шақтау және түзеу әдісі. Құрастырудың белгіленген дәлділігі, құрастырылатын бұйымның конструкциясына кіретін бөлшектің бірінін

өлшемін өзгертумен қол жеткізіледі, яғни бұйымды құрастыру кезіндегі механикалық түзеу жұмысы арқылы. Бұл үшін бөлшекте, өтемақының есептік шамасына тең болатын, белгілі бір әдіп қарастырылған. Бұл әдіпті құрастырма өлшемдік тізбекті есептеу арқылы анықталады. Бірігудің қалған бөлшектері төмендетілген дәлділікпен (экономикалық жағынан тиімді) дайындалады, олардың өлшемі құрастыру параметрінің дәлділігіне әсер етеді.

Аталған әдісті жүзеге асыру кезінде бастапқыда бұйым немесе құрастырма бірлікті толық өзара алмасу әдісімен жинайды, содан кейін құрастырма параметр өлшенеді, мысалы, саңылауды белгіленген мәнін нәтижесімен салыстырады және материалдың алынып тасталатын қабатының өлшемін анықтайды. Содан кейін бұйымды қайта шашып түзеуге жіберіледі. Түзетілгеннен кейін бөлшек тазалап жуылады және құрастыру параметрінің бақылауымен қайта құрастырылады. Қажет болғанда бұл процедураны құрастырма параметрінің белгіленген дәлдігі алынғанша қайталанатын.

7.19-тапсырма


Тапсырманың нұсқаларының бірі бойынша (7.16-кесте) құрастырма бірлігінде (7.14-сурет) Д саңылауын қамтамасыз ету үшін T_k дәлділігімен дайындалатын қозғалыссыз К компенсаторлардың өлшемін есептеу және санын анықтау.

Тапсырманы орындауға мысал (№ 0-нұсқа)

Құрастыру бірлігін талдаудан көретініміз, компенсатор қалыңдығы A_3 шайба тәрізді. Компенсатордың қалыңдығын анықтауға қолдану қажет болатын, оның өлшемдік тізбегі төрт буыннан тұрады. Құрастырма өлшемдік тізбек құрамыз (7.14-сурет, б) және 7.16-кестедегі ақпаратты пайдалан отырып, $A_{3ном}$ компенсатордың номиналды мәнін табамыз:

$$A_{3ном} = A_2 - (A + \Delta) = 49 - (40 + 2) = 7 \text{ мм.}$$

Саңылаудың мүмкін болар (белгіленген) шақтама өрісінің сейілуін құраушылардың белгіленген шақтамасының абсолютті мәнінің сомасы түрінде табамыз



7.14-сурет. Өстік саңылаулы және компенсаторлы құрастырма бірлігі: а – құрастырама сызбасы; б – құрастыру схемасы

(компенсаторды дайындауға шақтаманы ескере отырып $T_k = 0,05$ мм), атап айтқанда:

$$T_{\Delta} = T_{1\Delta\Delta} + T_{2\Delta\Delta} + T_k = 0,3 + 0,4 + 0,05 = 0,75 \text{ мм.}$$

Қажетті өтемақының 5_k шамасын, құраушы буынның белгіленген өлшемі кезінде саңылаудың мүмкін болар $T_{\Delta\Delta}$ шақтама өрісі мен осы саңылаудың $T_{\Delta\Delta}$ белгіленген шақтамасы арасындағы айырмашылық ретінде анықтаймыз, яғни

$$\delta_k = T_{\Delta\Delta} - T_{\Delta\Delta} = 0,75 - 0,3 = 0,45 \text{ мм.}$$

Компенсатор сатыларының N саны, T_k , дәлсіздікмен дайындалған

$$N = T_{\Delta\Delta} (T_{\Delta\Delta} - T_k) = 0,75 / (0,3 - 0,05) = 3.$$

Сонда компенсатор сатыларының B_{ct} қадамы

$$B_{ct} = T_{\Delta\Delta} / N = 0,75 / 3 = 0,25 \text{ мм.}$$

Осылайша, бірінші деңгейлі компенсатордың қалыңдығы

$$A_{3(1)} = A_{3HOM} \pm 0,5T_k = 7 \pm 0,025 \text{ мм.}$$

Екінші деңгейлі компенсатордың қалыңдығы

$$A_{3(II)} = (A_{3(1)} + B_{ct}) \pm 0,5T_k = (7 + 0,25) \pm 0,025 = 7,25 \pm 0,025 \text{ мм.}$$

Үшінші деңгейлі компенсатордың қалыңдығы

$$A_{3(III)} = (A_{3(II)} + B_{ct}) \pm 0,5T_k = (7,25 + 0,25) \pm 0,025 = 7,50 \pm 0,025 \text{ мм.}$$

7.16-кесте. 7.19-тапсырманы орындауға жеке нұқсалар

Көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Өлшемдік тізбектің буынын құраушылардың белгіленген өлшемі, мм										
А ₁	Номиналды өлшем	40	50	60	45	65	55	20	30	40	35	40
	T _{1зад}	+0,3	+0,4	+0,6	+0,2	+0,3	+0,5	+0,3	+0,2	+0,3	+0,5	+0,6
А ₂	Номиналды өлшем	49	56	68	52	72	65	28	36	48	45	48
	T _{2зад}	-0,4	+0,06	+0,08	+0,1	+0,2	+0,06	+0,08	+0,06	+0,1	+0,06	+0,08
А	Номиналды өлшем	2	3	4	3	4	6	4	3	4	5	4
	T _{Δзад}	+0,3	+0,4	+0,5	+0,3	+0,3	+0,2	+0,3	+0,3	+0,4	+0,3	+0,5
T _κ		0,05	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05

7.20-тапсырма

Тапсырма нұсқаларының біреуі бойынша (7.17-кесте) бұйымдағы саңылауды Д (7.15-сурет) қамтамасыз ететін компенсатордың К өлшемін (қалыңдығы мен шегін) анықтау. Бөлшек құрастыруға 7.17-кестеде келтірілген өлшемлермен түсетіні белгілі.

Есептеп шығару мысалы (№ 0-нұсқа)

Мәліметтерден, құрастырма параметрінің белгіленген дәлділігі (Δ саңылауы) $T_{\Delta ad} = 0,6$ мм екенін білеміз. Құраушы буынға дәлсіздік $T_1 = 0,22$ мм, $T_2 = 0,14$ мм, саңылаудың номиналды мәні $0,2$ мм. Құрастырма өлшемдік тізбек құрамыз (7.15, б) және A_E тұйықтаушы буыны болып табылатыны K компенсатордың өлшемі (қалыңдығы) екеніні анықтаймыз; A_1 буыны ұлғайтушы, ал A_2 және A_d кішірейтуші буын болып табылады.

Тұйықтаушы буынның номиналды өлшемі


$$A_E = A_1 - (A_2 + A_{II}) = 65 - (58 + 0,2) = 6,8 \text{ мм.}$$

T_{cp} - құраушы буынның шақтама өрісімен, олардың (A_1, A_2, A_d) жоғарғы және төменгі ауытқуларын пайдалан отырып, орташа ауытқуды анықтаймыз:

$$T_{cpl} = 0,5(T_{1\text{верх}} + T_{1\text{нижн}}) = 0,5[0 + (-0,22)] = -0,11 \text{ мм};$$

$$T_{cp2} = 0,5(T_{2верх} + T_{2нижн}) = 0,5[-0,41 + (-0,55)] = -0,48 \text{ мм};$$

$$T_{cp\Delta} = 0,5(T_{\Delta_{\text{гепх}}} + T_{\Delta}) = 0,5(0 + 0,6) = 0,3 \text{ мм.}$$



7.15-сурет. Өстік саңылаулы және компенсаторлы құрастырма бірлігі: *a* – құрастырама сызбасы; *б* – құрастыру схемасы

7.17-кесте. 7.20-тапсырманы орындауға жеке нұқсалар

Көрсеткіштері		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Өлшемдік тізбектің буынын құраушылардың белгіленген өлшемі, мм										
A ₁	Номиналды өлшем	65	67	65	69	65	70	65	68	64	67	65
	T _{1зад}	-0,22	-0,28	-0,3	-0,28	-0,35	-0,22	-0,3	-0,28	-0,3	-0,22	-0,28
A ₂	Номиналды өлшем	58	60	57	62	58	63	59	60	57	60	58
	T _{2 зад}	-0,41 -0,55	-0,32 -0,55	-0,30 -0,64	-0,41 -0,55	-0,41 -0,55	-0,40 -0,50	-0,41 -0,55	-0,32 -0,55	-0,30 -0,64	-0,41 -0,55	-0,32 -0,55
Д	Номиналды өлшем	0,2	0,6	0,2	0,8	0,3	0,8	0,4	0,8	0,6	0,2	0,3
	T _{Δзад}	+0,6	+0,3	+0,1	+0,6	+0,2	+0,3	+0,3	+0,6	+0,2	+0,3	+0,6

Тұйықтаушы буынның шақтама өрісінің орташа ауытқуын анықтаймыз:

$$T_{срЕ} = \sum T_{ср.увел} - \sum T_{ср.умен} = -0,11 - (-0,48 + 0,3) = +0,07 \text{ мм.}$$

Тұйықтаушы буынның шақтама өрісі:

$$T_x = T_{рзао} + T_{2зао} + T_{\partial} = 0,22 + 0,14 + 0,6 = 0,96 \text{ мм.}$$

Тұйықтаушы буынның шектік ауытқуын табамыз:

- Жоғарғы шектік ауытқу $T_{Евер} = T_{ср1} + 0,5T_E = 0,07 + + 0,96/2 = 0,55 \text{ мм};$
 - Төменгі шектік ауытқу $T_{Ениж} = T_{срЕ} - 0,5T_E = 0,07 - - 0,96/2 = 0,41 \text{ мм.}$
- Тұйықтаушы буынның ең үлкен өлшемі $A_{Smax} = A_s + T_{Евер} = 6,8 + 0,55 = 7,35 \text{ мм.}$

Тұйықтаушы буынның ең аз өлшемі $A_{Smin} = A_E + T_{Ениж} = 6,8 + 0,41 = 7,21 \text{ мм.}$

Осылайша, A_3 компенсатордың сызбалық өлшемі

$$A_3 = 6,8-555.$$

7.4. ҚҰРАСТЫРМАЛЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН БАҚЫЛАУ

Дәлдікті қамтамасыз ету әдісіне байланысты құрастыру процесінде құрастырмалы параметрлерді мұқият бақылау талап етіледі. Құрастырмалы және технологиялық параметрлерге келесілер жатады:

- саңылаулар (өстік, радиалды, бүйір, түйісім);
- базалық беттерінің өстеріне қатысты бөлшек беттерінің дүрсілі (радиалды және түйісім);
- мойынтірекпен ұяшықтардың өстестігі;
- тегіс цилиндрлік түйіндесудегі саңылаулар мен тартылыстар;
- бұрандалы қосылыстарды бұрау күші;
- сығымдау күші;
- бөлшектерді қосар алдында қыздыру және салқындату температурасы;
- бөлшектер массасы;
- серпімді элементтердің күштері және басқалары.

Мойынтіректермен ұяшықтардың өстестігін бақылау.


Өстестікті бақылауға болады:

- технологиялық ішпектер жиынтығымен қатты калибрлермен;
- индикаторлық құрылғылармен;

- оптикалық аспаптармен;
- пневматикалық аспаптармен.

Технологиялық ішпектер жиынтығымен 2, 3, 4 қатты калибрлермен 1 өстестікті бақылау кезінде осы өлшеу әдісінің дәлдігі өлшеу жиынтығының (калибр мен ішпектер жиынының) құрастырылуын-бөлшектеуін қамтамасыз ететін ішпек – корпус және ішпек – калибр түйіндесінде технологиялық радиалды саңылаулардан тәуелді болатынын есте сақтау керек (7.16, а-сурет). Ішпек-корпус қосылысындағы саңылау негізінен корпустағы тесіктердің дәлдігіне тәуелді. Себебі өлшеу жиынтығының детальдері іспек-калибр түйіндесінде минималды саңылаумен және жоғары дәлдікпен дайындалады.

Қалдық өстестік шамасын μ , мм әрбір нақты жағдай үшін, мысалы, келесі формула бойынша екі тесік кезінде есептеумен анықтауға болады (7.16, б-сурет)



7.16-сурет. Технологиялық ішпек жиынтығымен өстестікті бақылау сызбасы:
а – конструктивті схема; б – есептік сызба

$$\mu = L\delta/(2b),$$

мұндағы L — өстестігі S — калибр, ішпек және саңылау арасында жиынтық радиалды саңылау; b — ішпектер қалыңдығы ($b = b_1 = b_2$) анықталатын саңылаулар арасындағы қашықтық.

7.21- тапсырма

Қатты калибр мен ішпектер жиынтығын қолданып бұйымның жиналатын корпусында мойынтірекпен отырғызу орындарының екі базалық беттерінің өстестігін өлшеу дәлдігін бағалау. Калибр мен ішпектердің әрқайсының арасындағы саңылау 0,01 мм тең. Ішпектердің сыртқы цилиндрлік беттері h8 квалитеті бойынша дайындалған. Өлшеу сызбасы 7.16, б-суретте келтірілгенмен ұқсас. Есептеу үшін бастапқы деректер 7.18-кестеде келтірілген.

Тапсырманы орындау мысалы (№ 0 нұсқа)

h8квалитеті бойынша өңделген ішпектің сыртқы цилиндрлік беттеріне шектердің цифрлық мәндерін қондырма мен шектер кестесі бойынша анықтаймыз (5-қосымша):

$$\varnothing 30h8 = \varnothing 30_{-0,033}.$$

Саңылаудың максималды өлшемі мен ішпектің минималды өлшемінің айырмасы ретінде ішпек пен корпус бөлшектің арасында максималды ықтимал саңылауды $\delta_{\text{корп}}$ анықтаймыз:

$$\delta_{\text{корп}} = A_{\text{отв max}} - A_{\text{вкл min}} = 30,01 - 29,967 = 0,043 \text{ мм.}$$

Қатты калибр ішпек саңылауының бойынан өтетін ең аз өстестік шамасы $\varnothing$ келесі формула бойынша анықтаймыз

$$v_{\text{min}} = L\delta/(2b) = 200 \cdot 0,043/2 \cdot 10 = 0,43 \text{ мм.}$$

Есеп 0,43 мм аспайтын мойынтірекпен қондырма саңылаулардың өстестігі кезінде қатты калибр екі ішпектің саңылауын тесіп өтетінін көрсетті, яғни тексеруші саңылау өстестігі 0,43 мм дәлдікпен қамтамасыз етілгеніне сенімді болады.

7.22-тапсырма

Мойынтірекпен төрт қондырма орынның өстестігін тексеру кезінде қатты калибрмен 1 (7.17-сурет) калибр мен ішпектердің 2, 3, 4, 5 арасында $\delta = 0,01$ мм нақты кепілдендірілген радиалды саңылау қамтамасыз етіледі.

Көрсеткіштер		Нұсқа											
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
		Берілген өлшемдер, мм											
A ₁	Номинальды өлшемі	30	40	45	50	30	35	38	42	30	50	40	
	Дәлдігі	+0,01	+0,02	+0,03	+0,015	+0,01	+0,02	+0,02	+0,03	+0,015	+0,01	+0,02	
A ₂	Номинальды өлшемі	30	40	45	50	30	35	38	42	30	50	40	
	Дәлдігі	±0,01	+0,02	+0,03	+0,015	+0,01	+0,02	+0,02	+0,03	+0,015	+0,01	+0,02	
L		200	250	260	300	280	200	210	260	280	300	320	
b ₁ = b ₂		10	15	20	20	18	10	16	18	10	20	10	

7.19-кесте. 7.22 және 7.23 тапсырмаларды орындауға арналған жеке нұсқалар

Көрсеткіштер		Нұсқа										
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Берілген өлшемдер, мм										
A ₁	Номинальды өлшемі	40	50	55	60	50	65	48	42	50	50	60
	Дәлдігі	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H 9
A ₂	Номинальды өлшемі	50	60	65	70	60	75	58	52	60	60	70
	Дәлдігі	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H9	H 9
L		400	450	300	360	380	600	610	660	580	600	620
	b ₁ = b ₂	25	25	30	40	38	40	46	48	30	40	30

Ескерту. Шеткі саңылаулар мен ішпектерге жататын параметрлерді қолданы есептеу кезінде жеткілікті.

7.17-сурет. Мойынтіректермен төрт қондырма орындардың өстестігін бақылау сызбасы

Корпустағы ішпектер мен саңылаулар арасында радиалды саңылау D корпустағы саңылаулар мен ішпектердің сыртқы диаметрін дайындау дәлдігімен анықталды. Калибрдің сыртқы диаметрі дәлдіктің жетінші квалитеті ($h7$) бойынша, ал корпустағы саңылаулар – тоғызыншы квалитет ($H9$) бойынша дайындалған.

Тапсырма нұсқаларының бірі бойынша технологиялық іспектермен оларды алдын ала құрастырудан кейін корпус детальдерде 6,7,8 және 9 мойынтірекпен қондырма орындардың ықтимал анықталмаған өстессіздігін анықтау талап етіледі (7.19-кесте).


7.23 - тапсырма


Қатты калибр 1 көмегімен өстестікті тексеру кезінде (7.17-суретті қараңыз) анықталмаған өстессіздіктің шамасына p жол беріледі ($p = 0,1$ мм). Корпус детальдерінде 6,7,8 және 9 мойынтіректермен саңылаудың цилиндрлік беттері мен ішпектің 2,3,4,5 сыртқы цилиндрлік беттері арасында максималды ықтимал саңылауды анықтау. Ішпектің ішкі бетімен және қатты калибрдің сыртқы беті арасындағы технологиялық саңылау өлшеу жиынтығын дайындау кезінде $0,005$ мм қамтамасыз етілді. Есептеуге арналған бастапқы ақпарат 7.19-кестесінде келтірілген.

Саңылауларды және тартылыстарды бақылау. Саңылауларды бақылаудың әмбебап құралы қуыс бұрғы болып табылады. Алыс орындарда саңылауды жұмсақ материалға ізі бойынша, калибр-қуыс бұрғымен, индикаторлық құрылғылармен, мысалы, қорғасын кідірісте және басқаларында өлшеуге болады.

Күшпектің 2 білігіне 1 қондыру кезінде радиалды саңылау D егер білік өлшемі D_b күшпектені саңылау өлшемінен D_0 аз болса ғана алынады, яғни.

$$\Delta = D_0 - D_b$$





7.18-сурет. Білікте күпшекті қондыру түрін анықтау үшін есептік сызба

Егер білік өлшемі саңылау өлшемінен артық болса ($B_o < B_b$), онда қосылыста тартылыс алынады ($A < 0$).

Бұйымды жобалау кезінде барлық қосылыс партиясы үшін саңылаудың немесе тартылыстың шекті мәндері есептеледі. Қосылыстағы максималды ықтимал саңылау

$$A_{\max} = B_{o \max} - B_{b \min}.$$

Қосылыстағы минималды ықтимал саңылау

$$A_{\min} = B_{o \min} - B_{b \max}.$$

Қосылыстағы ұқсас тартылыс

$$A_{n \max} = B_{b \max} - B_{o \min},$$

$$A_{n \min} = B_{b \min} - B_{o \max}.$$

Қосылыстағы нақты тартылысты немесе саңылауды тексерудің ең кең тараған тәсілі екі өзара-перпендикуляр бағыттағы және бетінің ұзындығы бойынша үш қимадағы саңылау мен білік диаметрлерін өлшеу болып табылады.

Тапсырма 7.24

Құрастыру кезінде түйіндесетін сырғанау иінтірегінің деталі - ішпектің 2 ішкі диаметрі мен білік 1 шетмойнының сыртқы диаметрін өлшеу кезінде (7.19,а-сурет) 7.20-кестеде көрсетілген өлшемдерді алдық. Тапсырма нұсқаларының біреуі бойынша мойынтірек қосылысындағы

максималды және минималды саңылауды анықтау және түйіндесетін беттерінің нақты геометриялық формасын ұсынуға (көрсетуге) тырысу талап етіледі.

Тапсырмаларды орындау мысалы (№0 нұсқа)

Өлшеу нәтижелерін алдын ала талдау ішпекке 2 қатысты білік күпшегінің 1 бұрылысы кезінде мойынтірек ұзындығы бойынша радиалды саңылаулар өлшенетіні көрсетіледі. Мойынтіректің қимасы бойынша осы саңылауларды есептейміз.

Қима 1—1.

Өлшеу нәтижелері бойынша аламыз:

$$d_{1min} = d_{1c} = 29,8 \text{ мм};$$

$$D_{1max} = D_{1c} = 30,3 \text{ мм.}$$


Максималды саңылау $A_{1max} = D_{1max} - d_{1min} = 30,3 - 29,8 = 0,5 \text{ мм.}$

$$d_{1max} = d_{1a} = 30,1 \text{ мм};$$

$$A_{min} = A_a = 30,1 \text{ мм.}$$

7.20-кесте. 7.24-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Қима с—с						Сечение а—а					
	Ф		d.	D,	d ₂	ft.	Ф	d ₂	d ₃	ft	D ₂	ft
	Өлшенген мәндер, мм											
0	29,8	29,8	29,8	30,3	29,8	30,1	30,1	29,8	29,7	30,1	30,0	30,2
1	29,8	29,7	29,8	30,4	30,3	30,2	29,9	29,6	29,9	30,1	30,1	30,3
2	29,7	29,8	29,8	30,3	30,1	30,3	29,8	29,8	29,8	30,2	30,3	30,2
3	29,6	29,6	29,8	30,2	30,1	30,1	29,7	29,9	29,7	30,3	30,0	30,5
4	29,8	29,8	29,8	30,3	30,2	30,1	29,8	29,8	29,8	30,4	30,1	30,4
5	29,5	29,4	29,8	30,4	30,3	30,2	29,6	29,7	29,6	30,1	30,2	30,3
6	29,7	29,8	29,8	30,3	30,4	30,3	29,8	29,8	29,8	30,3	30,0	30,2
7	29,8	29,7	29,8	30,5	30,1	30,4	29,9	29,6	29,9	30,1	30,4	30,1
8	29,6	29,6	29,8	30,3	30,3	30,1	29,7	29,8	29,9	30,2	30,3	30,2
9	29,8	29,8	29,8	30,4	30,1	30,3	29,9	29,9	29,8	30,3	30,2	30,5
10	29,7	29,7	29,8	30,3	30,3	30,1	29,8	29,7	29,7	30,4	30,0	30,4



7.19-сурет. Цилиндрлік беттерінің сыртқы және ішкі диаметрлерін өлшеу сызбасы:

а – күпшек және ішпек; б – цилиндрліктен нақты ауытқулар; в – дөңгелектіктен нақты ауытқулар

Минималды саңылау $A_{imin} = D_{1min} - d_{1max} = 30,1 - 30,1 = 0$ мм. Ұқсас түрде талқылай отырып, өлшеу нәтижері бойынша аламыз:

қима 2—2:

- максималды саңылау $A_{2max} = D_{2max} - d_{2min} = 30,0 - 29,8 = 0,2$ мм;

- минималды саңылау $A_{2min} = D_{2min} - d_{2max} = 29,8 - 29,8 = 0$ мм;

қима 3—3:

- максималды саңылау $A_{3max} = D_{3max} - d_{3min} = 30,2 - 29,7 = 0,5$ мм;

- минималды саңылау $A_{3min} = D_{3min} - d_{3max} = 30,1 - 29,9 = 0,2$ мм.

Мойынтіректің бөлшек беттерінің формасын геометриялық түсіндіру

7.19, б, в-суретте берілген.

Осылайша, ішпек ішінде білік күпшегін бұру кезінде радиалды саңылаудың сырғанау иінтірегінде 0-ден 0,5 мм дейін өзгертіні туралы тұжырым жасауға болады, яғни мойынтірек беттерін сыдыруы мүмкін.


Ұсыныстар ретінде технолог одан әрі аралап алумен аялауыш режимде мойынтірек беттерін іске асыруды жасау немесе технологиялық процеске сырғанау мойынтіректерінің қос бетін (сыртқы және ішкі) сылау бойынша қосымша операцияларды енгізуді ұсына алады.


Тапсырма 7.25

Құрастыру талаптары бойынша қосылыстағы А саңылау (7.20-сурет) 0,5 ... 0,8 мм шекте болуы тиіс. 1—1, 2—2, 3—3 үш қима бойынша түйісетін бөлшектерді 1 және 2 өлшеу кезінде және а—а және с—с екі өзара – перпендикуляр жазықтықта 7.21-кестеде келтірілген нәтижелер алынды. Тапсырма нұсқаларының біреуі бойынша саңылаудың сенімді қамтамасыз етілуі бойынша қосылыстарды құрастыру талаптары бұзылғанын анықтау талап етіледі.

Құрастыру алдында бөлшектерді қыздыру және салқындату температурасын есептеу және бақылау. Көлденең-престі қосылыстарын құрастыру кезінде түйісетін беттерін жақындату (кепілдендірілген тартылыспен) осы беттеріне нормаль бойынша өтеді (7.21, а-сурет). Бұл үшін орамды бөлшекті 1 (төлкесі бар бөлшек) қыздыру, ал (немесе) орамды бөлшекті салқындату талап етіледі.

7.20-сурет. Түйісетін цилиндр беттерінің параметрлерін өлшеу сызбасы





7.21-сурет. Көлденең-престік қосылыстар сызбасы:

а – температураны теңестіргеннен кейін бөлшектердің өзара орналасуы; **б** – құрастыру уақытында бөлшектердің өзара орналасуы

Бөлшек өлшемдерін өлшеу нәтижесінде бір бөлшекті екіншісіне еш қиындықсыз енгізуге мүмкіндік беретін түйісетін беттері арасында 7.21, б-сурет) уақытша кепілдендірілген саңылау D_c туындайды.

7.21-кесте. 7.25-тапсырманы орындауға арналған жеке нұсқалар

Нұсқа	Қима с—с						Қима а—а					
	A	d2	A	A	A	D3	A	d2	A	A	A	A
	Өлшенген мәндері, мм											
1	35,7	35,85	35,84	36,2	36,15	36,4	35,6	35,9	35,75	36,1	36,01	36,3
2	35,6	35,84	35,83	36,1	36,16	36,3	35,7	35,8	35,74	36,2	36,02	36,2
3	35,7	35,85	35,85	36,2	36,17	36,2	35,8	35,9	35,75	36,1	36,01	36,3
4	35,8	35,86	35,84	36,3	36,18	36,4	35,6	35,7	35,73	36,3	36,03	36,1
5	35,7	35,85	35,83	36,2	36,14	36,6	35,5	35,9	35,75	36,1	36,01	36,3
6	35,5	35,87	35,84	36,3	36,13	36,4	35,6	35,6	35,76	36,2	36,00	36,4
7	35,7	35,85	35,86	36,2	36,15	36,5	35,4	35,9	35,75	36,1	36,01	36,3
8	35,9	35,84	35,84	36,5	36,17	36,4	35,6	35,8	35,77	36,0	36,02	36,1
9	35,7	35,85	35,85	36,2	36,15	36,3	35,5	35,9	35,75	36,1	36,01	36,3
10	35,8	35,87	35,84	36,4	36,16	36,4	35,6	35,7	35,76	36,3	36,03	36,2

√ — осы таңбамен материал қабатын шешусіз, мысалы, құюмен, таңбалаумен, домалатумен өңделетін бетінің немесе осы сызба бойынша өңделмейтін беттерінің кедір-бұдырлығын білдіреді.

Жоғарыда келтірілген таңбалар радикал таңбасына ұқсас өрешемен рәсімделуі тиіс. Өреше үстінен қажеттілік болғанда талап етілетін кедір-бұдырлығын алу үшін өңдеу әдісі көрсетіледі, мысалы: «*Жылтырату*», алыстынан, яғни, радикал таңбасының астынан кедір-бұдырлықтың қажетті параметрлері орналасады, мысалы **Ra0,25**. Осылайша, қандайда бір бетінің кедір-бұдырлығын белгілеудің соңғы нұсқасы келесідей болуы мүмкін:

Жылтырату√**Ra0.25** — бұл осы беттің кедір-бұдырлығының параметрі **0,25** мкм аспауы тиістігін, ал осы кедір-бұдырлықты алу әдісі жылтырату болуы тиістігін білдіреді.

Кедір-бұдырлықтың басқа параметрлерінің шартты белгіленулері метрология жөніндегі оқулықта келтіріледі [2]. Кедір-бұдырлықты дұрыс белгілеу кезінде шартты таңба келесі орындарда орналасуы мүмкін:

- бетінің контур сызығында;
- өлшемдік сызыққа жақын жеке сызықтарында;
- шығару сөрелерінде;
- шығару сызықтарының жалғасында (орын жетіспеген кезде).

Егер бөлшектің барлық беттерінің бірдей кедір-бұдырлығы болса, онда сызбаның оң бұрышында орналасатын кедір-бұдырлықтың тек бір таңбасы қолданылады.

Егер бөлшек бетінің түрлі кедір-бұдырлығы болса, онда бірдей кедір-бұдырлықпен көп рет қайталанатын белгі сызбаның жоғары оң бұрышына шығарылады.

Саны сызбада көрсетілген бөлшектің қайталанатын элементтерінің (саңылау, жік, тістер) кедір-бұдырлығының белгіленуі бір рет жасалады.

Термиялық және басқа өңдеу түрлеріне ұшырайтын бөлшектердің жұмыс сызбаларында, технологиялық талаптарда өңдеу нәтижесінде алынған шекті мәндерімен материал қасиеттерінің көрсеткіштері көрсетіледі, мысалы: «*Қаттылығы 40 ... 45 HRC*».

Химиялық-термиялық өңдеуге немесе гальваникалық өңдеуге ұшырайтын бөлшек беттері нүктелі-үзілмелі қалың сызықпен белгіленеді.

Механикалық өңдеу бейімімен курстық жобаны орындау кезінде

тапсырмаға сәйкес білім алушылар бөлшектің арнайы білдектік құрылғысының және бақылау-өлшеу құрылғысының құрастырмалы сызбаларын әзірлейді. Осы сызбаларды ресімдеу сәйкес стандарттардың талаптарымен сәйкес келуі тиіс.

Әдетте, құрастырмалы сызба жиналатын бұйымның құрылымы туралы толық көрінісі болатындай бұйымның жалпы түрінен, басқа түрлердің, кималардың және кесіктердің санынан тұрады. Сөре детальдерінің позиция нөмірлерін белгілеу үшін қолданылмайды, ал цифрлар өсу шамасы бойынша сағат тілі бойынша немесе сағат тіліне қарсы шығару сызығының соңында қойылады. Құрастырмалы параметрлер және олардың дәлдігі дайын бұйым жұмысының дәлдігіне ықпал ететін негізгі қосылыстарға қойылады. Маманданым құрастырма сызба орналасқан парақта ресімделуі мүмкін, ал орын болмаған жағдайда оны өз мортанбасымен А4 форматты жеке парақта ресімдеуге болады.

Арнайы білдектік құрылғылардың немесе бақылау-өлшеу құрылғыларының құрастырмалы сызбаларында екі нүктесі бар нүктелі-үзілме сызықпен көрсетіледі. Мұндай сызықтармен студентпен әзірленген конструкцияға жанасатын әмбебап жабдықтары мен өлшеу аспаптарының барлық элементтері (білдек центрі, білдек айналдырғысы, индикаторлық аспап) суреттеледі.

Сызбада көрсетілген бұйымның кескін, түрлер мен кималар саны кеңес берумен келісу бойынша білім алушымен анықталады. Жөндеу нобайлары барлық жөндеуге астынан бір мортанбамен бірдей сызықтармен бөлінеді. Қалған жеке сызбалар әрқайсысы өз шеңберінде және астынан өз мортанбасымен және құрастырмалы сызбаның міндетті құрастырушылары ретінде мамандығымен сипатталады.

Мортанбадағы негізгі жазулар нақты және ықшамды болуы тиіс, мысалы, *«Редуктор білігі», «Редуктор білігін дайындама — таңбалау», «10,5Н12 жікті фрезерлеу операциясының құрылғысы»*.

Ескертулер: 1. Компьютерлік графиканы иеленетін студенттер оны кеңес берушімен келісілген толық көлемде қолдана алады. Бұл ретте жөндеу нобайлары парақтың екінші жағынан мұқият желімденіп А3 форматта басып шығарылуы тиіс.

2. Сызбаларды қолмен орындау кезінде келісу үшін, кемінде екі кезеңге кеңес берушіге графикалық материалдарды ұсынуы тиіс. Бірінші сызда жұқа сызықта, ал соңғысында – БҚБЖ талаптарына сәйкес соңғы орындауда беріледі.
3. Бірден соңғы орындауға ұсынылған сызба кеңес берушімен қарастырылмайды.

8.3. ЖОБАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЖАЛПЫ ӘДІСТЕМЕСІ

Курстық жобамен жұмысты әдетте өндірістің берілген объектісін дайындауға қойылатын жұмыс сызбасын және техникалық талаптарды зерттеуден бастайды. Одан әрі бұл ақпаратты аса тиянақты зерттейді және өндіріс объектісін дайындаудың болашақ технологиялық процесі туралы жалпы көріністен қалыптасатындай дәрежеге дейін түсіндіреді.

Технологиялық бөлім бойынша бірінші кеңес беруде студент тапсырма шеңберінде қойылған негізгі міндеттерді шешу жолдары туралы өз ұсыныстарын талқылайды және жобаның құрамдас бөліктері туралы шешім қабылданады.

Жобалау объектісі ретінде берілген бөлшектің жұмыс сызбасы ретінде берілген бөлшектің жұмыс сызбасын (немесе бұйымның құрастырмалы сызбасын) зерттеуден кейін материалды қолданудың үздік коэффициентін (МҚК) алу үшін дайындаманың үлгілік формасын ұсынады, бастапқы базаны таңдайды, технологиялық процесс пен механикалық өндеудің (немесе құрастырудың) операциялық нобайларын жасайды. Одан кейін кеңес берушімен келісу бойынша екі-үш алуан типті операциялар әзірленеді. Осы операцияда дайындаманы орнату тәсілін анықтағаннан кейін, осы операцияда қолданылатын жабдықтар мен кесетін құралды таңдаудан кейін операциялардың жөндеуін, білдек құрылғыларын, кесетін және өлшеуші құралдарды әзірлеуге кіріседі.

Жобалау кезеңінде студентпен өткізілетін барлық жазбалар, сызбалар және есептеулер жұмыс дәптеріне жазылады, ал түзетуден және редактрлеуден кейін түсіндірме жазбаға енгізіледі. Жобаның барлық кезеңдерін соңғы ресімдеу олардың мазмұнын жобаның кеңес берушісімен келіскеннен кейін өткізіледі.

Жобаның графикалық бөлімі А1 форматты парақта ресімделеді. Бір парақта жобаның бірнеше жасаушылары орналасқанына қарамастан,

әрқайсысы өз-өзімен, өте ұсақ форматта және өз мөртаңбасы бар, барлық осы сызбалардың төменгі жағы біреу болуы тиіс, яғни әрбір форматта мөртаңба көлденеңінен тұруы тиіс. БҚБЖ талаптарынан және 1:1 масштабынан, алайда көрсетілетін бөлшектердің пропорциясын сақтап операциялардың жөндеуін ресімдеуге рұқсат етіледі.

Осы операцияда өңделетін беттер барлық операциялық нобайларында ерекшеленеді (қалың сызықтармен немесе басқа түспен).

Арнайы білдіктік құрылғының немесе бақылау-өлшеу құрылғыларының құрастырма сызбаларында бөлшекті немесе дайындаманы екі нүктесі бар нүктелі-үзілмелі сызықпен көрсетілді. Мұндай сызықтармен диплом жазатын студентпен әзірленген конструкцияға жалғасатын әмбебап жабдықтар мен өлшеу аспаптарының барлық элементтері (білдек центрі, білдек айналдырғысы, индикатор аспабы) көрсетіледі.

Бұйым сызбасында суреттелетін кескіндердің, түрлер мен қималар саны осы конструкция турады толық ақпарат алатынтай болуы тиіс. Жөндеу нобайлары барлық жөнлеулерге астынан бір мөртаңбамен бірдей сызықпен бөлінеді. Қалған жеке сызбалар құрастырмалы сызбаның міндетті жасаушысы ретінде маманданыммен және астынан өз мөртаңбасымен және әрқайсысы өз шеңберінде суреттеледі.

Мөртаңбадағы негізгі жазулар нақты және ықшамды болуы тиіс, мысалы, *«Редуктор білігі», «Редуктор білігін дайындама — таңбалау», «10,5Н12 жікті фрезерлеу операциясының құрылғысы».*

Түсіндірме жазбаны түсінікті жазумен қара сиямен жазылған немесе Microsoft Word мәтіндік редакторында компьютерде терілген және Times тобының шрифтімен, 14 кеглмен, сол, оң және төменгі – 20 мм, оң жағы – кемінде 10 мм жолдармен А4 форматты (210 x297 мм) ақ қағаздың бір жағында, жол арасында 1,5 интервалмен басып шығарылған А4 форматты дәптер түрінде ресімделеді. Беттерді нөмірлеу титул парағынан басталады. Түсіндірме жазба келесілерден тұруы тиіс:

- сырты;
- титуль парағы;
- өндіріс объектісінің берілген сызбасымен бірге курстық жобадағы тапсырманың ресімделген бланкісі;
- кіріспе;
- өндірістің берілген объектісін технологиялық талдау;
- өндіріс түрін анықтау;
- дайындаманың негізгі өлшемдерін есептеу;

- ықтимал түсініктермен өңдеу жоспары (өңдеу маршруты);
- операциялық өлшемдер есептеулері;
- операцияларды техникалық нормалар (немесе әзірлеу);
- екі жағынан толтырылған операциялық карталар;
- арнайы білдектік құрылғыға түсініктемелер және оның дәлдігін есептеу бойынша барлық материалдар;
- бақылау-өлшеу құралдарын таңдауға түсініктемелер, оның дәлдігін талдау және өндіріс объектісінің параметрін өлшеу сызбасы;
- кесетін материал параметрлерін есептеу бойынша материалдар;
- сызбалар, графиктер және есептеу нәтижелері;
- ақпараттың қолданылатын дереккөздерінің тізімі;
- мазмұны.

Егер түсіндірме жазбаның аталған элементтері оның тараулары болып табылса, онда олардың сипаттау жаңа беттен басталады.

Түсіндірме жазбадағы материал графикалық бөлім ретінде паракқа шығарылатынын немесе операциялық карталарға орналасатынын толықтыруы және түсіндіруі, алайда оларды қосарламауы тиіс. Мысалы, бір жағынан алғашқы қайрау операциясын түсіндіріп, дайындаманың қалай орнатылғанын және бекітілгенін және оның қандай білдекте орындалатынын айту аз. Мұның барлығы осы операцияға операциялық картада бар. Мұның барлығы басқаша емес, тура осылай жасалғанын түсіндіру керек. Осылайша жазбада сипатталатын әрбір көшірме бойынша. Немесе басқа мысал. Ұзақ құрылғымен фрезерлік құрылғыны сипаттап, неліктен осы құрылғыны қолдану тиімді екенін түсіндіру және осы құрылғыны қолданып еңбек өнімділігіне назар аударып, дәлдікке құрылғыны есептеу нәтижелерін түсіндіру керек.

Түсіндірме жазба мазмұнының кейбір ерекшеліктері курстық жобаның басқа тарауларын орындау бойынша жұмыс әдістемесін зерттеу кезінде қарастырылатын болады.

Жоба курстық жобалау бойынша кеңес беруші жобаның барлық элементтерінде өз қолын қалдырғаннан кейін орындалған саналады.

Жоба кеңес беруші жазбаша түрде студенттің жобамен жұмысына қысқа оң баға бергеннен және өз қолын қойғаннан кейін қорғауға дайын саналады.

Жобаны қорғау. Білім беру мекемесінің бұйрығымен курстық жобаларды қорғау үшін төраға басшылығымен емтихан комиссиясы құрылады. Жобаны қорғауға қонақ ретінде кез-келген топтың студенттері, ата-аналары, кәсіпорын өкілдері және жоғары тұрған органның келген

тексерушілер қатыса алады.

Студент комиссия алдында өз жобасын жария қорғайды.

Жобаны қорғауға 20 минут бөлінеді. Оның 10 минуты – студенттің баяндамасына және 5 ... 7 минуты – комиссия мүшелерінің сұрақтарына және осы сұрақтарға студенттің жауаптарына кетеді. Курстық жоба бағасын комиссия мүшелері қысқа талқылаудан кейін ашық дауыс берумен анықтайды. Дауыстардың теңдігі кезінде шешуші сөз комиссия төрағасында қалады.

8.4. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ

Бөлшекті дайындау бойынша жоба төмендегілерден тұрады:

- бөлшектің жұмыс сызбасын технологиялық талдау;
- өндіріс түрін анықтау;
- дайындаманы жобалау;
- өңдеу жоспарын жасау;
- технологиялық процестердің операцияларын әзірлеу;
- технологиялық жабдықтарды таңдау;
- дайындаманың негізгі өлшемдерін есептеу;
- бөлшектің арнайы білдіктік құрылғыларын жобалау;
- кесетін құралды жобалау;
- арнайы өлшеу құралдарын жобалау;
- қолданылатын әдебиеттер тізімі және мазмұны.

Барлық аталған бөлімдер жобаға түсіндірме жазбаның тараулары – оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Кіріспе. Кіріспеде студент қазіргі уақыттағы Ресей Федерациясындағы машина жасау технологиясының жағдайын көрсетеді, осы саланы жақсарту бойынша Ресей Федерациясы Үкіметінің соңғы қаулыларының мазмұнын көрсетеді және мамандығы бойынша тәжірибеден өткен заманауи өндіріспен оны байланыстырып, жобаның таңдалған тақырыбының өзектілігін негіздейді.

Негізгі кәсіпорын технологиясының деңгейін талдап және өзінің курстық жобасының тақырыбын ашып студент таңдалған тақырып бойынша жобаның жеке бөліктерінің жаңалығына назар аударады және оның жобаны орындауға кіріскенде алдына қандай мақсаттар мен міндеттер қойғанын түсіндіреді.

Студент өз жобасының әрбір құраушы бөліктері бойынша қолданыстағы технологиялық процесті жақсарту жолдарын ашады.

Мысалы, бақылау-өлшеу құрылғыларын жобалау кезінде келесі міндеттерді шешуге болады:

- бақылау операцияларына кететін уақытты азайту;
- өлшеулер дәлдігін арттыру;
- жеке операцияларға белсенді бақылауды қолдану;
- бақылау операцияларын автоматтандыру;
- бұйымды келесі іріктемелі құрастыру үшін топтарға бөлшектерді сұрыптау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Бөлшектің жұмыс сызбасын технологиялық талдау. Тарау дайын бұйым жұмысының сенімділігіне және ұзақтығына оның беттерінің дәлдігі мен кедір-бұдырлығын, бөлшек параметрлерінің ықпалын талдаудан тұрады.

Жобамен жұмысты бөлшектің жұмыс сызбасын және оны дайындауға қойылатын техникалық талаптарды зерттеуден және сыни талдаудан бастайды. Жобалау тапсырмасы бойынша студентпен алынған бөлшектің қандайда бір дәлсіздіктерді және БҚБЖ талаптарынан ауытқуларды анықтау кезінде студентпен анықталған басқа қателер сияқты кеңес алумен келіскеннен соң түзетуді жасау керек.

Бөлшектің жұмыс сызбасын және оны дайындауға қойылатын техникалық талаптарын зерттеп, бірінші кезекте материалға, термиялық немесе химиялық-термиялық өңдеуді талап ететін бақылау тобына өлшемі мен формасына назар аударады. Бұл мәліменттер қажетті жабдықтар мен жарактар типін, детальге арналған дайындама алудың ықтимал тәсілдерін анықтау үшін талап етіледі.

Бөлшекті дайындауға қойылатын техникалық талаптар бөлшек материалының беріктігін бақылау әдістері және химиялық-термиялық өңдеуді талап ететін жабындар туралы ақпараттан тұрады. Бұл кезеңдерге жобаланатын процесті бөлу қажеттілігі және цементтеуден жеке беттерін корғау тәсілдері туралы ақпаратты береді.

Өңдеудің талап етілетін дәлдігін талдау кезінде көбінесе сәйкес операцияларда дайындаманы негіздеу тәсілдері туралы еске түсіну берілетін дәлдіктің екінші сипаттамасы мен бөлшек беттерін соңғы өңдеу әдістерін анықтайтын дәлдіктің бірінші сипаттамасының параметрлері ерекшеленеді.

Дәл беттердің конструкциялық башасының бөлшектерін жұмыс сызбасы бойынша анықтау технологиялық базаны таңдау туралы және бөлшек беттерін өңдеу жүйелігі туралы сұраққа жауап береді. Базаны қиыстыру принципін сақтау бойынша білімін қолданып, технологиялық

процестің операцияларын әзірлеу кезінде өлшемдерді қайта есептеусіз және экономикалық тиімді жолмен дәлдіктің екінші сипаттамасының талап етілетін параметрлері алынады.

Беттерінің кедір-бұдырлық параметрлері технологиялық процестің құрылымын, беттерін соңғы өңдеудің әдістерін және жеткізу операцияларын қолдану қажеттілігін анықтайды.

Осылайша, бөлшектің жұмыс сызбасын сауатты технологиялық талдау технологиялық процесті жобалаудың жақсы бастамасы болып табылады. Тапсырманың осы бөлігімен жұмыс кезінде жұмыс дәптерінде жасалған жазбалар түсіндірме жазбаның «Бөлшектің жұмыс сызбасын технологиялық талдау» тарауының материалы болып табылады.

Технологиялық бөлім. Технологиялық процес бөлшекті дайындаудың іс жүзінде барлық кезеңдерін орындау негізі болып табылғандықтан, онда ол нормативтік технологиялық құжаттардың, атап айтқанда БҚБЖ талаптары мен ережелерін сақтап әзірленуі тиіс.

Технологиялық процесті әзірлеудің бастапқы деректері болып табылады:

- оны дайындауға барлық талаптармен бөлшектің дұрыс жасалған жұмыс сызбасы;
- бұйымды шығарудың жылдық көлемі;
- кәсіпорында болатын жабдықтар туралы ақпарат;
- кәсіпорында болатын кесетін құралдар мен технологиялық жабдықтар туралы ақпарат;
- өңдеу режимдері бойынша нормативтік – анықтамалық құжаттамалар, анықтамалар, каталогтар және басқалары.

Жаңа технологиялық процесті жобалау келесі кезеңдерден тұрады.

1. Технологиялық бұйымдарды талдау.
2. Кәсіпорында әрекет ететін технологиялық процестің сыни талдауы.
3. Өндіріс типін таңдау (немесе анықтау) және өндіріс типіне байланысты бөлшектердің өндірістік партиясының өлшемі (немесе бөлшектерді шығару тактісін) анықтау.
4. Бастапқы дайындаманы таңдау, оның негізгі өлшемдерін, тәсілдері мен оны дайындау дәлдігін анықтау, операциялық әдіптерді тағайындау.
5. Сәйкес білдекті өңдеу аймағында дайындаманы орнату және бекіту кезінде технологиялық база ретінде қолданылатын бөлшек беттерін таңдау.
6. Технологиялық процесті маршруттық сипаттау, яғни өңдеу

режимдері мен өтетін аралықтарын көрсетусіз, алайда өндеудің ең көп өнімді әдістерін таңдаумен барлық технологиялық операциялардың қысқа сипаттамасы.

7. Технологиялық жабдықтарды, бөлшектердің құрылғылары мен басқа технологиялық керек-жарақтарды таңдау.
8. Операциялық нобайларды ресімдеумен және өтетін аралықтарын көрсетіп және осы операцияларға операциялық картаның барлық жолдарын толтырумен оларды орындау жүйелігінде алуан типті технологиялық операцияларды сипаттау (жобаның кеңес берушісімен келісу бойынша).
9. Әрбір өтетін аралық бойынша кесу режимдерін тағайындау жән таңдалған операциялар үшін барлық өтетін аралықтарға негізгі уақытты есептеу.
10. Таңдалған операциялардың техникалық нормалауын өткізу.

Бұйымның технологиялығын талдау (көбіне детальдер) бөлшектің жұмыс сызбасын мұқият зерттеуден тұрады. Бұл ретте бөлшек беттерінің өлшем дәлдігіне және олардың өзара жағдайының дәлдігіне, талап етілетін беттерінің кедір-бұдырлығына, жүзінің, бұrandаның, шетмойынның, буатты жіктердің, фасон беттерінің және т.б. болуына ерекше назар аударады.

Осы жобада бөлшектің технологиялығын сандық бағалау үшін келесілерді қолдану мақсатқа сай:

- материалды қолдану коэффициенті

$$K_{и.м} = m_0/m_3,$$

мұндағы m_0 — бөлшек массасы (бөлшектің жұмыс сызбасында көрсетіледі); m_3 — дайындама массасы (материалдың шекті салмағын есепке ала отырып дайындаманың жұмыс сызбасы бойынша есептеледі);

- осы жоба бойынша операциялардың (немесе жалпы бұйымның) өзіндік құнының C_{np} және базалық кәсіпорында сәйкес өзіндік құнның $C_{баз}$ арақатынасын көрсететін коэффициент K_c (мамандықтар бейіні бойынша тәжірибе материалдары бойынша):
- осы жоба бойынша операцияларды орындаудың (немесе жалпы бұйым дайындаудың) еңбек сыйымдылығын m_{np} және базалық кәсіпорында сәйкес еңбек сыйымдылығын $m_{баз}$ (мамандық бейіні бойынша тәжірибе материалдары бойынша) көрсететін коэффициент K_{mp} :

$$K_c = C_{np} / C_{баз}$$

- осы жоба бойынша операцияларды орындаудың (немесе жалпы бұйымды дайындаудың) еңбек сыйымдығының T_{np} және негізгі кәсіпорында $T_{баз}$ сәйкес еңбек сыйымдылығының қатынасын көрсететін $K_{тр}$ коэффициенті:

$$K_{тр} = T_{np} / T_{баз}$$

- осы жобада үлгілік технологиялық процестердің қаншалықты кең қолданылатынын көрсететін $K_{т.пр}$ коэффициенті:

$$K_{т.пр} = Q_{т.пр} / Q_{сум.пр}$$

мұндағы $Q_{т.пр}$ – осы жобада жиі қолданылатын технологиялық процестер саны; $Q_{сум.пр}$ - осы жобада жиі қолданылатын технологиялық процестердің жалпы саны.

Сонымен бірге, стандартты кескіш құралдардың, білдектік құрылғылар мен өлшеу құралдарының пайдаланылуына талдау жүргізу керек.

Ескерту. Жоғарыда аталған коэффициенттерді санын анықтау жобамен жұмыс процесіне қажетті мәліметтерді алу шамасы бойынша жасалады.

Кәсіпорында әрекет ететін технологиялық процесті сыни талдау кәсіпорында пайдаланатын технологиялық процесті мамандық бейіні бойынша тәжірибе материалдары бойынша сипаттаудан тұрады.

Бұл ретте кәсіпорында қолданатын технологиялық жабдықтарды дәлдігі мен өнімділігі, механизациялау және автоматтандыру деңгейі, қолданылатын технологиялық жарақтар мен өндірістік учаске немесе цех жұмысын ұйымдастыру бойынша талдайды.

Талдау нәтижелері бойынша қолданыстағы жобаның барлық жақтары ескеріледі және кәсіпорында әрекет ететін нақты бұйым дайындаудың технологиялық процесін жақсартуға мүмкіндік беретін іс-шаралар тізбесін жасайды.

Өндіріс типін тандау (немесе анықтау) бұйымдың шығарудың жылдық бағдарламасын, оның массасы мен габаритті өлшемдерін ескере отырып жүзеге асырады.

Технологиялық процестің құрылымы көбіне қандай өндіріс

ұйымдастырылатынына байланысты: жеке, сериялық немесе жаппай..

Өндіріс түрі бөлшектерді шығарудың берілген тактісі мен еңбек сыйымдылығының (операцияға шығындалатын уақыт $t_{ум}$) арақатынасы бойынша анықталатын жабдықтарды жүктеу $K_{зас}$ коэффициенті бойынша, келесі формула бойынша анықталды

$$K_{зас} = T_{ум} / \tau$$

Шығару тактісі қандай уақыт ішінде жылдық бағдарламаны толығымен орындауы үшін бір дайын бөлшек өндірістен шығуы тиіс:

$$\tau = \Phi \cdot 60/N,$$

мұндағы $\Phi = cпmп$ — білдек жұмысының нақты жылдық қоры, сағ; c — жұмыс ауысымдарының саны; n — бір жылдағы жұмыс аптаның саны (51 апта); m — аптадағы жұмыс сағаттарының саны (40 сағ); $П$ — жабдықтарды пайдалану коэффициенті (0,94...0,96).

Егер $T_{ум} > \tau$ болса, онда өндіріс жаппай болады, себебі әрбір білдекке тек бір операцияны бекітуге болады.

Егер $T_{ум} < m$ болса, онда өндіріс сериялық болады, себебі бір білдекке бірнеше операцияларды бекітуге болады.

Уақыттың техникалық нормасы (немесе техникалық нормалау әлі жасалмаған) туралы ақпарат болмаған жағдайда, өндіріс түрі оларды массасы және габаритті өлшемдері бойынша бөлшектің жіктеуін қолданып алдын ала анықтайды (8.2-кесте).

Сериялық өндіріс кезінде партиялармен өңделеді. Операциялардың әзірленімдерін орындау үшін жұмысқа бір уақытта іске қосылатын бөлшектер санын (партия өлшемін) анықтайды. Бұдан қайта жөндеусіз білдектің жұмысы тәуелді.

8.2-кесте. Бөлшектердің габаритті өлшемдерінен өндіріс түрінің тәуелділігі

Өндіріс сериялығы	Бір атаулы бөлшектерді шығарудың жылдық бағдарламасы, дана		
	ірі (ауыр)	Орта	Ұсақ (жеңіл)
Жеке	5 дейін	10 дейін	100 дейін
Ұсақ сериялы	5 ... 100	10.200	100.500
Орта сериялы	100.300	200.500	500.5000

Ірі сериялы	300.1 000	500.5000	5000.50 000
Жаппай	1 000 жоғары	5 000 жоғары	50 000 жоғары

Формула бойынша партиядағы бөлшек сандарын N есептеу

$$N = N_{\text{жыл}} f/D,$$

мұндағы $N_{\text{жыл}}$ — бөлшектерді шығарудың жылдық бағдарламасы (жобалау тапсырмасы бойынша); f — аяқталмаған өндірісі болатын жұмыс күндерінің саны (дайындауға кететін еңбек сыйымдылығына байланысты сериялық өндіріс үшін 3 — 6 күн; D — бір жылдағы жұмыс күндерінің саны (аптасына екі демалыс күні болғанда 254).

Бөлшектердің жаппай өндірісі кезінде операцияны уақытылы синхрондау талап етіледі. Сондықтан техникалық нормалау екі кезеңде өткізіледі. Алдын ала техникалық нормалаудан және таңдалған операциялардың еңбек сыйымдылығын анықтаудан кейін операциялардың шоғырлануын және саралануын, сондай-ақ жеке операциялардың автоматтандырылуы мен механизациялануын қолданып уақытпен операцияны теңестіреді. Операцияны синхрондағаннан кейін оларды соңғы техникалық нормалауын жасайды.

Жұмыс дәптерінде орындалған есептеулер кеңес беруден және редактрлегеннен кейін түсіндірме жазбаның «Өндіріс типін анықтау» тарауында мазмұндалады.

Бастапқы дайындаманы таңдау оның негізгі өлшемдерін, дайындау тәсілі мен дәлдігін, сондай-ақ жалпы және операциялық әдіптерін анықтауда қорытындыланады.

Бөлшек дайындамасы дайын бөлшек формасына жуықталған тұтас құрылымнан тұрады. Дайындаманы дайындау екі кезеңде өткізіледі. Алдымен бөлшектің жұмыс сызбасын техникалық талдау кезінде дайындаманың ықтимал формалары мен КИМ ең үлкен мәнімен оны алу нұсқалары анықталады. Дайындама формасын және оны алу әдісін соңғы таңдаудан кейін екінші кезеңде жалпы әдіпті немесе операциялық әдіптерді есепке ала отырып, дайындаманың барлық өлшемдері есептеледі.

Дайындама түрін таңдау кезінде бөлшек материалының ерекшеліктерінен (құйма қорытпа немесе деформацияланатын) және кәсіпорынның дайындама өндірісінің технологиялық мүмкіндіктерінен туындайды. Осы мәселе бойынша түсіндірме жазбаға енгізіледі:

1. дайындаманы алудың таңдалған тәсілін негіздеу (соғылма немесе

құйма) және дайындаманы дайындаудың түрлі кезеңдерінде нұсқаларды келтірумен оны алу процесін қысқаша сипаттау.

2. Нормативтік құжаттар бойынша анықталатын өндеудің операциялық әдіптерін ескере отырып дайындаманың негізгі өлшемдерін есептеу.

3. Дайындаманың үлкен партиясын алу кезінде құралдың (мөртаңбаның немесе темірқорамның) тозуын ескере отырып дайындаманың өлшемдерін алу дәлдігін негіздеу.

4. Айналманың ішкі және сыртқы беттері мен радиустары үшін қалыптаушы және құйма бағыттарды негіздеу.



5. Дайындама алу үшін таңдалған жабдықтарды негіздеу:

- Ұнтақтаудағы және пресстегі таңбалаумен;
- Көлденең-соғушы машиналарда қалыптаумен (КСМ);
- жаймалаумен (профильдер алу);
- темірқорамға құюмен;
- балқитын модельдер бойынша құймамен және басқалары.

Жабдықты дайындаманың формасын және габаритті өлшемдерін, шығару бағдарламасын және дайындауға қойылатын талаптарды ескере отырып таңдау керек.

6. Дайындаманың жұмыс сызбасымен бір форматта суреттелген оның форма түзу жүйелігінің нобайларымен дайындама алу маршруты (8.1-сурет).

Дайындаманың жұмыс сызбасын және оны дайындаудың техникалық шарттарын әзірлеумен дайындаманы жобалау аяқталады.




8.1-сурет. Дайындама-қалыптаушы және оны дайындау жүйелігі

Дайындаманың жұмыс сызбасын сызбаларды орындаудың жалпы ережелеріне сәйкес рәсімдейді. Шыңдалғы дайындаманың сызбасында дайын бөлшектің контурын нүктелі-үзілмелі сызықпен көрсету қажет.

Қалыптаушы дайындаманы дайындауға қойылатын техникалық талаптарда келесілер көрсетілуі тиіс:

- бақылау тобы;
- сыртқы және ішкі бағыттар;
- дайындаманың ұйғарынды шалыстануы;
- қалып бөліктерінің ұйғарынды жылжуы;
- сыртқы ақаулардың ұйғарынды тереңдігі;
- беттерінің кедір-бұдырлық параметрлері;
- материал қаттылығы;
- термиялық өңдеу түрі;
- қабыршақтан тазалау тәсілі.

Қалыптаушы-дайындаманы ресімдеу мысалы 8.2-суретте көрсетілген. Құю дайындамасының сызбасында механикалық өңдеу әдіптері олардың өлшемін көрсетумен үзік сызықпен белгіленеді. Оны дайындаудың техникалық шарттарында құйманы дайындау дәлдігінің қалитеті көрсетіледі.



8.2-сурет. Қалыптанған дайындаманың жұмыс сызбасын ресімдеу мысалы

Дайындаманы тиісті білдектердің өңдеу аумағында базалау кезінде технологиялық база ретінде пайдалынатын бөлшектер бетін таңдау бөлшектің жұмыс сызбасын талдау материалдарын қолдана отырып жүргізіледі.

Базаларды таңдай және операциялардың реттілігін белгілей отырып, базаларды қосарландыру принципін сақтауға тырысады, оның мәнісі мынада, технологиялық база ретінде (бастапқы, орнтау және өлшеу базасы), өңделетін беттерге қатысты конструкторлық база болып табылатын, өңделетін бөлшектің элементтерін пайдалану.

Бұл жағдайда, беттерді өңдеудің кезектілігі бөлшектің жұмысшы сызбасындағы осы беттердің координациясына сәйкес келеді. Бұл технологиялық процеспен жұмыстың бір бөлігі, атап айтқанда, өңдеудің бірізділігін таңдау және базаларды қосарландыру технологиялық процесті әзірлеушінің тарапынан жіті көңіл аударуды талап етеді.

Егер қандай да бір себептермен базаларды қосарландыру принципін сақтау мүмкін болмаған жағдайда, онда бұл операциядағы күтілетін өңдеу дәлсіздігін, беттердің өзара бірлескен қалпының дәлсіздігіне ескере отырып, есептеу арқылы анықтайды. Бұл міндетті түрде осы операциядағы өңдеудің дәлділігіне алып келеді.

Технологиялық процестерді маршруттық сипаттау — бұл өңдеудің ауысулары мен режимдерін көрсетпей, бірақ өңдеудің айтарлықтай өнімді әдістерін таңдай отырып, барлық технологиялық операцияларды қысқаша сипаттайтын өңдеу жұмыстарының жоспары.

Бұл - жобаның ең маңызды бөлімі. Оған ерксше көңіл бөлу қажет. Өңдеу жоспары - операциялар бірізділігі және бөлшекті дайындау немесе бұйымды құрастырудың технологиялық процесінің негізгі мазмұны көрсетілген технологиялық құжат.

Технологиялық операция —бұл бір жұмыс орнында аткарылатын, технологиялық процестің аяқталған бөлімі. Механикалық өңдеуге қолданыста операция бір білдекте бір жұмысшымен орындалады. Операцияға жұмыс орнына қызмет көрсететін жұмысшының барлық әрекеті және өңдеу жүйесінің элементтерінің қозғалысы жатады.

Өңдеу жоспарын құру үшін бастапқы ақпарат болып табылатыны:

- бөлшектің жұмысшы сызбасының технологиялық талдамасының нәтижелері;

- өндіріс түрі туралы қабылданған шешім;
- дайындама формасы туралы соңғы шешім.

Өңдеу жоспарына сәйкес бірізділігімен орындалуы бойынша, ауысуларды көрсете отырып және операциялық эскиздерді ресімдеп, осы операцияға операциялық картаның барлық бағанын толтыра отырып 2 — 3- әр типті технологиялық операцияларды сипаттау (жоба кеңесшісімен келісе отырып);

Ескерту. Жоспардың соңғы нұсқасы бірден дайын болмайтындығын, ол өңдеу жоспарының алғашқы нұсқасының бірізділікпен өзгеруі және толықтырылуының нәтижесі болатынын біліп жүрген жөн.

- операциялық эскиздерді жоспарды құруды бірінші кезеңде жұмыс дәптеріне немесе шимай дәптерге жазып жүрген жөн. Эскизде бөлшек осы операцияда өңделгеннен кейін қандай түрде болатын болса сол күйінде бейнеленеді. Бейне масштабын өз еркінше таңдайды, бірақ бөлшектің жекелеген элементтерінің өлшемінің пропорциясы сақталады.

Бірінші эскиз — бөлшек үшін дайындама бейнесі, бұдан әріде операциялық эскиздер. Әрбір операциялық эскиз қасына келесі ақпараттар жазылады:

- операцияның алдын-ала нөмірі;
- қандай бетті өңдеу туралы сөз болып жатқанын білетіндей етіп, операцияны толық және нақты атау;
- білдек типі;
- дайындаманы орнату тәсілі, қабылданған шартты белгілерді пайдалана отырып (П4.8-кесте);
- дайындаманы бекіту тәсілі, қабылданған шартты белгілерді пайдалана отырып (П4.8-кесте);
- операциялық өлшем, әзірше олардың шамасын көрсетпей-ақ; беттің кедір-бұдырлығына талап етілетін параметрдің жалпы белгісі. Термо өңдеу бойынша операциялар, слесарлық операция, гальван операциясы, бақылау операциясын бір жолмен эскизсіз жазады. Осы операцияда өңдеуге жататын беттерді қалыңдатылған сызықпен

немесе басқа түспен белгілейді. Бұл кезеңде операцияның концентрациясына немесе дифференциациясына көңіл аудару керек, ол операциялық эскиздерді соңғы қорытынды ресімдеу кезінде үлкен өзгерістердің болуын алдын-алуға мүмкіндік береді.

Көп жағдайда бөлшектің жұмыс сызбасы бойынша операцияның концентрациясының деңгейі алдына-ала анықталуы мүмкін, бұл туралы бөлшектердің бетінің өзара орналасу қалпы бойынша талап айтады. Бұл шартты белгілермен бөлшектің сызбасында (11-қосымша) немесе мәтінмен бөлшекті дайындаудың техникалық шарттарында көрсетілуі мүмкін. Мысалы, өстің тыскары бетінің соған шектес цилиндрлі бетке (тыскары ауытқуы) перпендикулярлығының шартын осы беттерді өндеуді дайындаманың бір орнатуы кезінде қамтамасыз ету.

Беттерді өндеу әдісін дұрыс таңдау бөлшекті өндеу жоспарының тиімділігін болжайды. Бөлшекті өндеу жоспарын құру кезінде өндірістен немесе оқулықтан алынған типтік технологиялық процестерді пайдаланған жақсы болар еді. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда беттің дәлділігін және кедір-бұдырлығын алудың шамамен маршрутын пайдалаған жөн (6, 7-қосымша).

Беттің талап етілген дәлділігін және кедір-бұдырлығын алу мақсатында беттерді соңғы қорытынды өндеудің мүмкін болар нұсқаларын талдай отырып, беттің талап етілген дәлділігін және кедір-бұдырлығын қамтамасыз ететін бетті өндеу маршрутын таңдау жеңіл.

Кей жағдайда беттің сол бір параметрлерін түрлі маршруттар бойынша да алуға болатындығын көңіл аудару қажет. Мысалы, саңылауды өндеу кезінде кедір-бұдырлық **Ra** 1,25 және жетінші квалитет бойынша дәлділікті таза күшейту және таза ажарлау арқылы да алуға болады.

Нақты бір маршрутты нұсқасы беттің өлшеміне, операция концентрациясы деңгейіне, дайындаманың массасына, дайындама конфигурациясы деңгейіне, дәлділіктің екінші сипаттамасының параметріне байланысты.

Өндеу әдісін, келесі параметрлермен анықталатын, олардың техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, нақты анықтайды:

- өндеуге рұқсат етілетін әдіп шамасымен;
- өндеудің қол жеткізетін дәлділігі;
- беттің қол жеткізілетін кедір-бұдырлығы;

- өңделетін материалмен;
- әдістің өнімділігімен ($T_{шт}$).

Өңдеу әдісін соңғы қорытынды таңдау кезінде, сол бір бетті өңдеу бойынша әрбір келесі операция алдыңғысынан қарағанда дәлірек болатынын есте сақтау керек. Бетті өңдеудің тандалған әдісі технологиялық жабдықты, кескіш құралды, ал кейде дайындаманы орнату және бекіту тәсілін алдын-ала болжайды.

Тапсырманы анықтау, яғни оны нақтылау өңдеудің алдын-ала жоспарын құрғаннан кейін орындайды, себебі әрбір операция анықталған десек те болады.

Осы кезеңде бұл нақтылаудың мәнісі мұнда, оқытушы-кеңесшімен бірге қандай 2-3-операцияны, курстық жобаға берілген тапсырма аясында, толық әзірлеуге болатындығын шешуде.

Ескерту. Дайындаманы бір орнату кезінде орындалған және 2-3 ауысудан тұратын операцияны тиімді операция деп санаған дұрыс.

Студенттен тапсырманы нақтылағаннан кейін жобаның барлық көлемі бойынша толық анықтық болуы керек, атап айтқанда:

- қандай әр типті операцияны толық әзірлеу және олардың жөнделуін жобаның графикалық бөліміне енгізу керек;
- қандай арнайы білдектік тетік және қандай операция үшін жобалау керек;
- қандай арнайы кескіш құралды жобалау керек және оған қандай жұмыс сызбасын әзірлеу керек;
- қандай бақылау-өлшеу құралын жобалау керек және қандай параметрді өлшеуге.

Арнайы кескіш құралды немесе бақылау-өлшеу құралын таңдауда қиындық туындаса, онда тапсырманың қандай да бір бөлігін қайталау нұсқасы мүмкін, тек басқа қырынан. Мысалы, егер бақылау-өлшеу құралын анықтауға мүмкіндік болмаса, онда екінші білдектік тетік жобалауға болады, тек басқа типті.

Жұмыстың осы кезеңінде, өңдеу жоспарына экономикалық жағынан тиімді операцияны енгізу үшін қандай да бір операцияны орындаудың екі нұсқасының талдауы туралы мәселені шешу керек.

Жекелеген операциялардың орындалуын екі мүмкін болар нұсқамен салыстыруға болады:

- сыртқы бұранданы жонумен, фрезерлеумен өңдеу;
- цилиндрлі тісті доңғалақтың тістерінің профилін фрезерлеумен немесе соғумен алу;
- төлкедегі кілтекті ойықты тартумен немесе соғумен өңдеу;
- ішкі оймакілтекті соғумен немесе тартумен өңдеу;
- сыртқы цилиндрлі бетті ажарлау немесе жұқа жону арқылы таза өңдеу;
- ішкі цилиндрлі бетті ажарлау немесе күшейту арқылы таза өңдеу;
- сатылы саңылауды бұрғымен және зенкермен немесе комбинирленген құрал бұрғы-зенкермен өңдеу.

Үздік нұсқасы операцияны орындаудың технологиялық өз құнын салыстырумен бағалайды.

Өңдеу жоспарын құру және операциялар нұсқасының экономикалық талдамасы бойынша материалдар түсіндірме хатқа және графикалық бөлімнің беттеріне жазылады.

Әрбір ауысу бойынша кесу режимдерін тағайындау және осы ауысуларға кететін негізгі уақытты есептеу. Бұл кезеңді орындау алдында жоспардың бастапқы нұсқасына есептеулердің барлық нәтижелері және барлық нақтылаулар енгізілгеніне көз жеткізу керек.

Операцияларды орындаудың бірізділігі бойынша қабылданған шешімдердің дұрыстыған көз жеткізгеннен кейін термоөңдеу орнын, қылауларды тазалау бойынша қажетті орындарды, таңбалау және бақылау операциясы орнын анықтау жүргізіледі.

Одан арғы жұмыстарды келесі кезеңдер бойынша орындаған жөн:

1. Өңдеу жоспарын рәсімдеу.
2. Операция аралық әдіптерді таңдау.
3. Операциялық өлшемдерді есептеу.
4. Жалпы әдіпті нақтылау және исалыстыру.
5. Жабдықтарды таңдау.
6. Операциялық карталарды таңдау.
7. Операцияларды ауысуларға бөлу.
8. Тетіктерді таңдау.
9. Кескіш құралды таңдау.
10. Өлшеу құралы таңдау.

11. Операцияны техникалық нормалау.
12. Кесу режимдері параметрлерін таңдау.
13. Жөндеу карталарын ресімдеу.


1. Өндеу жоспарын рәсімдеу. Жұмыс дәптеріне «тілсіз» өлшемдермен (сандық мәнін көрсетпей жазылған) орындалған өндеу жоспарын А4 форматындағы қағазға сызып алу керек, сол жағынан орын қалдыра отырып, оны түсіндірме хатқа тігіп қою үшін. Бұл арада өндеу жоспарына бір жолақпен эскизсіз өз орындарына келесі операциялар жазылады: слесарлық, термиялық немесе химиялық термиялық өндеулер, гальван, бақылау және т.б.

Осыдан кейін операцияларға соңғы қорытынды нөмірлер беріледі (5, 10, 15, ...) және операцияның нақты және толық атауы беріледі. Одан кейін, келесі кезеңдерді орындауға қарай, өндеу жоспары толтырыла береді, яғни операциялық эскиздер, кесте бағандары тиісті мәліметтермен толықтырыла береді.

2. Операция аралық әдіптер. Қарапайым конфигурациялы ұсақ және орташа бөлшектердің сериялы өндірісі жағдайында дайындамалардың әрбір бетін өндеуге операциялық әдіптерді тағайындау үшін, курстық жобалауда, тәжірибелік-статистикалық әдіс қолданған жөн. Бұл жағдайда әдіптердің мәнін нормативтік кестелер бойынша белгілейді.

Бөлшекті өндеу жоспарында өндеуге жататын беттер дұрыс көрсетілгендігіне, олардың өндеудің әдісі және технологиялық базасы дұрыс таңдалғандығына көз жеткізгеннен кейін операциялық әдіптердің мәнін анықтауға кірісеміз. Қажетті шарттары – бөлшектің әрбір бетін өндеудің бірізділігі, белгіленген кедір-бұдырлығы мен дәлділігін ескере отырып, П4.4-кесте бойынша анықталған.

Тапсырманың осы бөлімін орындауды дұрыс түсіну үшін, өсі көлденең орналасқан, 1 білік бөлшегінің М сыртқы бетін үшін операция аралық әдібін таңдаудың мысалы келтірілген (8.3-сурет). 8.3-суреттен көретініміз, бұл беттің кедір-бұдырлығының параметрі $Ra < 1,25$ мкм. 7-қосымша бойынша осы бетті өндеудің бұрын белгіленген маршрут анықталады және оны өндеудің қорытынды реттілігі анықталады:



8.3-сурет. Сыртқы цилиндрлі бет үшін операция аралық әдіп

1. Бастапқы жону, бұл кезде d_1 операциялық өлшем алынып, Z_1 операциялық әдіп түсіріледі,
2. Тазалап жону (ажарлауға дайындау), бұл арада d_2 операциялық өлшем алынып, Z_2 операциялық әдіп түсіріледі
3. Соңғы қорытынды ажарлау, мұнда d_A бөлшек өлшемі алынып, Z_3 операциялық әдіп түсіріледі

Одан әріде, анықтамалық құрал ретінде, 5-қосымшада келтірілген, орта статистикалық материалды қолдана отырып, әрбір қолданылатын өңдеу әдісі үшін әдіп шамасын табамыз. Көрнекілік үшін әдіптерді графикамен кері ретпен өңделетін кезде оларды алынатынын бейнелеу керек (8.3-суретті қараңыз).

Бөлшектің әрбір өңделетін беті үшін осындай процедура жасалады.

3. Операциялық өлшемдерді есептеу. Алдымен әрбір операцияға дайындама келіп түсетіндігін, ал операциядан бөлшек шығады деп келісіп аламыз.

Айтылғандарды ескере келе, осы операцияға келіп түскен дайындаманың номиналды өлшемі мен осы операцияда алынатын номиналды операциялық өлшем арасындағы өзгешелік әдіп деп аталады.

Егер, жұмыс сызбасында көрсетілген, бөлшектің бетінің d_d өлшеміне, аталған бетті өңдеудің әрбір кезеңінде алынатын $Z_{3\max}$, $Z_{2\max}$ және $Z_{1\max}$ операциялық әдіптерді қосатын болсақ, онда осы бет үшін дайындама өлшемін аламыз $d_{\text{заг}}$ (8.3-суретті қараңыз):

$$d_{\text{заг}} = d_d + Z_{3\max} + Z_{2\max} + Z_{1\max}$$

ал егер дайындама өлшемін, бірінші операцияда алынатын $Z_{1\max}$, әдіптің шамасына азайтатын болсақ, онда, осы операция кезінде алуы керек операциялық өлшем аламыз:

$$d_1 = d_{\text{заг}} - Z_{2\text{max}}$$

Өңдеудің басқа әдістері үшін операциялық өлшемдерді (таза жону және ажарлау) осы жолмен алады:

$$d_2 = d_1 - Z_{2\text{max}}'$$

$$d_3 = d_4 = d_2 - Z_{3\text{max}}.$$

Операциялық өлшемдерге дәлсіздікті өңделетін бетінің өлшемін өңдеудің осы әдісіне сәйкес келетін өңдеу дәлдігінің қалыпты және жұмыс сызбасында көрсетілген бөлшектің өңделетін бетінің өлшеміне ше өрісін есепке ала отырып қосымшалардан табуға болады.

Мұндай ресімді барлық операциялық өлшемдерді және оларды орындау дәлдігін есептеу үшін бөлшектердің әрбір өңделетін беттері үшін жасау керек.

4. Жалпы әдіпті нақтылау және салыстыру. Өңдеуге жалпы әдіп туралы айта отырып, оның номиналды мағынасын және максималды мәнін әрбір бет үшін жеке қарауға болады.

Нақты бір бетті өңдеу үшін номиналды жалпы әдіпті осы бет бойынша дайындаманың номиналды өлшемі мен осы бет бойынша дайын бөлшектің номиналды өлшемі арасындағы айырмашылық түрінде анықтайды.

Бөлшектің нақты бір бетті өңдеу үшін максималды жалпы әдіпті осы бет бойынша дайындаманың ең үлкен өлшемі мен осы бет бойынша дайын бөлшектің минималды өлшемі арасындағы айырмашылық түрінде анықтайды.

Дайындаманы өңдеуге жалпы номиналды әдіп Z_d барлық операцияларда алынатын Z_i -, номиналды әдіптің сомасына тең немесе бастапқы дайындаманың номиналды өлшемі мен дайын бөлшектің осы бетінің номиналды өлшемі арасындағы айырмашылық ретінде анықтайды, яғни

$$Z_0 = \sum_{i=1}^n Z_i = d_{\text{заг}} - d_0 \quad (8.1)$$

мұндағы n – қарастырылатын бөлшек беттерін өңдеудің технологиялық операцияларының (ауысуларының) жалпы саны.

Операциялық өлшемдерді анықтағаннан кейін формула бойынша өңдеуге жалпы әдіп есептеледі (8.1) және олардың нормативтік мәліметтермен салыстырады, ол бұрын дайындаманы жобалау кезінде қабылданған («Дайындаманы жобалау» тарауын қараңыз).

Егер нормативтік әдіп есептіктен артық болса, онда бастапқы операциялар кезіндегі өтулер сану туралы шешім қабылдау қажет. Бұл талдауды түсіндірме хатта көрсету қажет.

5. Жабдықты таңдау. Түсіндірме хаттың осы бөлімінде әрбір операция үшін білдектер моделін анықтау қажет. Таңдалған білдектер өңдеудің белгіленген дәлділігін, дайындалатын бөлшектің бет қабатының сапасын, өңдеудің өнімділігін, операцияның минималды өзіндік құнын қамтамасыз етуі керек.

Технологиялық жабдықтарды таңдау критерийлері:

- операцияның концентрациясы деңгейі (ауысулар саны);
- габариттік өлшемдері және дайындама формасы;
- бөлшек дайындалатын материал;
- беттің талап етілетін дәлділігі мен кедір-бұдырлығы;
- экономикалық мақсаттылығы.

Жабдықты таңдау кезінде операцияны орындау кезінде жұмсалатын энергияға көңіл аудару керек. Қазіргі заманғы білдектердің тұтынатын қуаты, жылдамдық және беру диапазоны максималды габариттік өлшемдерге және дайындама массасына есептелгендігі белгілі. Сондықтан бөлшектің аталған параметрін қанағаттандыратын білдектерге басымдық берген жөн.

Мысалы, механикаландырылуы және автоматтандырылуы деңгейі бойынша жонғыш білдектің типі туралы мәселені 8.3-кестеде көрсетілген ақпараттарды ескере отырып шешуге болады, жабдықтың механикаландырылғандығы және автоматтандырылғандығына кеткен шығынды өтеу мерзімін ескере отырып.

8.3. Бөлшектердің экономикалық лайықты партиясы

Өңделетін партиядағы бөлшектер саны, дана	Жонғыш білдек тип токарного станка
Жеке-дара өндіріс	Жонғыш, әмбебап
25 және одан көп	Жонғыш-револьверлік
150... 700 және одан көп	Бір сүмбілі автомат
700 және одан көп	Көп сүмбілі автомат
Жаппай өндіріс	Арнайы білдектер

Кейбір аз өңдеуші білдектердің типі және олардың сипаттамасы 17-қосымшада көрсетілген.

6. Операциялық картаны толтыру. Операциялық картаны кәсіпорында, тәжірибе базасында немесе білім мекемесінде белгіленген 4 әр типті операцияларға толтырады.

Операциялық картаға өңдеу жоспарынан әзірлеуге жоспарланған операцияның эскизі жазылады. Масштабы барлық өлшемдер және басқа да шартты белгілері жақсы көрінетіндей етіп таңдалады.

Аталған операцияда өңделетін беттерді қалыңдатылған сызықпен немесе басқа түспен белгілейді. Шартты белгілермен дайындаманы орнату және оны бекіту тәсілін көрсетеді (П4.8-кесте).

Осы операцияда алынған кедір-бұдырлығының параметрі қабылданған шартты белгілермен белгілейді. Талап етілетін кедір-бұдырлығының жалпы белгісі жоғарғы оң жақ бұрышқа белгілейді, ал егер басқа беттерде кедір-бұдырлығының параметрі басқа болатын болса, онда олардың тікелей өңделетін беттерге немесе осы беттер бойынша шығыңқы сызықтарға жазады.

Операциялық картаның екі бетіндегі де ұяшықтар толтырылуы керек. Бұл ұяшықтардың бір бөлігі осы кезеңде толтырылады, ал қалғаны есептер нәтижесін алған кезде толтырылады.

7. Операцияларды ауысуларға бөлу. Ауысу — бұл, білдек жұмысының режимін өзгертпей бір немесе бір мезетте бірнеше кескіш құралмен бір немесе бір мезетте бірнеше бетті жасау үшін орындалатын технологиялық операцияның аяқталған бөлігі.

Бұдан шығатыны, өнімділікті артыру үшін бірнеше қарапайым ауысуларды бір күрделі ауысуға біріктіруге болады, ол уақытта бір мезетте бірнеше бет өңделеді. Осы тәсілмен операция орындалатын уақытты да реттеуге болады.

Операцияларды ауысуларға бөле отырып, олардың атауын «Ауысулар атауы» бағанасына қарындашпен жазады. , себебі операцияны нормалағаннан кейін нақты жазу үшін. Операциялық картаның келесі бағандарын нақты жазады:

- «Өңдеу өлшемдері»;
- «Өңдеуге әдіп»;
- «Ауысу саны».

8. Тетіктерді таңдау. Шынында, қолданылатын тетіктердің жақсы нұсқасы әмбебап тетіктер болады. Бірақ бұл арада ең бастысы бөлшек бетінің өзара өзара қалпының талап етілетін дәлділігін қамтамасыз ету. Егер әмбебап тетіктер талап етілетін дәлділікті қамтамасыз етпесе, онда арнайы тетіктерді таңдау керек.

Жабдықты таңдау кезінде келесіні басшылыққа алады:

- ұсақ сериялы өндірісте әмбебап және әмбебап-құрама тетіктерді (ӘҚТ) пайдаланған жөн;
- сериялы өндірісте арнайы жабдықтарды қолданған жөн;
- жаппай өндіріс кезінде арнайы автоматтандырылған тетіктерді пайдаланған дұрыс.

Фиништік операциялар үшін жабдық таңдаған кезде жоғары дәлдікті тетіктерге көңіл аудару қажет, мысалы, бөлінбейтін цанга, гидропластмассалы тетік, конустылығы аз центрлі құралбілік.

Талдалған тетіктің атауы операциялық картаға «Тетіктер» бағанына жазылады, мысалы *«Цангалы қысқыш», «Цилиндрлі жақтау», «Үшжұдырықшалы қысқыш»*.

9. Кескіш құралды таңдау. Таңдалатын кескіш құрал ең аз машиналық уақытты, өңдеудің аз құнын және кесуге ең аз күш жұмсауды қамтамасыз етуі керек. Бұл құралдардың кескіш бөлігі тозуға төзімді болуы және жоғары өнімді өңдеуді қамтамасыз етуі қажет. Бұл талаптарды қатты қорытпалар, болаттың кобальтты және ванадийлі маркалы болат немесе қатты қорытпалы материалдар қанағаттандырады. Мүмкін болған жағдайда құрамдастырылған кескіш құралдар қолданған жөн, мысалы бұрғы-зенкер, құрамдастырылған зенкер, бұл операциядағы ауысу санын азайтады.

Таңдалған кескіш құрал «Кескіш құрал» бағанына жазылады, мысалы, *«Өтпелі кескіш», «Спиральды бұрғы 012,5», «Құрамдастырылған арнайы зенкер»*.

10. Өлшеу құралын таңдау. Әрбір өлшеу құралы белгілі бір метрологиялық сипаттамаға ие, ал бөлшектің әрбір параметрі өлшеудің белгілі бір дәлділігін талап етеді. Өлшеу құралын таңдау – бұл, біріншіден өлшенетін параметрдің дәлділігін өлшеу құралының дәлділігімен келісу дегенді білдіреді. Өлшегіш құралдың дәлділігі өлшенетін параметрдің дәлділігінен жоғары болуы керек. Өлшегіш құралдың бөлудің мөлшеріне, өлшеу шегіне, өлшеу дәлсіздігінің сыртқы жағдайларға тәуелділігіне, сонымен қатар өлшеу құралының құнына көңіл аудару қажет.

Себебі, механикалық өңдеу кезінде негізгі өлшеу параметрі болатыны геометриялық параметр болғандықтан, ендеше оларды өлшеу үшін штангенқұрал, индикаторлық аспаптар, жұмсақ және бұрандалы микрометрлер, иіңтіректі тоғын, миллиметрлер жиі қолданылады.

Өлшегіш құрал талдалғаннан кейін оның атауы операциялық картаға мына бағанға жазылады *«Өлшегіш құрал», мысалы, «Микрометр 0-25», «Арнайы шаблон», «Шектік калибр 0 22,5»*.

11. Операцияны техникалық нормалау. Техникалық негізделген уақы нормасы — бұл аталған өндіріс үшін жайлы жағдайда технологиялық

операциялар орындау уақыты. Бұл уақытты жұмысшы еңбегін және әрекеттегі жабдықтың мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануды, қолда бар жабдықтарды және техниканың соңғы жетістіктерін жәгне алдыңғы қатарлы өндірістік тәжіибені ескере отырып есептеп шығарады.

Негізделген уақыт нормасын жұмысшылардың еңбекақысын есептеу, жабдықтың қажет санын және жұмыс күшінің қажеттілігін анықтау, сонымен қатар өндіріс учаскесінің немесе цехтың жұмысын жоспарлау үшін пайдаланады.

Автоматтандырылмаған өндіріс үшін даналық уақыт, бір жұмыс орнында, бөлшек дайындау бойынша технологиялық операция орындау үшін жұмсалған күнтізбелік күнді білдіреді. Ол келесі формуламен анықталады

$$T_{шт} = T_o + T_v + T_{орг} + T_m + T_{ш} \quad (8.2)$$

мұндағы T_o — негізгі (машиналық) уақыт; T_v — қосалқы уақыт; $T_{орг}$ — ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты; T_t — техникалық қызмет көрсету уақыты; T_n — жұмыстағы үзілістер уақыты.

Негізгі уақытты жұмысшы өңдеудің берілген дәлділігін және бет қабатының сапасын алу үшін тікелей дайындаманың формасын және өлшемін өзгертуге жұмсайды.

Құрастыру операцияларында бұл уақыт құрастырылатын бөлшектердің талап етілетін өзара қалпын тудыруға, олардың өзара қалпының дәлділігін қамтамасыз етуге, содан соң бақылау және басқа құрастыру параметрлерінің дәлділігін қамтамасыз етуге жұмсалады.

Берілген өлшемге келтірілген кесетін құралды механикалық өңдеу кезінде негізгі уақыт келесі формула бойынша әрбір ауысуды (қарапайым немесе күрделі) анықтайды

$$T_o = L_p / S_{мин} = (L_{впр} + L + L_{вых}) i / (n S_{об} a) \quad (8.3)$$

мұндағы L_p — өңдеудің есептеу ұзындығы (кесетін құралдың ауысуы), мм; $S_{мин}$ — кесетін құралдың минуттық берілісі, мм/мин; $L_{впр}$ — кесетін құралдың кесу шамасы, мм; L — өңделетін беттерінің ұзындығы, мм; $L_{вых}$ — кесетін құралдың шығу (жүру) ұзындығы, мм; i — осы технологиялық ауысудағы өтулер саны; n — білдек (фреза) айналдырғысының айналу жиілігі, мин; $S_{об}$ — дайындаманың (фрезаның) бір айналымына кесетін құралдың берілісі, мм/айн; a — бір уақытта өңделетін бөлшектер саны.

$L_{впр}$, L , $L_{вых}$ параметрлерін, өңдеудің бұрын таңдалған әдісімен, аталған бетті өңдеудің геометриялық талдауы нәтижесінде анықтайды (8.4-сурет).

Дайындаманың кедір-бұдырланған алдыңғы центрімен ортаға


орнатылған көлденең беріс әдісімен жону кезінде (8.4, а-сурет), саңылауды тесе бұрғылау кезінде (8.4, б-сурет), ойықты фрезерлеу немесе жазықтықты цилиндрлі фрезерлеу кезінде (8.4, в-сурет), В ені жазықтықты қажақтаспен бұрғылау кезінде (8.4, г-сурет) есептік ұзындықты L Келесі формула бойынша анықтайды

$$L_p = L_p + L + L_{вых}. \quad (8.3)$$

Бұрғылау кезінде (8.4, б-суретті қараңыз) бұрғылау шамасын мына формуламен анықтайды

$$L_{вр} = 0,3d_c,$$

мұндағы d_c — бұрғы диаметрі.



